

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**СӨЙЛЕУ ТІЛІ ОНТОГЕНЕЗИ БАРЫСЫНДА
АНА ТІЛІНІҢ ТІЛДІК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Әдістемелік ұсынымдар

Алматы 2020

УДК 80/81:373
ББК 81.2:74.262
С 73

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған (2020 жылдың қазан айының 1-дегі № 27 хаттама).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім беру Комитеті қолдануға ұсынған (14.01.2021-ғы №18-2/19 шығыс хаты).

Рецензенттер:

Оразасва Г.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Педагогика және психология жоғары мектебінің деканы м.а.

Жомартова Ж.М. – педагогика магистрі, АИБД ҰҒПО-ның әдіскері

Құрастырушы-авторлар:

Тасжурекова Ж.Т. – АИБД ҰҒПО-ның Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру зертханасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент,

Сейсенова А.Д. – аға ғылыми қызметкер, филол.ғ.к., доцент,

Ибатова Г.Б. – аға ғылыми қызметкер, педагогика магистрі,

Оспанова А.С. – аға ғылыми қызметкер, дефектология магистрі.

Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері/құраст.: Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2020. – 74 б.

ISBN 978-601-08-0156-1

Әдістемелік ұсынымдарда ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезінің дамуы, баланың жас ерекшелігіне сәйкес сөйлеу тілінің әртүрлі жақтарының (фонетика, сөздік қоры, грамматикалық құрылымы және байланыстырып сөйлеуі) ерекшеліктері сипатталған.

Аталмыш әдістемелік ұсынымдар практикалық қызметкерлердің жұмыстарына, студенттер мен магистранттарға әртүрлі жастағы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тіліне қатысты зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізуде таптырмас құрал болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі мекемелердің әдіскерлері мен тәрбиешілері, психологтары мен ата-аналары, баланың сөйлеу тілінің дамуы мен, белсенділігіне мүдделі барлық тұлғаларға пайдалы болады деген сенімдеміз.

УДК 80/81:373
ББК 81.2:74.262

ISBN 978-601-08-0156-1

©АИБД ҰҒПО, 2020,

© Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С., 2020.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезінің ерекшеліктері.....	6
2. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық ерекшеліктері	11
2.1. Алты ай-екі жасқа дейінгі баланың дыбыс айтуының қалыптасу ерекшеліктері.....	12
2.2. Екі-төрт жастағы баланың дыбыс айтуының дамуы	14
2.3. Төрт-алты жастағы баланың дыбыс айтуының ерекшеліктері	16
2.4. Ерте және мектепке дейінгі жастағы баланың фонематикалық естуі.....	19
3. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорының ерекшеліктері	22
3.1. Алты ай-екі жастағы баланың сөздік қорының қалыптасуы	22
3.2. Екі-төрт жастағы баланың сөздік қорының даму ерекшеліктері.....	24
3.3. Төрт-алты жастағы баланың сөздік қоры	28
4. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасу ерекшеліктері.....	32
4.1. Ерте жастағы баланың сөйлеу тілінде грамматикалық бірліктердің пайда болу кезеңдері	35
4.2. Екі-төрт жастағы баланың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасу ерекшеліктері	40
4.3. Төрт-алты жастағы баланың сөйлеу тіліндегі грамматикалық жүйе.....	42
5. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің ерекшеліктері	46
5.1. Екі жасқа дейінгі баланың байланыстырып сөйлеуінің алғы шарттары.....	46
5.2. Екі-төрт жастағы баланың байланыстырып сөйлеуінің қалыптасуы.....	51
5.3. Төрт-алты жастағы баланың байланыстырып сөйлеу тілінің ерекшеліктері.....	58
ҚОРЫТЫНДЫ.....	66
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	71

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі — балаларды ана тілінде тәрбиелеу мен ана тілін үйретуді ерте жастан қолға алу. Кез-келген ұлттың болашағы ана тілін дамыту мәселелерінің сәтті шешілуімен тікелей байланысты. Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Ұлт қай тілде сөйлесе, сол тілде ойлайды. Осындай міндеттерге қатысты бірқатар зерттеу жұмыстары «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығында» 2019 жылдан бастап жүргізіле бастады. Осыған орай Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру зертханасының ғылыми қызметкерлері ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілінің даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттеу бағытында белсенді жұмыстар жүргізді. 2020 жылға жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмысы ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің компоненттері осы жастағы балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық жағы және лексикалық, грамматикалық бірліктердің қалыптасуын анықтауға алғышарт ретінде эксперименттік зерттеуге мүмкіндік тудырды. Авторлар онтогенез барысында ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілін меңгеру үдерісін зерттеудің тиімді жолдарын анықтады.

Сондай-ақ, баланың сөйлеу тіліндегі тілдік құбылыстар аспектісінде және онтолингвистикалық зерттеулер туралы ғылыми көзқарастарды қарастырды. Авторлық құрам дайындаған әдістемелік ұсынымдар ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу мәселесіне арналған.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері, дыбыс айтуының дамуы, фонематикалық естуі, сөздік қорының ерекшеліктері, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы, байланыстырып сөйлеу тілінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырылды.

Ғылыми еңбекте «Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты негізгі тәжірибе жұмысы бойынша мәліметтер алу бойынша қазақ тілді балабақша жағдайында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

2020 жылғы зерттеулер барысында Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалалары мен Алматы, Қызылорда және Түркістан облыстарының бірқатар елді мекендерінде ерте жастағы балалардың ата-аналарымен жүргізілді. Онымен қоса зерттеу базасы ретінде Талдықорған қаласындағы қазақ тілді № 3 «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы МҚҚК-ы (тәжірибеге

2 жастан 4 жасқа дейінгі балалар және жеке бақылауларын күнделіктерге енгізу жазбаларын жасауға ниет танытқан олардың ата-аналары қатысты), Тараз қаласының Білім бөлімінің № 30 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МҚКК-ы (тәжірибеге қазақ тілді 4 жастан 6 жасқа дейінгі балалар қатысты).

Кіріспеде зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығына қатысты мәселелер айтылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ғалымдарының сөйлеу тілі онтогенезін зерттеу тарихына шолу жасалды.

Бірінші тарауда ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерінің өзектілігі туралы айтылды. Екінші тарауда ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінде дыбыс айтуының дамуына қатысты зерттеулер дыбыс айтуының, дыбыстарды фонематикалық естуіндегі ерекшеліктері анықталды. Үшінші тарауда балалардың сөздің қоры, сөйлеу тілінің лексикалық жағының ерекшеліктерін зерттеу, сөздің мағынасын түсіну мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры және оны байыту мәселелеріне негізгі тексеру әдістері қолданылды.

Төртінші тарауда ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы қарастырылды. Бесінші тарауда мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің ерекшеліктері мен дамыту мәселелері бойынша эксперименттік зерттеу мәліметтері көрсетілді. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың онтогенез барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер ұсынылып, қосымша берілді. Аталмыш әдістемелік ұсынымдар «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, психологиялық-педагогикалық қолдау, әлеуметтік оңалтуды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету» тақырыбы негізінде 2019-2021 жылдарға арналған арнайы білім беру саласындағы «Ғылымның дамуы» атты 217 бюджеттік бағдарламасы бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер аумағында (Бағдарламаның мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар тіркеу тізіліміне енгізілгені туралы куәлік, шифры О.0923) дайындалды. Жоғарыда көрсетілген тақырыпқа сәйкес зертхананың ғылыми қызметкерлері ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасуына қатысты мәселелерді зерттеуге белсенді араласуды. Аталмыш әдістемелік ұсынымдарды мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілінің тілдік жүйесін анықтау және дамыту бойынша практикалық қызметкерлер, студенттер, магистранттар және докторанттар көмекші құрал ретінде қолдана алады.

Әдістемелік ұсынымдар баланың сөйлеу белсенділігін арттыруға мүдделі мектепке дейінгі мекемелердің әдіскерлері мен тәрбиешілері, психологтар және ата-аналарға пайдалы.

1. ЕРТЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ОНТОГЕНЕЗИНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бала тілін қарастыру – ана тілімізді зерттеушілердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашып көрсететін зерттеудің ерекше саласы. Ана тілінің қоғамдағы рөлі мен оның, тілдік жүйесінің қалыптасуы лингвистикалық мәдениеттің жарқын көрінісі. Бала дамуының белгілі бір кезеңінде қарым-қатынас барысында пайда болатын сөйлеу тілі бірліктерінің дүниеге келуі, олардың ерекшеліктері мен қызметтері зерттеуге лайықты мәселе болып табылады.

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың қазақ (ана) тілдің жүйесін қалыптастыру мәселесін көтергенде мемлекеттік тілді талапқа сай күшейтілген түрде оқыту үшін ең алдымен баланы ана тілінде ерте жастан тәрбиелеу керектігі сөз болған. Қандай жағдайда болмасын елдің болашағы ана тілін дамыту мәселелерінің сәтті шешілуімен тікелей байланысты.

Кез-келген халықтың тілі оның баға жетпес байлығы, рухани мұрасы. Қазақстанда көп тілді білім берудегі үрдіске көңіл бөлуде ең алдымен мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың ана тілін дамыту бірінші орында тұру керек. Қазіргі уақытта ана тілінің дамуы мен таралуына белсенді атсалысу көп тілді білім беруді қолдау мақсатында ғана емес, сондай-ақ еліміздің ертеңі мен болашағын, онтолингвистикалық және мәдени дәстүрлерін толық түсіну үшін де ауадай қажет.

Қазіргі қазақ балаларының ана тілінде сөйлеуі және тілінің жетік болуы көптеген мәселелерге байланысты. Біздің қазақ тілді балалардың сөйлеу онтогенезін зерттеу жұмысын жүргізуге бірнеше жағдайлар түрткі болды. Солардың ішінде қалыпты жағдайдағы баланың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін және тілінің даму сатыларын білмей сөйлеу тіліндегі бұзылыстары немесе басқа да кемшіліктері бар қазақ тілді баланың қандай жағдайда отырғанын байқап білу мүмкін емес деген ой біраз ғылыми ізденістерге түрткі болды.

Балалардың сөйлеу онтогенезі барысында сөйлеу тілінің тілдік жүйесінің компоненттерін оның қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерді зерттеу мәселесінің маңыздылығы осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасында осы бағытта толық ғылыми зерттеулер жеткіліксіз жүргізілгендігімен де байланысты.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет ғалым Т.Т. Аяпованың еңбегінде синтаксистік семантика тұрғысынан, яғни бір сөзді сөйлемнен бастап, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдер деңгейінде қарастырылған [1]. Бұл мәселе ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, экспериментті қажет ететін күрделі тіл білімі мәселелерінің бірі болғандықтан біз өз кезегімізде сөйлеу онтогенезін қалыпты жағдайда балалар негізінде жалпы тіл білімі, психолінгвистика, жалпы педагогика мен психология, арнайы педагогика т.б. салаларға мол материал беретін тақырып ретінде зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Сондай-ақ сөйлеу әрекетінің онтогенезін зерттеу барысында бірқатар отандық ғалымдар (Аяпова Т.Т., Баймұратова Б.Б., Аралбаева Р.К., Бакраденова А.Б., Метербаева К.М., Өмірбекова Қ.Қ., Сейсенова А.Д., Ибагова Г.Б., Тулебиева Г.Н., Есенжолова Г.Ж.) мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің компоненттерінің дамуы мен қалыптасу мәселелеріне қатысты ғылыми тұрғыда өз зерттеулерін ұсынған [1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8].

Атап айтсақ, Баймұратова Б.Б. ерте мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту ерекшеліктерін қарастырып, қазақ балабақшаларындағы 3-5 жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдысын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтады[2]. Аралбаева Р.К. мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтап, олардың сөздік қорын қарастырып, мектеп жасына дейінгі балалар сөздігінің қалыптасу көрсеткіштерін әзірледі [3] Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту мәселесін зерттеді[4]. Метербаева К.М. Қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың (5-7 жас) байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға үлес қосқан. Яғни баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың қазіргі жағдайы мен педагогикалық мүмкіндіктерін анықтады. Қоршаған дүниемен таныстыру арқылы баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың моделі ұсынылып, өлшемдері мен көрсеткіштері, тиімді әдіс-тәсілдерін көрсетті[5]. Баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың әдістемелік нұсқауы жасалды. Соңғы жылдары Өмірбекова Қ.Қ., Ибагова Г.Б., Тулебиева Г.Н., мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалар арасында қалыпты балалардың сөйлеу тілі мен тіл компоненттерінің әртүрлі бұзылыстары бар балаларды салыстыра зерттеуде өнімді жұмыстар атқаруда [6].

Тулебиева Г.Н. Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға қатысты ғылыми зерттеулері бар [7]. Есенжолова Г.Ж. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша зерттеу жұмыстарын ұсынды.

Ғылыми зерттеулерге қатысты мәселелерді шешетін, яғни баланың қазақ тілін меңгеру үдерісін зерделеу әдістерін жетілдіретін уақыт жетті. Біздің ойымызша, ең құнды ақпараттар — сөйлеу тілінің дамуы бойынша ата-аналардың өз балаларының күнделікті тұрмыстық жағдайдағы іс-әрекеттерін бақылауынан алынған нәтижелері [8].

Сөйлеу тілі психикалық қызмет болғандықтан басқа да қызметтердің әсерін сезіне отыра және өз кезегінде олардың қалыптасуына әсер ете отыра өзінің қалыптасуының ретті кезеңдерін өткереді. Сөйлеу тілінің онтогенезде дамуында төмендегідей 2 кезең белгіленеді: сөйлеу тіліне (сөзге) дейінгі және вербалды сөйлеу тілі. Сөйлеу тіліне дейінгі кезең туылғаннан 1 жасқа дейін болады. Сөйлеу тілінің осы кезеңін шартты түрде 1 жастан 3 жасқа дейін деп белгілейді. Үш жасқа таман сөйлеу тілінің барлық негізгі компоненттерінің (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, байланыстыра сөйлеу тілі) қалыптасуы аяқталады, бірақ бұл тұжырым сөйлеу тілінің дамуы осы жаста аяқталады дегенді білдірмейді. Сөйлеу тілі балалық шақтың барлық кезеңдерінде дамып, толығы түседі. Үш жасқа таяу сөйлеу тілінің аяқталуын оның дамуына жауап беретін негізгі ми құрылымдарының қалыптасуының аяқталуымен байланыстырады.

Баланың сөйлеу тіліне (сөзге) дейінгі және вербалды сөйлеу тілінің дамуы психикалық тұрғыдан жетілудің өзге жақтарының (моторлы, эмоционалды, танымдық және әлеуметтік-коммуникативтік) дамуымен тығыз байланыста болады. Психикалық дамудың барлық жақтары өзара байланыста және өзара тәуелді екені мәлім, сондықтан баланың сөйлеу тіліне дейінгі және сөйлеу тілінің дамуын негізгі психикалық дамудан тыс қарастыруға болмайды. Артикуляция мүшелерінің орны, дене мен қол-аяқтардың қимылын көрсететін кинестетикалық сезімдер де сөйлеу тілінің даму үдерісі барысында ерекше маңызды.

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезінің ерекшеліктеріне қатысты мәліметтерді сараптай келе, келесідей сипаттамаларға назар аудару керек:

Ерте жаста баланың алғашқы сөйлеу тілі дағдыларының даму үдерісі жетіле бастайды. 2 жасында қалыпты баланың сөздік қоры қарқынды дамып, шамамен 200–400 сөзге жетеді. Кейбір балалар сөздерді дұрыс айтпайды, сөздердегі дыбыстарды басқа дыбыстармен алмастырады, сөздерді бұрмалайды немесе мүлдем түсініксіз сөйлейді. Сөздік қорының қарқынды дамуы балаға әр сөздің айтылуын нақтылауға мүмкіндік бермейді. Егер баланың жасы неғұрлым кіші болса, соғұрлым өзінің дыбыс айтуын талдау мүмкіндігі көбірек болады. Балалардың сөйлеу тілі мазмұны жағынан қызықты, ересек адамдарды интонациялары мен жеткізу мәнерлігі арқылы баурайды, алайда жеке дыбыстарды айтуда бұзылыстар кездеседі, олар өздері оны байқамайды. Бұл кезеңдерде қоршаған ортада тілдік қарым-қатынасқа бейім, басқа адамдардың сөйлеу тіліне назар аударуға қабілетті,

ересек адамдардың сөзін есте сақтауы, сөздерді айта алуы мен дыбыс айтуға еліктеу мүмкіндігі жоғары болады. 2 жастан 3 жасқа дейінгі кезеңде бала сөздік қорын белсенді толықтырады, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын игерумен сипатталады. Бұл кезеңдерде сөздік қоры көбейіп, қатар дыбыстарды да игере бастайды және кейбір жағдайда бұрмаланған түрде болса да балалар үлкен адамдарша сөйлеуді қызық көреді. Ерте онтогенезде баланың тыныс алуы, дауысының күші мен қарқыны дамиды, дыбыстардың артикуляциясы нақтыланады. Үш жасында баланың сөздік қоры жеткілікті мөлшерге ие, сөйлесу кезінде түрлі-түрлі фразаларды қолданады.

3-4 жастағы балада диалогтық сөйлеу тілі қалыптасады. Бала өздігінен ертегілер мен әңгімелерді құрастыра бастайды. Ойыншықтар мен суреттерге қатысты барлық сұрақтарға жауап береді. 4-5 жастағы балалар әдеби шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, жеке әсерлерін өз сөздерімен жеткізе алады.

4-5 жастағы балалардың сөйлеу тілін сипаттай отырып, келесідей ерекшеліктерге назар аудару керек:

Бұл кездерде жас ерекшелігіне сай дыбыстарды қабылдауы және айту білу қабілеті жақсарады: дауыссыз дыбыстарды жұмсартып айтуы кетіп; көптеген дыбыстарды айтуы дұрыс әрі нақты болады; Т және Д дыбыстарын шатастырмай айтатын болады. Ызың және ысқырық дыбыстарды алмастырып айтуы жойылып; ызың ш, ж, ч, щ дыбыстары ысқырық с, з, ц дыбыстарына ауыстыруы жоғалады.

Кейбір балаларда жеке дыбыстарды айтуы әлі қалыптаспауы мүмкін мұндай кезде бала ызың дыбыстарды жеткілікті деңгейде анық айтпайды. барлық балаларда л, р дыбыстарын анық айтуы қалыптаспаған.

4 жасында балалардың белсенді және енжар сөздік қорының көбейеді. 3 жасқа қарай сөздік қоры, әдетте 800 - 1000 сөзге дейін артады, сөздер дәлірек мағынаға ие болады. Бала өзі көп сөйлейді, қысқа өлендер, әңгімелер, ертегілерді тыңдағанды ұнатады, оларды есте сақтайды және айттып бере алады. Осы жастағы балаларда ұзақ сөздер мен бейтаныс сөздердің айтылуында біршама бұзып айту кездеседі. Сөздегі дыбыстардың орнын ауыстырып айту, дауыссыз дыбыстарды біріктіру кезінде оларды өткізіп жіберу, дауыссыз дыбыстар қатар келгендегі бір дауыссызды тастап кетуі орын алады.

5 жасында баланың белсенді сөздік қоры 1900-2000 сөзге жетеді. Балалардың сөйлеуінде дыбыстардың орнын ауыстыру, дыбысты тастап кету кемшіліктері жойылады өзара ұқсас сөздер пайда болады.

Балалар бірнеше сөзден тұратын қысқа фразалармен сөйлейді (көбінесе 3-4). Бірте-бірте фразалары күрделене түседі. Осы жастағы балаларда фразалық сөйлеу тіліндегі бірқатар кемшіліктерін атап өтуге болады:

Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібінің бұзылуы, сөздерді үйлес-

тірудегі қателер. 4-5 жастағы балалар күрделі және кең таралған сөз тіркестерін қолданады. Байланыстырып сөйлеу тілі үйлесімді болады.

5-6 жастағы балалар басқа балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін және сөйлеу тіліндегі кейбір кемшіліктерін байқай алады. Бұл кезеңде балалар әдетте ана тіліне тән барлық дыбыстарды дұрыс қабылдауға және айтуға дайын. Дыбыс айтуда аздаған кемшіліктер кездеседі. Балалардың сөйлеу тілінде дыбыстарды ауыстырумен қатар күрделі фонетикалық құрылымы бар сөздерде қалыптасқан дыбыстарды тұрақсыз қолдану байқалады. Дұрыс сөйлеу ережесіне сай қандайда бір органикалық кемшіліктер болмаған жағдайда, 6-7 жастағы балалар ана тілінің барлық дыбыстарын игеріп, оларды сөйлеу тілінде дұрыс қолдана алады.

5-6 жастағы баланың сөздік қоры 2500-3000 сөзге дейін артады. Белсенді сөздік қорында жалпылама сөздер пайда болады, балалар қоршаған ортада бар әртүрлі құбылыстарды дұрыс атай алады. Сөздерді қолдану барысында оларды айта алуы жақсарады. 6 жасында баланың сөйлеу тілінде буындар мен дыбыстардың ауысуы бойынша кемшіліктер болмайды. Бұл жастағы балаларға тән ерекшелік — кейбір дыбыстық құрамы қиын, таныс емес сөздерді бұзып айтуы. 6-7 жастағы баланың сөздік қорында сөздер шамамен 3000-3500 дейін жетеді. Сөздік қорының көптігіне қарамастан оларды қолдануы бірқатар ерекшеліктермен сипатталады: белсенді және енжар сөздік қоры арасындағы айырмашылық, сөздерді дұрыс қолданбау орын алады.

5-6 жастағы балалар қарапайым сөйлемдерді құрастыра алумен қатар күрделі сөйлемдерді де құрастырады. Фразаны айту кезінде бала сөйлеу тілінің барлық негізгі бөліктерін қолданады. 6-7 жастағы бала сөздердің өзгеруі және олардың сөйлемдерге қосылуының негізгі заңдылықтарын үйренеді. 5-6 жастағы бала ертегілер мен қысқа әңгімелерді қайталайды және сурет бойынша әңгіме құрастыра алады (сериялы суреттер бойынша). Сондай-ақ 6-7 жастағы баланың диалогтік сөйлеуі жақсы дамыған және монологтық сөйлеуі қалыптаса бастайды. Бала өз қателіктеріне сыни көзқараспен қарайды, ой-тұжырымдарын дәл және дұрыс айтуға ұмтылады. Сөйлеу тілінде күрделі сөйлемдерді қолданады.

Осылайша мектепке дейінгі жаста бала сөздердің дұрыс дыбысталуын игереді және оны дұрыс әрі нақты айтады, сөздік қоры дамыған, грамматикалық тұрғыдан жетілген; яғни әртүрлі сөйлемдерді құрастыра алатын, сөздердің өзгеруі бойынша көптік жалғауының жалғануы, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларының қолдану реттілігі, етістіктердің дұрыс жасалу формасын меңгерген; диалогтық және монологтық сөйлеу тілін еркін қолдана алатын, болған оқиғалар туралы баяндай алатын, ертегілер мен әңгімелерді мазмұнындай алатын, айналадағы заттарды сурет бойынша сипаттай алатын, қоршаған орта туралы түсінігі қалыптасқан мектеп бағдарламасын сәтті игеруге дайын болады.

2. ЕРТЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Балаланың сөйлеу тілінің дамуы белгілі бір заңдылыққа бағынатындығы баршаға мәлім. Өмір жағдайлары мен бала тәрбиесі оның дамуына жағымды әсер етуі де мүмкін, әлде керісінше тежеуі де мүмкін. Баланың сөйлеу тілі аппараты қалыптасып туғаныменен, ол бірден сөйлей алмайды, себебі ерте жаста оның бүкіл жүйке жүйесінің және сөйлеу орталығының толық дамып жетілмеуі бар; ол өзінің артикуляциялық аппарат мүшелерін пайдалану дағдысын меңгермеген; онда айтуға қажетті ақпарат жоқ, ол ақпарат мазмұнын әлі де жинақтау қажет. Осының барлығын ескере отырып, баланың жетілуіне және дамуына ықпал жасау қажет екендігі айдан анық.

Бала сөзді меңгергенге дейін дайындық кезеңінен өтеді, ал оның сөйлеу тілінің дамуындағы маңызы зор. Өмірінің алғашқы күнінен бастап бала өзінің артикуляциялық аппаратын жаттықтыра бастайды. Бұл әлі сөйлеу тілі болып табылмайтын, тек қана рефлекторлық деңгейдегі дыбыстарды белгілеу, дыбыс шығару т.с.с. әрекеттер. Дегенмен олар сөйлеу тілінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Дыбыстарды ырықсыз айта отыра, бала оларды бір мезгілде естиді және өзінің сөйлеу аппаратын машықтандырып, ақырындап дыбыстауды үйренеді. Сөйлеу тілінің фонетикалық жағының дамуында баланың күнделікті еститін сөйлеу тілінің маңызы зор.

Зерттеушілер бала тілінің пайда болуы мен қалыптасуында түрлі кезеңдерді белгілейді. Ғалым А.Н. Гвоздев баланың сөйлеу тілінде фонетикалық бірліктер, түрлі сөз таптары, грамматикалық категориялардың пайда болуына қарай сөйлеу тілінің даму кезеңдерін анықтаса [9, 10, 11], ал зерттеуші Г.Л. Розенгард-Пупко баланың сөйлеу тілі тұрғысынан дамуында екі кезеңді белгілейді: дайындық (2 жасқа дейін) және сөйлеу тілінің өздігінен пайда болуы.

Сөйлеу тілінің құрылымдық компоненттерінің қалыптасу тұрғысынан сөйлеу тілінің дамуында төмендегі кезеңдер мен мерзімдер белгіленеді:

I-кезең фонемаға дейінгі деп аталады (0-ден 1жасқа дейін). Бала өзіне қарата айтылған сөздерді дыбыстауы бойынша ажырата алмайды. Нәресте үшін мағыналық мәнге сөздің ритмикалық-интонациялық құрылымы ие.

II-кезең фонемалық сөйлеу деп аталады (бір жастан кейін), ол сөздің дыбыстық құрылымын қабылдау және ажыратуға негізделген. Сөйлеу тілінің қалыптасуындағы осы кезеңде төмендегілерді ажыратады:

1-шақ: грамматикаға дейінгі грамматикалық (морфологиялық) амалдарды қолданбайтын, бір құрамды сөйлемдер кезеңі (1-2 жас).

2-шақ: сөйлемнің грамматикалық құрылымын меңгеру кезеңі (2-3 жас).

3-шақ: көмекші сөздерді меңгеру (3-4 жас).

4-шақ: сөздің морфологиялық құрылымын меңгеру (4-5 жас).

2.1. Алты ай-екі жасқа дейінгі баланың дыбыс айтуының қалыптасу ерекшеліктері

Ерте жас – бұл сөйлеу тілінің қарқынды даму кезеңі. Бала ана тілін игеру кезінде айтарлықтай табыстарға жетеді, ол тілдің фонологиялық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жақтарын меңгереді, жазу мен оқу дағдыларын қалыптастырады.

Сөйлеу тілінің дыбыстық (фонетикалық) жағын тексергенде төмендегілер анықталады:

- фонематикалық қабылдауы;
- дыбыс айтуы;
- сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлілігі.

Баланың дауыстауы арқылы берілетін белгілердің дамуының өзіне тән ерекшелігі бар. Сәбидің дауыстауынан туындаған төмендегідей белгілер баланың өз ортасымен қарым-қатынасқа түсуінің бірден бір құралы екенін байқатады: баланың дауыс ырғағының төмендеуі, яғни қасындағы адамға бірдеңе жасауды мақұлдатуы және талап қоюы; баланың дауыс ырғағының көтеріліп айтылуы – қалауы не өтініші; баланың бетін тыржытып, басын шайқап айқайлауы – келіспеуі; баланың дауысының бәсеңдеп, мүлде үндемей қалуы – келісіп мақұлдауы/немесе келіспеуі де мүмкін деп қазақстандық ғалым Т.Т. Аяпова [1, 13] тұжырымдаған.

Р. Якобсон тілдік жүйенің фонетика деңгейіндегі құрылымдарының қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты бала былдырлау кезеңінде түрлі дыбыстарды шығаратынын белгілеп, ал «бірнеше сөз» кезеңіне өткенде барлық дауысты және дауыссыз дыбыстар өздігінен жоқ болатынын көрсеткен [14].

В. Штерн бала тіліндегі алғашқы сөздер былдырлау кезеңіне тән дыбыстық формаларға ұқсайтынын атаған [15:78]. Демек, сәбидің былдырынан алғашқы сөздер туындап, олар бірнеше айға дейін сол қалпында болатыны зерттеушілер тарапынан дәлелді түрде айтылған.

Біздің тарапымыздан жүргізілген зерттеу мен бақылау жұмыстары бақысында бала өмірінің алғашқы жылында «*інгә-ә-ә*», «*інгә-ә-ә*», «*а-а-а*», «*уа-уа*», «*у-у-у*», «*ғу-ғу*», «*ағә-ағә*» түрінде айқай мен жылау, одан кейін былдыр (мысалға, «*ма-ма-а*», «*ға-ға-а-а*», «*бу-бу-у-у*», «*па-па-а*»), «*ап-ап*», «*би-би*», «*нә-нә*», «*піш-піш*», «*ұқы*», «*бе*», «*то*», «*опа*» сияқты дыбысқа еліктеу не

дыбыстар тізбегі және екпін тұрғысынан түрлі аморфты сөздер мен сөзге ұқсас құрылымдар анықталды. Оның арасында інгәлу, әгулеу мен уілдеу бар.

Екі айға таман бала ата-анасының дауыстары на құлағын түреді, ақырын жылай бастайды немесе жылағанын қояды. Дауыс пен дыбысқа құлақ түреді. Анасының дауысын жақсы таниды. Әртүрлі қарқындағы дыбыстарды естігенін сездіреді. Жылау кезіндегі дауысы бәсеңдейді, «*інә-ә-ә, інә-ә-ә*» дыбысына басқа дауысты дыбыстар қосылады: *а-а-а, уа-уа*.

Үш айда таныс дауыстарға реакция жасайды, көзімен іздейді. Бала ана тіліне тән дыбыстарға еліктей отырып, әндете бастайды. Әртүрлі дыбыстар арқылы интонациямен дауыстайды: *у-у-у, ғу-ғу, ағә-ағә*.

Төрт айлық бала жылы сөздерге жымып, кейде күледі. Ал өзіне көңіл бөлінбей қалған кезде жылайды. Ол ересек адамның сөзіне құлақ түреді, оны көзімен іздеп тауып алады, оған дыбыстар және күлумен жауап береді. Сыбырды естігенде тыныштала қалады, қатты дыбыстардан қорқады. Бір немесе екі буынды созып отырып былдырлайды. Былдыр сөздерінде дауыссыз да, дауысты да дыбыстар бар: *ма-ма-а-а, га-га-а-а, бу-бу-у-у, па-па-а-а*.

Бес айда дауыс ырғағының өзгеруіне де сезімталдық көрсетеді, дыбыстарын әрекет не жағдайға қарай өзгерте алады. Түрлі интонациямен дыбыстарды айтады, дыбыстарды буынға қосады, оларды қайталайды. Бұл жаста былдыр сөздер көбейеді, күрделенеді: *кх-х, пых-х, бых-х, ғы-ғы* т.б.

Алты айлық бала өзіне қарап сөйлеген адамдарға күледі және қуанады. Жаңа нәрселерге таң қалады. Еліктей отырып былдырлайды, ырғақтық, дыбыстық әуен пайда болады. *л, б, м* сияқты еріндік және *к, қ, г, ғ, х* тіларты дыбыстары айтып жаттығады.

7-8 айлық сәби сөйлеушінің сөздеріне назар аударады да жауап беруге тырысады. Осы жаста белсенді және күрделі былдырлау тән, дауыс ырғақтары түрлене бастайды. Сөйлеу тілінің эмоционалды бірліктеріне еліктейді. Тоғыз айлық нәресте сөйлеушіге эмоционалды және дыбыстау арқылы жауап береді, *ма-ма-а-а, па-па-а-а, пых-х, бых-х, ғы-ғы* мысалдары түрінде былдырлау пайда болады. Ол 1-3 былдыр сөзді қайталайды, оларды жағдаятқа байланысты қолданады. Біртіндеп былдыр сөздер күрделене түседі, онымен қоса түрленеді. Былдырлау барысында түрлі буындар ұйқастығы байқалып, олардың мәнерлігі өзгереді, мысалға *те-те-тя*.

10-11 айлық сәби тілдік қарым-қатынасты қажет етеді, оған белсенді араласады. Былдыр сөздермен қатар еліктеу сөздері пайда болады: *ап-ап, би-би, нә-нә* т.с.с. Сонымен қатар қысқартылған сөздер жиі қолданылады: *піш-піш, ұқы* (ұйықтаймын), *бе* (бер), *то* (тұр), *опа* (көтер) т.с.с. Ал бір жасқа таман таныс сөздерге жауап береді, оларды айтуға тырысады, сөздің дыбыстық құрылымын келтіреді. Бала өмірінің бірінші жылында-ақ ана тіліндегі құрылымдардың екпіні мен дауыс ырғағына сезімталдық пен тез

кабылдауды байқатады [16:20]. Былдырдан сөздер қатарына өту дегеніміз – белгілердің көмегімен қарым-қатынасқа толыққанды түсу [17:21].

2.2. Екі-төрт жастағы баланың дыбыс айтуының дамуы

Екі-төрт жастағы балалардың көпшілігінде сөйлеу тілінде дыбыстар жалпы жұмсақтықпен, көптеген дыбыстардың анық емес немесе дұрыс айтылмауымен, айту үшін күрделі дыбыстарды неғұрлым жеңіл айтылатын дыбыстармен ауыстырумен ерекшеленеді. Мысалы, көптеген балалар қатаң ысқырық дыбыстарды (*з, с*) – жұмсақ (*з, с*), ызың (*ж, ш, ч, ш*) – ысқырық (*з, с*) дыбыстарға алмастырады немесе керісінше болады: «*мас а*» – «*маса*», «*кес е*», «*кесьее*» – «*кесе*», «*с ау бо*» – «*сау бол*», «*масина*» – «*машина*», «*беш*» – «*бес*», «*зат*» – «*жат*»; сонымен қоса [р] және [л] [л']-ге алмастырылады. Көптеген балалар осы дыбыстарды [й] дыбысымен алмастырып айтады: «*шайк*», «*қияй*», «*бей*».

Артикуляциялық аппараттың (тілдің бұлшық еті, ерні, төменгі жақ) қозғалысы айтарлықтай жоғарылайды, бірақ дыбыстардың айтылуы әлі де нормадан алыс. Артикуляциялық қиындықтар дыбыстарды меңгеруді тежейді.

Бұл жаста балалар дауысты [а], [у], [и], [о] дыбыстарды дұрыс және анық айтады. Кейбір балалар [ы], [э], [е], [і], [ө], [ү] дыбыстарын алмастырып, дауыссыз [х], [қ] дыбыстарын [к], [ғ] дыбысын [г] дыбысына әлі де алмастырады немесе анық айта алмайды: «*мине*» – «*міні*», «*ники*» – «*екі*», «*тот*» – «*төрт*», «*оста*» – «*ұста*», «*куак*» – «*кұлак*», «*кут*» – «*құрт*», «*сагак*» – «*сағат*», «*тосек*» – «*төсек*». Онымен қатар [ц] жоқ және [т'] немесе [с'] дыбысымен ауыстырылады. Алайда жыл соңында бұл дыбыс кейбір балаларда пайда болады және дұрыс айтылады.

3 жастағы баланың сөйлеу тілінің фонетикалық жағының қалыптасуының ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, бұл жаста «*ш*», «*ж*», «*ч*», «*щ*» дыбыстары «*с*», «*з*» дыбыстарына, «*щ*» дыбысы «*ч*», «*ть*», кейде «*т*», «*д*» дыбыстарына алмастырылып айтылады. Ысқырық дыбыстарды айтқан кезде тісаралық, тіс төңіректік («*т*», «*д*»), еріндік тістік («*ф*», «*в*») сигматизм байқалады. «*Р*», «*л*» дыбыстары «*й*», «*ль*» дыбыстарына, «*қ*», «*г*», «*х*» дыбыстары «*т*» немесе «*д*» дыбыстарына алмастырып айтылады. Ысқырық және ызың «*к*», «*л*», «*х*» дыбыстары 5-6 жастағы балада қалыптасқан болуы керек. Ал артикуляциясы күрделі «*р*» дыбысы 7 жасқа дейін қате айтылуы мүмкін.

Мұндай құбылыс гипертүзеу деп аталады және фонематикалық естудің сәл де болса жетілмегенін білдіреді. Балаларды шатастыратын екі дыбысты біреудің айтқанын кейін өзінің айтқанын естіп ажыратуға үйрету қажет. Көп буыннан құралған және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді дұрыс

айтуға мүмкіндік туғызу мақсатында артикуляция мүшелерінің қызметі жетіледі. Алайда күрделі сөздерді айтқанда да қателер кездеседі, мысалы балалар, қалампыр («балалал, қаямпый») т.б.

Төрт жастағы балаларда дауыс аппаратын басқару қиындықтары бар: балалар оны өздері байқамай өте қатты сөйлейді. Балалар интонацияны жақсы қабылдап, ертегілерді айту кезінде ересектерге еліктейді. Бұл жаста сөйлеу кезінде тыныс алуы ұзарады, бір дем шығару кезінде бала шағын фразаны немесе 4 дыбыстан тұратын баяу тізбекті айта алады: *а-у-и-о*. Осы кезеңде балалардың сөйлеу тілі және есту қабілеті жетіледі. Олар бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді (тас – бас, қас–қаш) ажырата алады. Фонематикалық естудің дамуы балалардың дыбыстарды айту мүмкіндіктерінен озады, олар қандай да бір дыбысты дұрыс айта алмай, оны өзге тұлғаның сөйлеуінде естиді, басқа баланың айтуындағы дұрыс емес жерлерін байқап, өзінің қате айтуын естіп, біле бастайды.

2 жас 6 ай – 4 жастағы балалардың дыбыс шығаруына ерекшеліктер тән. Бұл кезде «дыбыстарды меңгеру кезеңі» (А.Н. Гвоздев бойынша) дыбыстарды дұрыс айтумен қатар олардың бұрмалануы, тастап кетуі, ауыстырылуы, жұмсартып айтуы байқалады.

Бұл жастағы балалардың дем шығаруы қысқа (1,5-2 с.), қатты дауыстап сөйлемейді. Балалардың көпшілігі ересектерден кейін әртүрлі интонацияларды жақсы қайталайды, оларды дұрыс қолданады. Алайда баланың дауыс аппараты әлі де жеткіліксіз дамыған. Балалар әрдайым дауыс аппаратын дұрыс пайдалана алмайды, қажет болған жағдайда сыбырлап сөйлей алмайды, кейде ересектердің сөйлеуіне немқұрайлы қарайды, алаңдамауы да мүмкін.

4 жаста көптеген балаларда дыбыс шығару нормаға келеді. Бірақ балаларда ысқырық және ызың дыбыстарды араластыру және вибрант Р, Р' болмауы байқалады. Осы жаста балалардың дыбыс айту жағы әлі қалыптаспаған деп белгілеуге болады.

Дыбыс айту мәдениеті:

Артикуляциялық аппараттың қозғалысы (тіл бұлшық еті, ерні, төменгі жақ) айтарлықтай жақсарады, бірақ дыбыстардың айтылуы әлі де нормадан алыс. Артикуляциялық қиындықтар дыбыстарды меңгеруді тежейді.

Фонематикалық қабылдауы жеткілікті дамыған балалар айтып отырған сөзін дыбыстың дұрыс нұсқасына ұқсастырып айтуға тырысады: «тоғай» – «торғай», «пойз» – «пойыз».

[Ц] дыбысы жоқ және [т] немесе [с] дыбысымен ауыстырылады. Жыл соңында бұл дыбыс кейбір балаларда пайда болады және дұрыс айтылады.

2.3. Төрт-алты жастағы баланың дыбыс айтуының ерекшеліктері

Баланың төрт жасы сөйлеу тілін дамытудағы жаңа жетістіктермен атап өтіледі. Бұл жаста балалар еркін түрде сөйлейді, таныстарымен ғана емес, бөтен адамдармен де байланысқа оңай түседі. Қарым-қатынас қажеттілігі балаларды жаңа бастамаға итермелейді, олар өздігінен қарым-қатынас үдерісіне түсуді бастайды, көптеген сұрақтар қояды, танымдық қажеттіліктері ұлғаяды. Балаларды табиғат құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, бейтаныс заттар қызықтырады. Бұл қызығушылықты қолдау қажет, өйткені ол баланың сөйлеу тілі және басқа да жоғары психикалық қызметтерін одан әрі дамыту негізінде жатыр. Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, алайда кейбір дыбыстар толық қалыптаспаған (*р, с, з, ф, л, қ, ж*).

Бұл жаста дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдылары бекіген және фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасқан. Осы кезеңде балалардың сөздеріне кеш онтогенез дыбыстары енеді: ш, ж, ч, щ, с, з, р, л сияқты дыбыстарды айта алмаған балалар осы дыбыстарды дұрыс айтуда белсенді тәжірибеге ие болады, сондай-ақ «кеш шығатын» дыбыстарды меңгере бастайды. Әр балада дыбысты қалыпты айтуды толық меңгеру мерзімі әртүрлі, мысалға кейбіреулер 4 жасқа дейін осы тапсырманы орындауға үлгермейді, дегенмен 3 жас 6 айда қалыпты дыбыс айтуды меңгеретін балалар да бар. Р дыбысын («ара») л дыбысына («ала») ауыстыру және л дыбысын («лақ») жұмсақ Л' («ляқ») ауыстырып айтуы сөйлеу тілінің дамуының артта қалуы деп саналмайды. Егер барлық дыбыстар й дыбысына алмастырылса («қол» – «қой», «лақ» – «йақ», «тырна» – «тына», «орман» – «оман»), онда осы топ дыбыстарының артта қалуы туралы айтуға болады.

Ызың және ысқырық дыбыстары 4 жаста жете ажыратылмаған болып келеді: *с – ш, з – ж, с' – щ* дыбыстарын шағастыру байқалуы мүмкін. Ысқырық дыбысты қажет ететін сөздерде ызың дыбыс айтылуы мүмкін («шана» – «сана», «жас» – «зас»). Балаларды шағастыратын екі дыбысты біреуінің дыбыстауын кейін өзінің айтқанын естіп, ажыратуға үйрету қажет. Көп буыннан құралған және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді дұрыс айтуға мүмкіндік туғызу мақсатында артикуляция мүшелерінің қызметі жетіледі. Алайда күрделі сөздерді (бірнеше буыннан құралған немесе дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда) айтқанда да қателер кездеседі, мысалы балалар, қалампыр, қызғалдақ, орамал («балалал, қаямпый, қызадақ, омарал, омалал») т.б.

Төрт жастағы балаларда дауыс аппаратын басқару қиындықтары анықталады, өздері байқамай өте қатты сөйлейді. Балалар интонацияны

жақсы қабылдап, ертегілерді айту кезінде ересектерге еліктейді. Бұл жаста сөйлеу кезінде тыныс алуы ұзарады, бір дем шығару кезінде бала шағын фразаны немесе 4 дыбыстан артық тұратын баяу тізбекті айта алады: *а-у-и-о, ә-ү-і-ө-ұ*.

Осы кезеңде балалардың сөйлеу және есту қабілеті жетіледі. Олар бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді (*тас – бас, қас – қаш, қал-қар, қаш-қас, шаң-сан*) ажырата алады. Фонематикалық естудің дамуы балалардың дыбыстарды айту мүмкіндіктерінен озады, олар қандай да бір дыбысты дұрыс айта алмай, оны басқаның сөйлеу тілінде естиді, басқа баланың сөйлеу мәнерінде қателерді байқап, өзінің қате айтуын естіп, біле бастайды, ересектің басқаруымен өз қатесін түзете алады.

Бес жастағы балада ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуында елеулі жетістіктер байқалады. Бала ең маңызды байланыстарды бөліп, атай бастайды және оларды сөйлеуде дәл көрсетеді. Дыбыс айтуы айтарлықтай жақсарады: дауыссыздарды жіңішкертіп айтуы толығымен жоғалады, дыбыстар мен буындарды айтпай кетуі сирек байқалады. Төрт жаста барлық балалар ызың дыбыстарды айта алады, ал 5 жасқа қарай л, р дыбыстары пайда болады. Бірақ бір балаларда кейбір дыбыстардың тұрақсыз айтылуы қалады. Өмірінің бесінші жылында бала сөздегі дыбыстың бар не жоғын есту арқылы біліп, берілген дыбысқа сөзді атай алады («С» дыбысы бар сөздерді атайды: *сана, асық, маса*). Бұл жаста кейбір дыбыстар толық қалыптаспаған (мысалға *р, ф, х, ц*). Ысқырық және ызың дыбыстарды ажырату кезеңі аяқтала қоймаған.

Бес жасқа қарай ана тілінің дыбыстарын дұрыс айтуының қалыптасуы аяқталады. Балалар ана тіліндегі барлық дыбыстарды анық айта алады, әртүрлі көңіл-күйде айтылған интонацияны игеріп, дыбыстарды буынға қосады, буындардан сөздер құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Балалар буын, сөз бен ұсыныстар құрамында барлық дыбыстарды анық айтуды үйренеді. Дыбыстардың нақты артикуляциясы, интонациялық мәнерлілігі қалыптасады. Балалардың бір бөлігінде артикуляциялық аппараттың құрылысы және қозғалуының бұзылуы немесе фонематикалық есту қабілетінің дамымауымен байланысты дыбыстың әртүрлі кемшіліктері байқалады. Дыбыстық талдау дағдыларының қалыптасуы жақсы болады. Берілген дыбысты естуі, сол дыбысқа сөз таңдау, сөздерді дыбыстауы бойынша салыстыру және ажырата алу, сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдылары (сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы және соңы) табу, берілген дыбысты басқа дыбыстар ішінен ажырату («Мен бірқатар дыбыстар айтамын, егер ш дыбысын естісең, қолыңды көтер: *ш, м, с, ш, т, ш, н, ш*»), осы дыбыс бар буынды басқа буындар ішінен («Мен бірқатар буындар айтамын, егер ш дыбысы бар буын естісең, жалаушаны көтер: *ша, ма, са, ша, та, ша, на, ша*»), осы дыбыс бар сөзді басқа сөздердің ішінен

ажыратуы («Мына суреттерді таңда, арасынан атауында ш дыбысы бар суреттерді ата») қалыптасады. Тиісті оқыту кезінде бала сөздегі (сөздің басы, ортасы және соңы) дыбыстың айқындамасын ғана меңгеріп қоймай, сөздегі дыбыстың нақты орнын белгілейді, олардың сөздегі жүру реті бойынша дыбыстарды атайды (*шана сөзінде, бірінші дыбыс ш, екінші дыбыс а, үшінші дыбыс н, төртінші дыбыс а*). Бұл дағды сауат ашуға дайындықтың қажетті алғышарты болып табылады.

Алты жастағы бала тілінің дыбыстық мәдениетіне тоқталатын болсақ, осы жас кезеңінде ана тіліне тән мынадай дыбыстар *ә, ү, у, ұ, ө, о, қ, ғ, ң, і, һ* айтарлықтай қатесіз айтылады. Балалар әдеби сөйлеу нормаларына сәйкес барлық сөздерді меңгеріп, нақты айтады. Олар баяу және жылдам сөйлей алады, жаңылтпаштар айтады, дауыстап және баяу, сыбырлап сөйлеуді ажырата алады, интонацияны кеңінен қолданады.

- Кейде мынандай фонетика тұрғысынан мәселелер болуы мүмкін:

- сөздер мен фразаларды бұрмалап айту, жалғауларды нақты айтпау. Мұндай жағдаят жылдам сөйлейтін және барлық дыбыстарды енді дұрыс айтып үйренген балаларда жиі кездесуі мүмкін;

- дыбыстарды естіп қабылдауы нақты емес, яғни бала дыбыстардың жұптарының орнын ауыстырып алады: [с]-[ц], [л]-[р], [з]-[ж], [с]-[ш], [ц]-[ч], [ң]-[н], [ұ]-[ү], [ы]-[і], [қ]-[к], [қ]-[ғ] және буындар қатарын айтуда қателеседі, мысалға, *са-за-са, ла-ра-ла, за-за-жа, са-ша-са, ча-ча-ца, қа-қа-қа, қа-ға-ға, аң-ан-аң* т.б.

Сөздердің дыбысталу формаларын ажыратуы дамыған, сөздерден дыбысты бөле алады («Қалта сөзінде л дыбысы бар ма? Сөздің қай жерінде тұр?»), буын мен сөз туралы бастапқы түсініктері бар. Сөздегі дыбыстарды және олардың белгілерін (дауысты: жуан, жіңішке; дауыссыз: қатаң, ұяң, үнді) ажыратады, қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды салыстырады, оларды дұрыс айтады. Дыбыстар және олардың әріппен белгіленуімен салыстырады, дыбыстарды дұрыс және дәл айтады, белгілі бір дыбысқа сөздерді атайды. Мысалға, «Ш дыбысы бар сөздерді ата»: «шана, ошақ, шаңғы». Онымен қоса сөздерді буынға бөледі (шаң-ғы, тыр-на-лар), олардың санын және сөздегі буынның ретін («бірінші буын шаң-, екінші буын -ғы, бірінші буын тыр-, екінші буын -на, үшінші буын -лар») анықтай алады. Сөздегі екпінді ажырата алады.

Балада алты жас кезеңінде ана тілінің дыбыстары айтарлықтай қатесіз айтылады. Қазақ тілді балалар әдеби сөйлеу тілі нормаларына сәйкес барлық сөздерді меңгеріп, нақты айтады. Олар баяу және жылдам сөйлей алады, жаңылтпаштарды айтады, дауыстап және баяу, сыбырлап сөйлей алады, интонацияны кеңінен қолданады. Кейде фонетика тұрғысынан мынадай мәселелер болуы мүмкін:

- сөздер мен фразаларды бұрмалап айту, жалғауларды нақты айтпау,

мұндай ақаулар жылдам сөйлейтін және барлық дыбыстарды енді дұрыс айтып үйренген балаларда жиі кездесуі мүмкін;

Осы жастағы балаларда фонематикалық естуі және қабылдауы дамыған, сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс айтады, құрамында үш-төрт дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дыбыстық талдау мен жинақтау әрекеті қалыптасқан.

2.4. Ерте және мектепке дейінгі жастағы баланың фонематикалық естуі

Баланың фонематикалық естуі дегеніміз – сөздік дыбыстарды талдау мен біріктіруге қабілеттілігі. Бала дамуының анатомиялық-физиологиялық механизмінде дыбыстарды ажыратуда басты рөлді "Вернике" орталығында орналасқан есту және сөйлеу бөлігі атқарады. Оның зақымдануы немесе жетілмеуі адамның дыбыстарды ажырата алмау қабілетсіздігіне апарып соғады. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөздердің ішінен кейбір дыбыстарды саналы және ерікті түрде ажырата алуының маңызы жоғары. Ана тілінде фонематикалық есту балаларда айналастындағылардың ауызша сөйлеуін қабылдау және қабылданатын үлгіге сәйкес өзіндік сөйлеу барысында қалыптаса бастайды (4-5 жас аралығы). Фонематикалық есту – фонеманы тануды және ажыратуды қамтамасыз ететін нәзік есту жүйесі. Физикалық естуі қалыпты балалардың арасында ұқсас дыбыстарды ажырату қиыншылықтары жиі кездеседі. Ондай қиыншылықтар дыбыс айтудың қалыптасуына ерекше әсер етеді. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың фонематикалық қабылдауын анықтау қарапайым фразаларды естіп тануы, ажыратуы, салыстыруы, сөз қатарынан белгілі бір дыбысты не буынды ажыратып табуы және буын қатарын есте сақтауын анықтауға мүмкіндік береді.

Ерте және мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың фонематикалық талдау және жинақтау жағдайына көңіл бөлсек, тілдің дыбыстық элементтерін сезіну ерте жастан дамиды. А.Н. Гвоздев зерттеулерінде қалыпты дамыған бала мектеп алды кезде ана тіліндегі дыбыстарды ажырата алады, басқалар айтқанда естиді, өздері де айтады, яғни дыбыстарды ажаратады, бірақ сөздің дыбыстық құрамын меңгермейді. Бала дыбыстың сөздегі орны, мен кезектілігін айта алмайды деп көрсетеді [9].

Тілдің дыбыстық жағымен әрекет жасау, оның элементтерін саналы түрде меңгеру мектеп жасына дейінгі балаларды үйрету барысында қалыптасады. Д. Б. Эльконин бойынша [18] алдымен балалардың дыбыстық талдау қабілетін анықтаудың маңызы зор.

Фонематикалық талдау қабілеті төрт жастан асқан балалардан бастап тексеру керек.

4 жаста балалар «Ш» дыбысын естуін анықтауда алаша, қалаш, мысық, шана, т.б.сөздерде Ш дыбысын балалардың көпшілігі ұқсас дыбыспен шатастырады.

5 жаста балалар сөздің басындағы дауысты дыбысты анықтау кезінде көпшілігі *алма, ешкі, орақ, орман, өрік, әліппе, үйрек, ыдыс, ілгіш, ұшақ* сөздерінде анық тауып ажыратты кей жағдайларда *ә, ө, і, ү, ұ* дыбыстарын ажырата алмайтыны (бұл қазақ тілінде сөйлемейтін отбасы балаларында) белгілі болды.

5-6 жаста фонематикалық жинақтау қабілеттерін анықтау барысында *а, п, а / т, а, л / с, а, ғ, а, т / т, а, қ, о, ш / қа ла / ба ла / ба ла пан / кө бе лек* т.б дыбыстар мен буындарда балалардың фонетикалық жинақтауы бойынша кейбір жағдайда буындарды жақсы естиді, алайда сөз құрауында артық буындарды орынсыз қолданғаны байқалады.

Дыбыстық талдауды барлық жағынан толық меңгерген балалар үшін күнделікті өмірде онша жиі қолданбайтын, көп буынды, дауыссыз дыбыстары бір жерге топталған, дыбыстарын дұрыс айта алмайтын сөздерді Мысалы: *сандық, ескерткіш, милиционер, қауырсын* т.б осы тапсырмаларды орындату арқылы фонематикалық есту қалпынын анықтау керек. Естудің қалыпты дамуы фонематикалық қабылдаудың дамуының басты шарты болып табылады. Баланың дыбыстарды айырудағы жіберетін қателері неғұрлым көп болса, демек сөздің дыбыстық құрамы туралы түсінігі таяз болса, соғұрлым ол дыбыстарды нашар талдайтын бала болып саналады [7].

Ерте жас сөйлеу тілін меңгерудің сензитивті кезеңі болып табылады. Сәбилік кезеңде фонематикалық есту қабілетінің негіздері қалыптасып, дыбыстардың айтылуына жаттығу болып, алғашқы сөздерді түсініп, айтумен ерекшеленіп, одан кейінгі кезеңдерде ересек тұлғалармен қарым-қатынас құруға мүмкіндіктер кеңейе түседі. Бұл кезеңде ересек адамдардың әрекеттері мен талаптарына қатысты болатын жайттар көп. Мәселен, тек қана күтіп-баптаумен шектелген, онымен қарым-қатынас жасалмаған бала бұзылыстар және артта қалушылықпен ерекшеленеді.

Онтогенез барысында фонематикалық қабылдау белгілі бір даму кезеңдерінен өтеді (Р.Е. Левина бойынша):

1-кезең: фонемаға дейінгі уақыт, демек сөйлеу тілінің дыбыстарын саралау жоқ. Сөйлеу тілін түсіну қалыптаспаған (0-ден 10 айға дейін).

2-кезең: Акустикалық тұрғыдан алшақ фонемаларды ажырату бар да, ал акустикалық жағынан жақын фонемалар сараланбайды. Дұрыс айтпау сөйлеу тілін дұрыс емес қабылдаудан туындайды. Нормативті және нормаға сәйкес емес айту ажыратылмайды (11 ай – 1 жас 4 ай).

3-кезең: Дыбыстарды олардың мағыналық сипаттарына (жуандығы – жіңішкелігі, қатаңдығы – ұяңдығы, жасалу жолы, жасалу орны, таңдай

пернесінің қатысуына) қарай саралауды бастайды. Дегенмен сөзді дұрыс емес атау бар. Дыбыс айтуда нормативті және нормаға сәйкес емес айту жағдайлары кездеседі (1 жас 4 ай – 2 жас 6 ай).

4-кезең: Естігенін қайталайды, бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді ажырата алады. Көбінесе дыбыс айту қалыптасқан, дегенмен фонематикалық қабылдау әлі жетік емес, бұл жағдай төменгі жиіліктегі сөздерді қабылдауда байқалады (2 жас 6 ай – 4 жас).

5-кезең: Фонематикалық қабылдау мен экспрессивті сөйлеу тілі қалыптасқан. Қалыпты және нормаға сәйкес емес айтуды саралайды. Қарапайым (2-3) сөздерден құралған фразаларды есіне сақтай алады және қайталайды. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады (*сиыр «мө», қой «мә», ит «ауф-ауф»*) (4 жас).

Келер жастардағы балаларға қатысты айтатын болсақ: бес жасар баланың зейіні тұрақталған, есте сақтау қабілеті, қабылдауы және қиялы жетілген. Таныс ертегі және ауыз әдебиеті шығармаларының мазмұнын суретке қарап еркін әңгімелейді. Сөздердің айтылу барысында дыбыстарды ажырата біледі, 7-8 сөзден тұратын фразаларды айта алады. Онымен қоса фонематикалық естуге арналған тапсырмаларды орындайды.

6 жастағы бала қысқа әңгімені қайталап айтып береді, сөздердің фонематикалық және ритмикалық құрылымын меңгерген. Сөйлеу тілін қабылдауында да, сөйлеуінде де сапалы өзгерістер байқалады. Моторлы және сенсорлы сөйлеу тілі арасында алғашқы рет өзара байланыс пайда бола бастайды. Алты жас кезеңінде фонематикалық есту мен қабылдауы дамыған, сөздің дыбыстық құрылымын дұрыс айтады, үш-төрт дыбыстан құралған сөздерге дыбыстық талдау жасайды (алма сөзінде бірінші дыбыс а, екінші л, үшінші дыбыс м, төртінші дыбыс а); жинақтаудың қарапайым түрі («Мен саған үш дыбыс айтамын, оларды қосқанда қандай сөз пайда болады? А Н А») мен жинақтаудың күрделі түрін («Мен саған үш сөз айтамын, олардың алғашқы дыбыстарын қосқанда қандай сөз пайда болады? *Алқа, лашын, малта, алмұрт*») меңгеру әрекеті қалыптасқан. Осы жаста орфоэпиялық нормаларды меңгере бастайды. Баланы уақытында үйрету нәтижесінде ол сөздегі (сөздің басы, ортасы және соңы) дыбыстың орнын ғана меңгеріп қоймай, үш-төрт буыннан құралған сөздердегі дыбыстардың ретін атай алады («*Шағала* сөзінде, бірінші дыбыс *ш*, екінші дыбыс *а*, үшінші дыбыс *ғ*, төртінші дыбыс *а*, бесінші дыбыс *л*, алтыншы дыбыс *а*).

3. ЕРТЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1. Алты ай-екі жастағы баланың сөздік қорының қалыптасуы

Мектеп жасына дейінгі балалардың белгілі сөздік қорды, грамматикалық тұлғаларды меңгеруі жас ерекшеліктеріне сай әртүрлі болады, бұл туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылған және бұндай пікірді біз де ұстанамыз. Сөйлеу тілі қалыпты жағдайда дамыған балалардың сөздік қоры және грамматикалық тұлғаларды меңгеру ерекшеліктері көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Бала тілінің әр кезең бойынша сөздік қорының дамуын Д.Б. Эльконин, А.В. Захаров, грамматикалық жүйесінің қалыптасуын А.А. Леонтьев, Ф.А. Сохин, С.Н. Цейтлин, синтаксисінің және семантикасының дамуын А.Р. Лурия, Е.С. Кубрякова, А.М. Шахнарович т.б. ғалымдар қарастырып, зерттеуде [18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27].

Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың сөйлеу тілі өте қарқынды дамитынын зерттеушілер көп айтуда. Баланың сөздік қорының дамуы бір жағынан ойлау қабілеті мен психикалық үдерістерге байланысты болса, екінші жағынан тілдік жүйенің барлық компоненттерінің (фонетика-фонематикалық және грамматикалық құрылымы) дамуымен тығыз байланыста. Сонымен қатар сөздік қордың қалыптасуына сөзжасам үдерісі де әсер етеді, себебі біртіндеп баланың сөздігі туынды сөздердің арқасында молая түседі.

Баланың сөздік қорды меңгеруі оның сөйлеу тілінің дамуының алғышарты екендігі белгілі, сол себепті сөздік сөйлеудің құрамын ашады. Бала тілінің сөздік қорын дамытуда баланың сөздердің мағынасын түсінуі, оларды қажет жағдайда дәл әрі жөнімен қолдануы және қарым-қатынас барысында келтіруі маңызды.

Баланың ең алғашқы сөзі мен фразалары отбасы мүшелерінің көптен бері күткен жағдайы және ол ата-ана үшін үлкен қуаныш. Өзіне қатысты айтылған сөздерді түсініп, өзі де сөйлей бастаған бала қарым-қатынастың жаңа құралдарын иемденіп, қоршаған ортаны толығымен қабылдап, бұдан бұрын қол жеткізе алмаған білімді игереді. Ұлы педагог К.Д.Ушинский

«Ана тілін меңгерген бала, тек сөзді ғана емес, оның құрылымын, өзгеру түрлерін, олардың бірнеше мағынасын, затқа деген көзқарасын, көптеген ойлар мен сезімдерді, көркемдік бейнелерін де игере бастайды» деп жазған [28].

Бала сөйлеу тілі қалыптаспай тұрып-ақ өзіне қаратылып айтылған сөздердің мағынасын түсіне алады. Енжар сөйлеу тілі, яғни сөздік қорында жинақталған сөздер, оның сол сөздерді өздігінен қолдануына жол ашады. Осы уақытта балалар айналасынан естігендерін өздігінен қайталай бастайды.

Ерте жастағы баланың туылғанынан бір жасқа дейінгі кезеңі сөйлеу тіліне дайындық кезеңі деп аталады деген пікірді бұған дейін білдірген болатынбыз. Өмірінің бірінші жылында бала шамамен он шақты сөзді саналы түрде қолдана бастайды: «ма-ма», «па-па», «а-па», «а-та», «а-ға», «тә-те», «ням-ням», «ап-ап», «пи-пи», «би-би» т.б. Олар барлық тілде бірдей айтылатын дыбысқа еліктеу сөздері. Бала әдетте бір жарым жасқа толғанша бір сөзден тұратын өзіндік сөйлеу тілін пайдаланады. Бір сөз болып жатқан жағдайға байланысты әртүрлі мағынада қолданылуы мүмкін. Бала «ма-ма» деген сөзді анасын көргенде, оны шақырғанда немесе оны таба алмағанда айтады.

Бұл жас кезеңінде сөйлеу тілін түсінудің дамуы, зат пен іс-әрекет олардың сөздік атаулары арасындағы байланыс қарқынды дамуы тән. Бірақ бұл байланыс бірден тұрақты болмайды. Бала ересек адамның тапсырмасын түсіне отырып, басқаша қабылдауы мүмкін. Мысалға, «Қуыршақ қайда, көрсет» дегенде, аталған затқа қарап отырып, басқа затты ұсынуы мүмкін.

Ерте жаста баланың енжар сөздігі жылдам дамиды. Бала екі жасқа келгенде ересек адам айналасындағы заттарды атап сөйлегенде, шамамен барлық сөзді ұғады, енжар сөздігімен қоса белсенді сөздігі де молая бастайды.

Екі жастағы бала үйде немесе балабақшада өзі тікелей әрекет жасайтын заттардың атауларын меңгереді: өзінің киімдері, айналасындағы жиһаздар мен ыдыстар, ойыншықтары, сонымен бірге тұрмыстық жағдайда немесе ойын барысында атқаратын іс-әрекеттердің атауларын да меңгеруі мүмкін. Осы кезде балада жинақтаудың қарапайым түрі пайда болады. Өзге тұлғалардың өтініштерін орындау және тілді түсіну қабілетін дәлірек игере отырып, бала ересектермен өзара қарым-қатынасының жаңа типтерін көбірек меңгере бастайды: жаңа қабылдауларды өте жылдам игеру біліктілігін өзіндегі талпыныспен байланыстырып, өз бетімен орындайды. Сәбидің бойында суретке үлкен қызығушылық туындайды. Ол суреттегі бейненің атауын тез есте сақтап, оны басқалардың ішінен таба алады. Бала бұл жаста қиын емес тапсырмаларды орындай алады, мысалға, аталған затты басқалардың ішінен тауып әкелу, затты алып, бір адамнан екінші адамға беру сияқты.

Өмірінің екінші жылының екінші жартысында баланың сөздік қоры қарқынды дамиды, 1 жас 8 айда шамамен 100 сөзге жетсе, ал 2 жаста 300 сөзден асып кетуі мүмкін. Ерте жастағы балада өскен сайын сөздік қоры күрделене түседі, көп мағыналы сөздер заттық мәні айқын байқалатын тұрақты сөздермен ауыса бастайды. Сондай-ақ өмірінің екінші жылының соңында жылдам өсіп жатқан сөздік қоры сөйлемнің грамматикалық құрылысын меңгеруімен ерекшеленеді. Бұл үдерісте А.Н. Гвоздев екі кезеңді ерекшелейді: 1 жас 3 айдан 1 жас 10 айға дейін, 1 жас 10 айдан 3 жасқа дейін. Бірінші – бұл аморфты сөздерден (түбір сөздер, басым жағдайда сол өзгермеген қалпында қолданылады) тұратын сөйлемдер кезеңі [2].

А.Н. Гвоздев бір сөздік сөйлем өзінің мағынасы бойынша белгілі бір хабарламаны жеткізетін аяқталған бүтін бір ойды білдіретінін ескертті [11]. Алайда айтылым затты атап қана қоятын сөзден жағдайды бейнелейтінімен ерекшеленеді. Балалар сол сәтте не істеп жатқаны мен не көргені туралы ғана айтады. Сонымен бір сөздік сөйлемдерді жағдаяттық сөйлеу тіліне жатқызуға болады. Ол сөйлесіп тұрған адамға ым-ишарат, қимыл, мимика, интонацияның көмегімен ғана түсінікті болады. Екі сөздік сөйлем баланың өзінің қалауын дәл жеткізудегі қажеттілігі мен бұрынғы сөйлеу тілі қатынастың арасындағы қайшылықтың нәтижесінде туындаған жаңа қажеттілікке байланысты пайда болады.

Бала өмірінің екінші жылында сөздік қордың ұлғаюы және сөздер мен сөз тіркестерінің сөйлеу әрекетінің құралы екендігі байқалады. Онымен қоса экспрессивті сөйлеу тілі қалыптасады. Бала сөздерді еркін қолданып, оларды күрделендіріп, тіркестерде қолдануға машықтанады, фразалар мен грамматикалық құрылымдарды барынша қолданысқа енгізеді. Бұл жастағы баланың сөздігінде зат есімдер (кісі есімдері, туыстық атаулар, ойыншықтар мен өзі күнделікті ойнайтын заттар, киім-кешектер, жануарлар мен дене мүшелері).

3.2. Екі-төрт жастағы баланың сөздік қорының даму ерекшеліктері

Екінші жылдың бірінші жарты жылдығында сөздердің саны қарқынды өсуде, сөздік қоры айтылуы жеңіл сөздермен толықтырылады (кәпи, такта, туу, вың-вың және т. б.). Әліде аморфты сөздерді қолданады: «чу-чу» – «ат», «аф-аф» – «ит», «туу» – «доп», «вың-вың» – «машина» және дыбыстарға еліктейді «Th-th» – «жылан», «ooo» – «аю», «fffff» – «қасқыр». Онымен қоса мынадай ерекшеліктер байқалады:

- зат, құбылыс, белгі және сөз арасында тығыз байланыс орнатылады: «асық» – «қасық», «мамақ» – «тамақ», «нән» – «нан», «беесі» – «бер»,

«жесі» – «же», «кеті» – «кетті», «соо боо» – «сау бол»; «ая» – «айран», «сай» – «шай»;

- етістіктерді қолдана бастайды: «Папа, сикә» – «Папа, секір», «Папа ту (жат, ас)» – «Папа, тұр (жат, аш)», «Папа ғың-ғың ситу» – «Папа машина-мен кетті», «а ту» – «ары тұр», «сутеді» – «сүртеді», «жа» – «жат», «ото» – «отыр»;

- бір сөз немесе сөз тіркестері мағынасы әртүрлі сөздерді білдіреді, мысалы «тақ-тақ-тақ» дегені – «балға» немесе «жөндеу» деген мағынада айтылады;

- сұрақтар қоя бастайды: «када?» – «қайда?». «Папа қада?»;

- 2 жас 5 айдан бастап еңжар және белсенді сөздіктің белсенді түрде толықтырылуы байқалады. Бала сөздің дыбыстық құрамына жақын дыбыстайды: «тогай» – «торғай», «кокпа» – «қорықпа», «сагак» (2 жас 6 ай), «сагат» – «сағат» (2 жас 8 ай), «онайк» – «ойнайық», «козаик» – «грузовик», «теефон» – «телефон», «шокоат» – «шоколад», «бабакша» – «балабақша», «конакта» – «қонақтар», «демо зато» – «демалып жатыр»;

- қарапайым және күрделі тапсырмаларды, нұсқауларды, тапсырмаларды орындайды;

- жағдайға сәйкес өтініш білдіре алады, өз ойын қолжетімді түрде білдіре алады: «кемамаймын» – «келмеймін», «амамайым» – «апармаймын», «Мен апай бамайым» – «Мен апайға бармаймын (балабақшаға)»; «Папа, тұсы» (тұршы), «Тез зе па» (Тез жеп ал), «Бе зат» (Бері жат), «Мама жү, тосеке жатайк» (Мама, жүр, төсекке жатайық), «Магазине ба» (Магазинге (дүкенге) барайық);

- бала сөйлеу тілін түсінеді, күрделі емес тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарды саналы түрде қолданады: «Сатай кая?» – «Сатай қайда?», «Кім сындыды?», «Алиаска неге сындыды?», «Кай зуем?» – «Қалай жүремін?»;

- өз бетінше хабар тарату қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылады;

- сөйлем мен сөздерді белсенді қолданады, көп сөзден құралған сөйлемдер пайда болады: «Муктики қос», «Айса соса Усая ады» – «Айша Нұрсаяның соскасын (емізігін) алды», «Мама атобус кетек» – «Мама, автобусқа отырайық».

Өмірінің екінші жылының екінші жарты жылдығынан бастап баланың сөзі нақты жағдайдан және сөйлеу мәнінен тыс кезде айналасындағыларға түсінікті болады, ал бұл 2 жастан 6 айдан кейін бала сөйлеу біліктіліктерінің қажетті минимумын меңгеретінін көрсетеді. 2 жас 6 айдан 3 жасқа дейінгі кезеңде баланың сөйлеу дамуында сапалы өзгерістер байқалады. Осы жас кезеңіне тән балалардың сөйлеу тілінің даму көрсеткіштері шын мәнінде қарқынды өсуде: сөздің, фразаның мағынасын түсінеді; сөздік қорының көлемі ұлғаяды. Сөзді түсіну мен белсенді сөйлеу арақатынасы сапалы

өзгереді. Егер бұрын баланың ересек адамның сөзін түсінуі туралы оның «қимыл-қозғалыс жауаптары» бойынша (бала қажетті затты көрсетеді, ересек адам атаған ойыншықты әкеледі және т.б.) айтуға тура келсе, енді белсенді сөйлеу оның барлық қызметімен тығыз байланысты болған кезде түсіну мен ойлау деңгейін оның сөздері бойынша бағалауға болады.

Жақсы дамыған еліктеу және сөйлеу түсінігінің жеткілікті деңгейі сөздік қорының қарқынды өсуін қамтамасыз етеді. Егер баланың сөздік қорында 2 жаста шамамен 300 сөз болса, үш жаста 1000-1200 және одан да көп сөзге жетеді.

3-4 жастағы балалар үшін сөйлеу тілінің дамуы балалардың сөйлеу кезінде қолданатын сөздерінің саны (белсенді лексика) екі есеге өсуіне әкеледі: үш жасқа дейін оларда бар 1000 сөзден өмірдің үшінші жылының аяғына дейін 2000-ға дейін болады. Сонымен қатар олар сөздерді қолданып қана қоймай, сөздердің мағынасын мұқият тыңдайды, тіпті өздері жасайды. «Мысықты мысық, итті ит деп кім атады?» Балалар сөзбен ойнайды, оны «дәмін сезінуге», рифмаға және өзгертуге тырысады.

Ұзақ, мазмұны түсініксіз жаңа сөздер бұрмалануы мүмкін (*весипед, сисапед, висапед- велосипед*), буындар мен дыбыстардың орнын ауыстырады (*қалта, қатлла, қарлта- қарта, омалал, оламал, омалал, омарал — орамал*). Бір қатардағы екі дауыссыздың тіркесуі айтылымда қиындық туғызуда. Оларды дұрыс айту үшін бала олардың арасына дауысты дыбыс енгізеді (*мен биемін, блем- білемін*).

Балалар заттардың бөлшектерін атай алады, ұқсас заттарды ажырата алады, мысалы, *тостаған-кружка, жолбарыс-арыстан*. Үш жасқа қарай суреттегі жануарларды ажыратады. Жаңа сөздерді игере отырып, балалар заттар, әрекеттер және олардың атаулары арасында мағыналық байланыс орнатады. Олар ана тілінің сөздік қорымен саналы түрде байланыстыра бастайды. Алайда балалардың толыққанды қарым-қатынасы үшін сөйлеу жеткілікті түрде дамымаған. Тіпті күнделікті тұрмыстағы сөздерді балалар меңгергеннің өзінде, олар ұзақ ертегі айтып беру немесе есте қалған оқиғаны сипаттауы үшін жеткіліксіз болып келеді.

Төртінші жылы сөздік айтарлықтай баяу және біркелкі толықтырылады. Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың сөйлеу белсенділігінің әртүрлі кезеңдерінде айырмашылықтар байқалады. Орташа сөйлеу белсенділігі (ойынның 30 минутындағы баланың өз бетінше айтқан сөздерінің саны) 2 жас –2 жас 6 айлық балаларда 25-28 сөзді, 2 жас 6 ай – 3 жас балаларда 70-80 сөзді, 3 жас –3 жас 6 ай балаларда 110-115 сөзді кұрайды (Г.М. Ляминаның зерттеулері бойынша) [29].

2–4 жастағы балаларға тән сөздіктің қарқынды сандық және сапалық өсуі туралы айта отырып, зерттеушілер сөзді меңгеруінің үш деңгейін көрсетеді: затты, іс-әрекетті, сапаны және қарым-қатынасты білдіретін сөздер:

- бала сөзді түсіне алады, бірақ оны сөйлеуде қолданбайды;
- затты (іс-әрекетті, сапаны немесе т. б.) өзі үшін үйреншікті фразалар мен жағдайларда (қайшы тырнақты алу үшін қажет) танып біледі және айтады;

- кез келген қолжетімді байланыс пен қарым-қатынаста сөздерді түсінеді және дұрыс қолданады.

Үш жаста баланың сөздік қорында барлық сөз таптары бар (зат есімдер, сын есімдер, етістіктер т.б.) болады. Өмірінің үшінші жылында бала етістіктерді жиі пайдаланады, бірақ көп жағдайда зат есімдер басым (60%) болады, содан кейін етістіктер (25-27%) және ең аз (10-12%) сын есімдерді қолданады. Сын есімдердің көмегімен бала заттардың өлшемін ғана емес, олардың түсін, қасиеттерін, сапасын, пішінін атайды: «*ак саик*», «*кизил доп*» (ақ шарик, қызыл доп). Бұл жаста балалардың сөйлеуінде атау сөздер басым, ал жалпылама зат есімдер (мысалы, *ыдыс*, *киім*, *жиһаз*, *жануарлар*) әзірге жоқ. Заттардың көптеген атауларын бала жақсы біледі (әртүрлі заттардың арасында қажетті затты тез табады), олар оның ең жар сөздігінде бар, бірақ белсенді сөйлеуде бала бұл сөздерді үнемі пайдаланбайды. Бала жеңілдетілген сөздерді сирек қолданады (бұрын қолданылған «*ав-ав*» орнына «*ит*», «*ао*» орнына «*алло*», «*вың-вың*» орнына «*масина*», «*машина*» дейді). Бала сөздерді жиі ойлап табады; сөздің дыбыстық жағын түсінгенін көрсетеді («*бафыса*» орнына «*басына*»)

Кейде балалар ұқсас объектілерді немесе бір мақсатта қолданатын заттарды шатастыруды жалғастырады, мысалы, ботинкаларды туфли, тәпішке деп атайды; заттардың бөлшектерін, көп заттардың бөліктерін атамайды десек де болады. Дегенмен адамның, жануарлар мен құстардың дене мүшелерін 2 жас 10 ай – 3 жастағы бала көрсетіп, атап береді: «*мұны – мұрны*», «*куйы – құйрығы*», «*аузы*», «*аяғы – аяғы*», «*бас*», «*коз – көз*», «*коо – қол*». Балалардың жасы үлкейген сайын сөздік қорының сапасы да өзгереді. Бұл тек тәрбиелеу жағдайына ғана емес, сонымен қатар бала тұратын жері (қала немесе ауыл) және басқа да факторларға байланысты. Мысалы, әскери қалашықтар, шахтерлер кенттері, шығармашылық интеллигенция отбасыларында тәрбиеленетін ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздігі ерекше терминологиямен толықтырылады.

Бала өмірінің үшінші жылында суретте бейнеленген әртүрлі әрекеттер мен таныс заттарды танып, атай алады («*ит жүгіреді*»), бірақ жайылған фразалар әлі құрылмайды. Сөйлеу тілінің дамуының барлық жетістіктеріне қарамастан, балалар әлі де көптеген сөздерді анық және дұрыс айтпайды, сондықтан олардың сөйлеуі жалпы айналадағыларға түсінікті емес.

Балалар буындық құрамы күрделі сөздерді айтуда қиналады: сөздің буындық құрылымын әрдайым дұрыс айта алмайды (сөздерді қысқартады), буындар мен жеке дыбыстарды ауыстырады немесе тастап кетеді: «*кагуга*» – «*қайтуға*», «*уды*» – «*ұрды*», «*бемим*» – «*бермеймін*», «*мамақ*» – «*тамақ*»,

«ескаато», «экскавато» – «эксковатор», «матис» – «мотоцикл», «бесет» – «велосипед». Екі немесе үш дауыссыздар қатар келген жағдайда қарапайым бір-екі буынды сөздерде оңай айтылатын дыбыстар да жиі түсіп қалады: «шаап» – «шкаф», «такт» – «трактор». Дыбыстар мен буындық құрамы күрделі сөздер, бірнеше дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді айтуда кейбір кемшіліктер сақталады.

3.3. Төрт-алты жастағы баланың сөздік қоры

Баланың төрт жасы сөйлеу тілін дамытудағы жаңа жетістіктермен атап өтіледі. Бұл жаста балалар еркін түрде сөйлейді, таныстарымен ғана емес, бөтен адамдармен де байланысқа оңай түседі. Қарым-қатынас қажеттілігі балаларды бастамаға итермелейді, олар өздігінен сөйлесуді бастайды, көптеген сұрақтар қояды, танымдық қажеттіліктері ұлғаяды. Балаларды табиғат құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, бейтаныс заттар қызықтырады. Бұл қызығушылықты қолдау қажет, өйткені ол баланың сөйлеу тілі және басқа да жоғары психикалық қызметтерін одан әрі дамыту негізінде жатыр. Төрт жастағы балалардың сөздік қорында шамамен 1900 сөз болады. Белсенді сөздік қорында жалпылаудың екінші деңгейіндегі сөздер пайда болады. Сөздік қор уақыт пен кеңістікті білдіретін үстеулермен толықтырылады. «Сөз шығармашылығы» пайда болады, яғни сөзжасамдық модельдерді меңгерудің басталғандығы байқалады. Сөйлеу тілінде негізгі сөз таптарын өзгертудегі кателер байқалады. Балалардың көпшілігінде дыбыс айтуы қалыпты, кейбіреуінде ғана ызың және ысқырық дыбыстарды шатастыру және р, р' вибранттарының жоқ болуы байқалады. Байланыстырып сөйлеуі әлі жетіле қоймаған, күнделікті өмірі туралы әңгімелеуінде ішінара кезектілік сақталмаған болып келеді. Онымен қоса ертегіні өз бетінше айтып беру мүмкін емес, педагогтың қолдауын қажет етеді. Осы жастағы еріксіз есте сақтауының жақсы дамуының арқасында бала көптеген тақпақтарды жатқа біледі.

Төрт жастағы баланың сөздік қорында адамдардың мамандықтарының атаулары, заттардың бөліктері, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдер бар. Зат есімдер мен етістіктердің саны ғана емес, басқа да сөз таптары да артады. Әсіресе баланың сөздігі үстеу арқылы байытылады. Балалардың белсенді сөйлеуінде *киім, ыдыс-аяқ, көкөністер, жемістер, ойыншықтар* және т.б. ұғымдар пайда бола бастайды. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының маңыздылығын түсіну дағдылары қалыптасқан. Сөздік қорында жалпылауыш мағынадағы сөздер болғанымен, кейбір балаларда нақты заттың атауын білмеген жағдайда жалпылауыш сөзді орынсыз пайдалану жағдайлары болады: «*бұл құс*», «*гүл жұлып кетті*»,

«ағашты көрді». Өйткені жалпылаудың екінші дәрежесіндегі сөздерді балалар алдымен заттардың екінші атаулары ретінде меңгереді. Бала осындай сөздердің мағыналарын (*ойыншықтар – бұл ойынға арналған заттар, ыдыс – бұл тамақ дайындайтын және тамақтануға қажет заттар*) танып білуіне қарай бұл сөздерді дұрыс қолдануы да оңай болады.

Төрт жастағы балалардың қабылдауының психологиялық ерекшелігі – олардың затты тұтас бейне ретінде көру қабілеті, бөлшектерді байқамай қалуы. Осыған байланысты балалардың сөздерінде заттардың бөліктерінің атаулары аз: жануарлар денесінің бөліктері, күрделі заттардың құрамдас бөліктері т.с.с. Балалар сөйлегенде түстердің реңкін атауын пайдаланбайды, мысалы, *қызыл, қызылсары, күлгін, қоңыр*.

Сонымен қатар балалар белгілі бір затты сол затқа тән түспен жақсы байланыстырады: *ақ қар, көк аспан, жасыл шөп*. Осылайша түс балаға таныс затты тану белгілерінің бірі болып табылады. *Бес жастағы баланың сөздік қорының ерекшеліктері*

Бес жастағы балада ақыл-ойы және сөйлеу тілінің дамуында елеулі жетістіктер байқалады. Бала ең маңызды байланыстарды бөліп, атай бастайды және оларды сөйлеуде дәл көрсетеді. Оның сөзі әртүрлі, дәлірек айтқанда, мазмұны жағынан бай болады. Айналадағылардың сөйлеуіне төзімділігі артады, ол ересектердің жауаптарын соңына дейін тыңдай алады. Дыбыс айтылуы айтарлықтай жақсарайды: дауыссыздарды жіңішкертіп айтуы толығымен жоғалады, дыбыстар мен буындарды айтпай кетуі сирек байқалады.

Егер 4 жаста баланың сөздігі 2000 сөз болса, 5 жаста 3000 сөзге жетеді. Сөздіктің өсуі, күрделі сөйлемдерді қолдану балалардың грамматикалық қателерді жиі жіберуіне әкеледі: «доптар» орнына – «көп доп», «ойыншықтар» – «көп ойыншық». Осы жастағы кейбір балалар оқыған ертегі немесе әңгіме мәтінін айтып бере алады. Кейбіреулері ертегі соңын өз ойларымен аяқтайды, мысалы Ш. Айару «Бауырсақ» ертегісінің соңын «бауырсақ қашып кетті» деп аяқтады, «сонда оны ешкім жеп қоймады ма?» деген сұраққа «жоқ, қашып кетті» деп жауап берді. Кейбір балалар әлі де ересектердің көмегіне мұқтаж, мәтінді дәйекті және дәл айтып бере алмайды. Ауызекі сөйлеу кезіндегі естуі баланың ересектердің сөйлеуінде интонация, дауыстың жоғарылауы мен төмендеуін ажыратуға мүмкіндік береді. Балалар ертегі кейіпкерлеріне еліктеп, түрлі интонацияларды өздері көрсете алады. Мектепке дейінгі ересек жастағы баланың тілін дамыту, өз ойын байланыстыра, қисынды жеткізе білу, фонематикалық есту қабілетін дамыту балаларды мектепке дайындаудағы маңызды сәттері болып табылады.

Бес жастан кейін сөздік қоры тез дамиды. Егер алдыңғы жылдары белсенді пайдалануда қанша сөз бар екенін шамамен анықтауға болатын болса,

казір мұны істеу қиын. Еріксіз жады сөздікті толтырудың негізі ретінде бұл жаста өзінің кемелденуіне жетеді, сөздер өз бетінше есте сақталады. Бір рет естілген сөз белсенді сөздікке оңай енеді. Осы жастағы балалардың сөздік қорын зат есімдер, етістіктер (*жорғалайды, ұшады, өрмелейді, жамайды, тігеді, тоқиды, құрайды, кісінейді, мөңірейді, маңырайды, қаңқылдайды*), сын есімдермен (*негізгі түстердің, реңктерінің атауы, көңіл-күйге қатысты қарапайым сын есімдер* т.б.), сан есімдермен (әсіресе зат есіммен сан есімнің үйлесуі: *тоғызыншы, оныншы, сегізінші* т.б.), үстеулер, жұрнақтар және жалғаулармен байыған болып табылады. Алайда кейбір балаларда сан есімге тәуелдік жалғауды қосуда *он сегізінші – он сегіз, он тоғызыншы – он тоғыз, жиырмасыншы – жиырма деген (-ыншы/-інші жұрнақтарынсыз)* жауаптар бергендері де болды. Алуан түрлі заттарды сипаттау, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдылары қалыптасады. Негізгі сөз таптарынан басқа сын есім, үстеу, есімдіктерді белсенді қолданады. Өзіне таныс заттар мен суреттерді толығымен сипаттай алады, әңгіме құрастырады. Жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді (*диван, төсек, үстел – жиһаз; машина, ұшақ, пойыз, тікұшақ – көлік; нан, қант, ет, кәмпит, шұжық – азық түлік, итбалық, ақула, дельфин – теңіз жануарлары*) дұрыс қолдану біліктері дамыған. Қоршаған орта, ауа райының құбылыстары (*қар, жаңбыр, найзағай, нөсер*) жайлы білімдер мен ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қоры бай және дамыған.

Алты жаста баланың сөздігі 3500 сөзге дейін кеңейеді. Алты жаста баланың мектепке дейінгі даму кезеңі аяқталады, оның негізгі нәтижесі жүйелі оқуға дайындық болып табылады. Алты жастағы балалардың сөйлеу тілінің деңгейі мектепке дейінгі баланы қоршаған ересектердің сөйлеу мәдениетіне тікелей тәуелді. Егер жақын адамдардың сөзі грамматикалық тұрғыдан дұрыс болса, онда эпитеттер жиі кездеседі, ол өзінің мазмұны бойынша бай. Егер ересектер баланың қателіктерін дер кезінде түзетсе, балалар да осындай қасиеттерге ие болады деп толық сеніммен айтуға болады.

Алты-жеті жастағы балалар мағынасы бойынша жақын және мағынасын карама-қарсы сөздерді оңай таңдай алады. Олар дауыс мүмкіндіктерін өте жақсы пайдаланады, өз пікірлеріне интонацияның әртүрлі реңктерін бере алады, сыбырлап, қатты және жылдам және баяу сөйлей алады. Олар заттар, құбылыстар және өздерінің ересектер және құрдастарымен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін оңай сипаттайды. Бұл жастағылар ересектердің сұрақтарына толық жауап бере алады, өз ойларын нақты және айқын түрде бере алады. Балалар әдеби шығармаларды оңай көшіріп қана қоймай, берілген тақырыпқа сай ертегі мен әңгімелерді өздері құрастыра алады, олар үшін басы мен соңын ойлап табады. Берілген тақырып бой-

ынша әңгімені жалғастырады немесе ертегі басын бастап, көрнекілік (сюжетті суреттер сериясына сүйене отырып, оларды реттілікпен орналастырып) бойынша ертегіні немесе әңгімені өз бетімен айтып береді. Бұл балалар дәйекті және қисынды, негізгі сюжеттік шеңберден ауытқымайды. Алты-жеті жастағы баланың сөйлеу тілінде грамматикалық қателер жоқ, барлық дыбыстар дұрыс айтылуда, сөз анық, сөздерде екпін дұрыс қоя алады. Сөздік қоры бейнелі және жарқын сөйлемдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Алты жастағы баланың сөздік қорында лексиканы ересек топтарындағы мектепке дейінгі балалар күнделікті сөйлеуде қолданады деп есептеуге болмайды, көбінесе олардың тұрмыстағы сөздігі қарапайым болып келеді. Барлық сөздерге балалар дұрыс мағына бермейді, мәндердің қате түсіндірмелері де кездесуі мүмкін. Кейде олардың сөйлеуі қарапайым ғана сөйлемдер және айналымдармен араласқан болады. Арнайы жинақталған суреттер бойынша заттар және іс-әрекетпен сын-сипатты атауы жақсы дамыған. Балалар күнделікті өмірде кездесетін және жиі қолданылмайтын заттар, іс-әрекетпен сын-сипатты біледі (*қару, кемпірқосақ, бұғы, балта, секіріп (ұшып) бара жатыр, тар, аласа* т.б.). Балалар өз бетімен тақырыптық қатарды толықтыруы, мысалы «*Түлкі, сныр, арыстан*» дегенде бала «ит, тышқан, мысық т.с.с.» деп жалғастыра алады. Кез келген затты сипаттамасы бойынша атай алады «*Дене қызуын өлшейтін зат қалай аталады?*» (*градусник*). Заттардың (жануарлардың) іс-әрекеттерін жалғастырып атай алады: «*Қоян секіреді, ал қарлығаш... (ұшады); құрт жорғалайды, ал балық... (жүзеді); ат шабады, ал жылан ... (жорғалайды); шегіртке секіреді, ал жауынқұрт ... (жорғалайды); мысық пырылдайды, ал ит ... (үреді); мәшине жүреді, ал ұшақ ... (ұшады); «Мәшине гаражға кірді, ал содан кейін ... (шығады)».* Сонымен қоса себеп-салдарды анықтайды, біледі «*Гүлді суғармаса, ол ... (солады). Қыз суды далаға ... (шашты)», «Мен апамның тілін алсам, апам мені қыдыртады, саябаққа апарарды».*

Балалар заттардың сын-сипатын қарама-қарсы мәнді сөздерді қолданып, атайды: «*Өзен – терең, ал арық – ...*». Алты жасар балалардың мағынасы бар сөздерді және айқын мағыналы сөздерді қолдануларына ықпал ету қажет. Кейбір сөздердің, мысалы, «*алтын алақан*», «*күн батты*» деген сияқты сөздердің астарлы мағыналарын түсінуіне ұмтылу керек. Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсініп, мағынасы бойынша жақын немесе қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.

Ауыспалы мағынадағы сөздерді, бейнелі теңеулерді түсінеді, оларды сөйлеу тілінде қолданады. Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін, мағынасы бойынша мағыналас не қарама-қарсы мағыналы сөздер, ауыспалы мағынадағы сөздер, бейнелі сөздерді қолдануды түсінеді және түсіндіре алады. Жалпылама сөздерді қолдана біледі, сөздерді жалпылап, біріктіреді («*Аяқ киім*», «*Киім*», «*Жәндік*», «*Азық түлік*», «*Құрал-сай-*

мандар», «Ыстық жақтың аңдары», «Дене мүшелерінің бөліктері» «Оқу құралдары»), сөйлегенде жалпылауыш сөздер мен қолжетімді бейнелі сөйлеуді қолданады. Белсенді сөздікті сөздерді сөйлемге біріктіретін (өйткені, себебі), ойды тиянақтайтын (*мысалы, міне*), айтылғандарды жалпылайтын (*үнемі, ешқашан*) сөздерімен толықтырады.

Түрлі логикалық топтарға жататын заттарды атай алады және таниды; сөйлемде көп мағыналы (*ашық күн, ашық есік*), синоним (*төкті, шашты, септі, құйды*), антоним (*жақын-алыс, биік-аласа, жоғары-төмен, үшкір-сүйір, жалпақ-жіңішке, жуан-жіңішке, жас-кәрі*) сөздерін айтады, белгілі бір затқа белгілерін таңдап, затпен іс-әрекет жасайды және берілген әрекетке қажет заттарды іріктейді.

4. СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Грамматиканың адамның тұлға ретінде дамуына зор маңызы бар. Ол біздің ойымызды материалдық қабатпен қаптап, сөйлеу тіліміздің өзгелерге түсінікті болуы мен дұрыс ұйымдастырылуына көп көмегін тигізеді. Тілдің грамматикалық құрылымын дұрыс меңгеріп, нақты қолдану бала тілінің жалпы дамуына ықпал етіп, сауатты сөйлеудің алғышарты болады. Кезінде А.Н. Гвоздев, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, А.М. Шахнарович, Т.Н. Ушакова, А.Г. Арушанова, Ф.А. Сохин, Н.П. Серебренников, М.И. Попова, А.В. Захарова т.б. ғалымдар балалардың грамматикалық бірліктерді меңгеріп, қолдану ерекшеліктері туралы зерттеулер мен тәжірибе жұмыстарын ұйымдастырған еді. Ғылыми ізденістердің нәтижесінде сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы баланың когнитивтік тұрғыдан дамуының белгілі бір деңгейінің негізінде іске асатыны туралы тұжырымдар жасалған. Демек, бала нақты бір тілдік форманы қолданбастан бұрын оның мағынасы мен қолдану аясын түсіну керек. Бұндай әрекет сәбидің айналасындағылардың сөйлеу тілін талдау негізінде грамматикалық заңдылықтардың күрделі жүйесін меңгеріп, тәжірибе жүзінде сөйлесім барысында қолданып, өзінің сөйлеу мәнерінде қалыптастыру кезінде орындалады.

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру барысында бала айналасындағылардың сөзін талдау, грамматиканың заңдылықтарын игеру, ережелерді ескеріп, сөйлеуінде дұрыс тұлғаларды қолдануы қажет. Тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің тығыз байланыста

болуына байланысты бұған дейінгі және өзіміздің зерттеулеріміз, онымен қоса солардың негізінде жасалған тәжірибеге жүгіне отыра сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуына орай үш кезенді белгіледік:

Бірінші кезең – аморфты түбір сөздерден құралған сөйлем кезеңі (1 жас 3 айдан 1 жас 10 айға дейін). Бұл кезеңде екі кезеңше бар: олар бір сөзден құралған сөйлемдер мен бірнеше сөзден құралған. Бұл кезеңдегі сөйлемдерге тән сипат мынадай: бала өзінің қажеттіліктері мен әсерлеріне қатысты сөздерді қолданады, олармен қатар қол және дене қимылдары мен интонация кездеседі. Алғашқы кезде бала белгілі бір заттың атауы, оның қимыл-қозғалысы, дауыс шығаруы т.с.с. сипаттарға байланысты бір ғана сөзді қолданады. Мысалы, «*вың-вың*» – *мәшине, кеттік, жүреді* немесе көліктің дауысына еліктеу. Тәжірибе жұмысын жүргізу барысында осындай мысалдар жиі кездесті, көпшілігі белгілі бір тұлға не зат атауларын білдіретін зат есімдерді білдірсе, онымен қоса еліктеуіш сөздер мен былдыр сөздер де кездесті. Олардың арасында *уф-уф (су, ішу, сусын, сүт мағыналарында), әй-әй (әдемі, күшті, жақсы, керек мағыналарында), мақ-мақ (таяқ, жаман, дұрыс емес, жоқ, ұр, соғамын, кет мәнінде), сү-сү (сүт, су, ішемін, тамақ мағынасында), піш-піш (піш ету, жаман, горшок), ду-ду (ойыншық, паровоз, ойнау).*

1 жас 10 ай шамасында баланың сөйлеу тілінде алғашқыда екі, одан кейін үш сөзден тұратын құрылымдар кездеседі. Демек, сөйлеуде фраза пайда болады, бірақ оның құрамындағы бірліктер грамматикалық тұрғыдан байланыспаған, олар өзара интонация, яғни дауыс ырғағы арқылы немесе жағдаяттың ортақтығымен өзара байланысады. Көп жағдайда бұндай мысалдардағы зат есімдер атау септігінде, етістіктер тұйық түрінде немесе жекеше түрдің екінші жағында, бұйрық рай формасында кездеседі. Мысалы, *су іш, дала шық, масина ойна, кука бей, бора ұқ, садик жүй.* Балалардың тілін тексеру тәжірибесінің нәтижесінде осы жастағы сәби үлкендердің сөйлеу тіліндегі жалпы мазмұны, сөздердің лексикалық мағынасы, атаудың жалпы нұсқасын түсініп, қолданысқа енгізетінін анықтадық.

Екінші кезең – сөйлемнің грамматикалық құрылымын меңгеру кезі (1 жас 10 айдан 3 жасқа дейін). Бұған дейінгі зерттеулердің негізінде төмендегілерді анықтадық: алғашқы сатыда бала зат есімнің септік тұлғаларын (*атау, жатыс, кейбірде барыс септіктері*), етістіктің нақ осы шағының жай түрін үшінші жаққа қатысты қолданатынын (*отыр, жатыр, тұр, жүр*) байқадық. Бұл жас аралығындағы сәбилердің тілін тексеру барысында көптік жалғауларды қолдануға байланысты қиындықтар туындап, көпшілігі осы грамматикалық бірліктің орнына көп үстеуінің жиі айтатынын байқадық. Алдын ала дайындалған үлестірмелі материалдардың және көрнекіліктердің негізінде *аз/көп* ұғымдарының бекітілуі үшін көптік тұлғаны ұсынғанда балалар *мәшинелер* мысалының орнына *көп мәшине*,

ойыншықтар мысалына балама ретінде *көп-көп ойыншық* т.с.с. үлгілерді берді.

Бұған қарағанда етістіктің жекеше және көпше түрлері жіктеліп, бірінші жақтағы жіктік жалғаулар дұрыс қолданылады. Мысалы, *мен келемін, мен айттым, біз барамыз, біз кеттік* т.б. Сонымен қоса жіктік жалғаулар әр жаққа қатысты дұрыс қолданылып, белгілі бір мысалдармен байланыстырылады: *«мен бақша байамын», «сен ойнама», «ол айтты», «біз ойнаймыз», «олал жаман»*. Сонымен қатар осы кезеңнің соңына таман балалар көмекші сөз таптарын сөздерді өзара байланыстырып, синтаксистік байланысты жалғастыру үшін қолдана бастайды. Мәселен, *«Ол сен сияқты айтады», «Мен әдейі келдім», «Бірдеме гүрс етті», «Үйлердің арасында жол жоқ екен»*.

Үш жасқа тақаған шағында балада сөйлеудің грамматикалық құрылымы толыққанды бола бастайды. Осы жаста бүлдіршін көптеген шылауларды сөйлеу тіліне қосып, нақтылау, қарсылық білдіру, себеп-салдар мен шартты көрсету, мезгілдік, мекендік, мақсаттық, себептік қатынастырды білдіру мақсатында қолдана бастайды. Мысалы, *«Мен сен туралы айттым», «Балалармен бірге доп тептік», «Бақшадан кейін дүкенге барайықшы», «Мен анамды тыңдаймын, себебі ол жақсы», «Егер жаңбыр жауса, қолшатыр ұстаймын», «Апай бізге ұрысты, бірақ мен оны жақсы көремін»*.

Үшінші кезең – тілдің морфологиялық жүйесін одан қарай меңгеру кезеңі (3 жас пен 7 жас аралығында). Бұл жаста бала белсенді түрде сөйлеу шағына жетіп, өзінің құрдастары және басқа да бүлдіршіндермен көп араласып, өз ойын түрлі грамматикалық тұлғаларды қолдану арқылы білдіруге тырысады. Есім сөз таптары мен етістіктердің түрленуіне байланысты ережелерді меңгерген сәби сөз шығармашылығынан айнып, дұрыс әрі нақты формалармен сөйлеуге талпынады. Бес жасқа таман қалыпты дамыған баланың бойында барлық дыбыстар қалыптасып, дұрыс әрі нақты айтылады. Бала әр сөздің мағынасын өзінше түсіндіруге тырысады. Сонымен қоса лексикалық бірліктердің мағынасын білгендіктен әр мысалды орнымен және дұрыс қолдануға байланысты реттеуді бес жасына таман жүргізеді. Сөздердің синонимдері мен антонимдерін тауып, сөйлеу барысында баламаларды қолдана бастайды. Мектепке дейінгі жастың соңғы кезеңінде бала сөзжасам мен сөз өзгертудің барлық түрлерін меңгеріп, жұрнақтар мен жалғаулардың мағыналары және қызметтерін түсінеді. Осы жаста контекстіге байланысты әрі грамматикалық тұрғыдан дұрыс безендірілген сөйлеу тілі қалыптасады.

Бала тілдік тәжірибесі барысында тілдің негізгі грамматикалық заңдылықтарын меңгереді. Ол сөйлемді дұрыс құрады, өзінің түсінігіне сай ойын сауатты жеткізеді. Мектеп жасына дейінгі баланың алғашқы сөйлемі грамматикалық құрылымын нығайтумен ерекшеленеді. Бұл бастауыш пен

баяндауыштан тұратын, не толық жағдайды сипаттайтын бір ғана сөзден құралған жай сөйлем болуы мүмкін. Ол көбінесе заттар мен құбылыстарды сипаттайтын сөздерді қолданады. Кейінірек оның сөйлеу тілінде құрмалас сөйлемдер пайда болады, сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басқа анықтауыш пен пысықтауыштан тұрады. Осы формалармен қатар бала негізгі және көмекші септіктерді қолданады. Сонымен бірге сөйлемнің грамматикалық құрылымы қиындайды, өйткені шылау құрылымдары пайда болады. Аталмыш кезеңде диалогтық сөйлеу тілі қалыптасады, бұл оның ойын барысында өзімен-өзі сөйлесуінен көрініс табады.

4.1. Ерте жастағы баланың сөйлеу тілінде грамматикалық бірліктердің пайда болу кезеңдері

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру барысында мыналар анықталады:

- грамматикалық құрылымдарды түсіну;
- сөздерді өзгерту икемі;
- жаңа сөздерді құру икемі;
- сөйлемдер құру икемі.

Балалардың сөйлеу тілін зерттеуші А.Н. Гвоздевтің ғылыми еңбектерінде бала тілінің морфологиялық және синтаксистік безендірілу үдерісін бақылаған материалдар, аморфты сөздерден бастап толық құрамды сөйлемге дейінгі грамматикалық құрылымдар туралы деректер молынан кездеседі [9,10,11]. Ғалымның пікірі бойынша грамматикалық конструкцияларды игерудің маңызды факторы ретінде сөйлеу тілі бірліктерінің сыртқы морфологиялық құрылысы емес, олардың семантикасымен байланысты тіл құрылымындағы қызметі саналады. Зерттеушінің пікірі бойынша мынандай заңдылық туады: грамматикалық құрылымды меңгеру барысында ең алдымен күнделікті қарым-қатынасқа қажетті жай түрдегі өнімді формалар мен құрылымдар пайда болады.

А.Н. Гвоздев баланың грамматикалық категорияларды меңгеру уақыты оның нақтылығы мен көрнекілігіне тәуелді екеніне көңіл аударды. Бұл даму біртіндеп және белгілі бір дәйектілікпен жүреді. Сөйлеу тілі мынандай ретпен байытылады: бірінші зат есімдер, содан кейін етістіктер (зат есімдермен бір мезгілде деуге болады) пайда болады, ал үстеу сөздер біршама кеш меңгеріледі. Кейбір есімдіктер ерте пайда болып, жақсы меңгеріледі. Сын есімдер бір жарым жасқа таман пайда болады, ал сан есімдер кеш пайда болып, ұзақ уақыт меңгеріледі (санау және есептеу жұмыстары). Сонымен бірге бірқатар грамматикалық қатарлар туындайды (зат есімдер – жеке-ше және көптік түрде, атау, жатыс, барыс, табыс және ілік септіктерінде;

етістіктер – бұйрық, ашық, шартты райда, бұйрық райдың осы және өткен шағында).

Белгілі ғалым А.Н. Гвоздев өз ұлы Женяның сөйлеу тілінің қалыптасуын бақылау нәтижесінде бала тілін морфологиялық және синтаксистік жағынан безендірілуі, аморфты сөздерден бастап толық құрамды сөйлемге дейінгі грамматикалық құрылымдар жайында мағлұматтар жинақтаған [9].

Баланың ең алғашқы сөзі мен фразалары отбасы мүшелерінің көптен бері күткен жағдайы және ол ата-ана үшін үлкен қуаныш. Өзіне қатысты айтылған сөздерді түсініп, өзі де сөйлей бастаған бала қарым-қатынастың жаңа құралдарын иемденіп, қоршаған ортаны толығымен қабылдап, бұдан бұрын қол жеткізе алмаған білімді игереді.

А.Н. Гвоздев бір сөздік сөйлем өзінің мағынасы бойынша белгілі бір хабарламаны жеткізетін аяқталған бүтін бір ойды білдіретінін ескертті [9]. Алайда айтылым затты атап қана қоятын сөзден жағдайды бейнелейтінімен ерекшеленеді. Балалар сол сәтте не істеп жатқаны мен не көргені туралы ғана айтады. Сонымен, бір сөздік сөйлемдерді жағдаяттық сөйлеу тіліне жатқызуға болады. Ол сөйлесіп тұрған адамға ым-ишарат, қимыл, мимика, интонацияның көмегімен ғана түсінікті болады. Екі сөзден тұратын сөйлем баланың өзінің қалауын дәл жеткізудегі қажеттілігі мен бұрынғы сөйлеу тілдік қатынастың арасындағы қайшылықтың нәтижесінде туындаған жаңа қажеттілікке байланысты пайда болады. Грамматиканы меңгерудің екінші кезеңі – сөйлемнің грамматикалық категорияларының қалыптасуы мен олардың сыртқы айтылымдарының қалыптасуына байланысты грамматикалық құрылымын меңгеру. Ол жай және құрмалас сөйлемдердің әртүрлі түрлерінің жылдам өсуімен сипатталады. Үш жасқа таянғанда бала барлық септік жалғауларын және олардың көмегімен айтылатын заттық қатынасты меңгереді. Егер баланы өмірінің алғашқы екі жылында сөйлеу тілін дұрыс дамытса, онда үшінші жыл үлкен табыс әкеледі. Бала сөйлеу тілін еркін меңгереді, сұрақ қояды, сұрақтарға жауап береді, жай, тіпті құрмалас сөйлемдерді де дұрыс құрай біледі. Баланың сөздік қоры кеңейеді, сондай-ақ сөздік қорының көлемімен бірге сапасы да жоғарылайды. Оның сөз тіркестерінде сөйлеу тілінің барлық бөліктері табылады.

Отандық филолог-ғалым Т.Т.Аяпова «Сөйлеу онтогенезі» атты монографиясында: «... адам баласының тілінің шығуы бірнеше сатылардан тұратындығын және ол қарапайым бір сөзді сөйлемнен басталып, сөйлеу әрекетінің басым компоненті – семантикасы, нақтылап айтқанда оның алғашқы көрінісі – бала тілінің синтаксистік семантикасының даму негізінде бала тілі дамытындығы және синтаксистік семантика баланың бір сөзді сөйлемдегі ойы мен мақсатын тыңдаушыға жеткізуде, түсінікті етуде басты рөл атқаратындығы эксперимент нәтижесінде дәлелденді», – деп көрсеткен [13].

Осы бағыттағы көптеген зерттеулерді талдау барысында біз бала тілінің шығуы бір сөзді сөйлеммен басталатындығын, бірақ бұл бір сөзді сөйлемдегі бала ойы осы сөйлемнің мағынасы арқылы, яғни синтаксистік семантикасы мен жағдаяттың көмегімен ғана тыңдаушыға түсінікті болатындығы белгілі болды. Сонымен қатар баланың сөйлеу әрекетінің басым компоненті – бала тілінің семантикасы да бірге әр кезеңде өз қызметін атқарып, даму үстінде болып, ұғымдық синтаксис семантикалық синтаксиске ауыса бастайды да, кейін фазалық синтаксиске ұласып, бала тіліндегі әрбір сөз мағынаға ие болатындығын анықтадық.

Баланың сөйлеу тілін ерте жастан бақылау өте маңызды әрекет. Ол ересек адамның дауысы мен интонациясына еліктеп, ана тіліндегі дыбыстар және дыбыс тіркестерін қайталау былдырдан басталады. Баламен қарымқатынас кезінде ата-аналар өз әрекеттерін орындағанда ишарат пен мимиканы ғана емес, сөйлеу тілін де қолданады. Сонымен бірге ересек адамның сөйлеу тілінде диалогтық құрылым айқын байқалады, бұнда ересек адамның балаға қойған сұрағы мен сол сұраққа өзінің жауап беруі басты орын алады. Балада белсенді сөйлеу тілінің пайда болуынан ертерек ересек адаммен әрекет ететін (сұрақ қоюшы және жауап беруші) сұқбаттар туындайды және дамиды. Балада сөйлеу қызметінің сөздік түрінің қалыптасуының басында (1 жас шамасында) баланың ишарат тілі мен мимиканы түсіну қабілеті дамудың жоғары деңгейіне жетеді және сөйлеу тілін түсінудің алғышарты болып табылатын енжар сөздіктің қалыптасуына ықпалдасады.

Баланың сөйлеу тілі ерте жаста, әсіресе екі жасқа дейін белсенді түрде дамиды. Бұл кезде сөйлеу тілін дамытуға қажетті көмек алмаған балалар кейіннен бұндай олқылықтарды үлкен қиындықпен жеңеді. Осы кезеңде баланы сөзді өзі қолдануға үйрету керек, белсенді сөйлеу тілін және оған деген саналы түрдегі қажеттілігін туындату керек, белсенді сөздік қоры балаға өз ойын білдіруге көмектеседі, бұл үшін балаға қорықпай сөйлеуге мүмкіндік беріп, оның қоршаған ортаға деген қызығушылығын қолдау керек. Бала алдымен тек қана қабылдаған, содан кейін түсінген сөздерді, белгілі бір жағдайларда өз бетімен және мақсатты түрде айта бастайды.

Біз өз кезегімізде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жаңа туған нәрестеден бастап ерте жастағы балалардың сөйлеу тіліне дейінгі дайындық кезеңі мен сөйлеу тілінің қалыптасуын шартты түрде екі кезеңге бөлдік:

1) Баланың сөйлеу тіліне дейінгі дайындық кезеңі:

- нәрестелік кезеңге тыныс алу жүйесінің дауыстық реакциясын жүзеге асыруға дайындығы жатады, ол жаңа туған сәбидің жылауы, яғни «іңгәләу»;

- тек сәби тілінде ғана болатын дауыссыз дыбыстар басым болатын «әгулеу»;

- дауыссыз дыбыстарға қосылған дауысты дыбыстардың «әндете» айтылуынан туындайтын «үілдеу»;

- тамақтық, жұтқыншақтық, еріндік шулар мен белгісіз жеке сөздік дыбыстар, еліктеуден туатын жіктелмеген дауыстық дыбыстардан тұратын сөйлеу тілінің алғашқы формасы ретіндегі «былдыр». Бұл жағдай негізінен 3 айдан 6 айға дейінгі кезеңде басталады. 6 айдан асқанда сөздік дыбыстардың құрылуы мен буындарды синтездеу, олармен сыртқы тітіркендіргіштерге жауап беру байқалып, болып жатқан жағдайға байланысты 4-5 былдыр сөзді пайдалана бастайды. 9-12 ай ішінде буындар тізбегін синтездеу және оларды автоматтандыру болады.

Бала өмірінің алғашқы апталарынан бастап әлеуметтік байланысты қажет етеді. Сәби оны бағып-қағатын ана (не өзге тұлғаның) арасында сөйлеу тіліне зор әсер ететін ішкі рухани байланыс пайда болады. Осы байланысты үзбей жалғастыруға екі жақ та (бала мен ересек адам) барын салады. Ол үшін негізгі құрал ретінде сөйлеу тілін пайдаланады. Сөйлеу қажеттілігі мен тілдік орта сияқты екі фактордың бірлесуі ғана баланың сөйлеу тілінің дамуына мүмкіндік береді. Ерте жастағы бала айналадағы барлық дыбыстарға құлақ түріп, оларға еліктеуге тырысады. Жануарлардың дыбыстауы, құстар әуені, музыкалық аспаптардың дыбысы т.с.с. баланың қуанышты эмоцияларын тудырып, оларда тілдік реакциялардың болуына себеп болады. Дегенмен адам дауысының басты рөл атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Ана бұны іштей сезінгендіктен баламен үздіксіз тілдесуді қалайды. Бала анасының айтқандарын түсінбесе де, оны зер салып тыңдайды, ернінің қимылын бақылайды, сөйтіп сөйлеу тілін тек есту арқылы ғана емес, көру арқылы да қабылдайды, онымен қоса анасына еліктейді, жымияды, ым-ишарасын қолданады және былдырлайды.

Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің даму кезеңіне «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес 1 жас пен 2 жас аралығы кіреді. Бір жасқа келген кезде бала дауыс аппаратын жаттықтыруын аяқтайды, ол сөйлеу тіліне саналы түрде еліктей бастайды. Кейін ол жақсы меңгерген түсінікке байланысты алғашқы сөздерді саналы түрде айтады. Бұл байланыс баланың рефлекторлық қорынан алынған сөздерді үлкендер бірнеше рет қайталауы арқылы орнығады. Алдымен естіген сөздерді ұғыну қалыптасады. Сөйлеу тілін белсенді қолдану қабілетіне қарағанда түсіну әрекеті ерте байқалады. Балалар өздері сөйлемей тұрған кезде-ақ айтылған сөзді ұға бастайды. Жалпы адам баласында енжар сөздік қоры белсенді сөздік қорымен салыстырғанда сандық жағынан артық болады.

Екі жасар балада қарым-қатынасқа араласу мен қоғамға ынтығу байқалады. Бала өз қалауын сөзбен жеткізуді меңгерген соң ол өзін тыңдау, онымен әңгімелесуді талап ете бастайды. Баланың осы қажеттілігін сөйлеу тілін дамыту мақсатында кең пайдалану керек. Өйткені көп әрі са-

налы түрде сөйлескен баланың жеке дамуы қарқынды болып, сөйлеу тілі тез қалыптасады. Бұл жастағы баланың сөйлеу аппараты толық жетіле қоймағандықтан кейбір дыбыстар мен сөздерді бала мүлдем айтпайды немесе бұрмалап айтады.

Баланың ойлауы көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелік сипатта болғандықтан, ол алдымен көрнекі түрде ұсынылған немесе оның іс-әрекетіне қолжетімді заттардың аттарын меңгереді. Бұнымен баланың сөздік қорында абстрактілі ұғымдардың болмауын да түсіндіруге болады. Жасы өскен сайын балада тілдік қарым-қатынасқа қажеттілік туады. Ол бір нәрсені алғысы, сұрағысы немесе айтқысы келеді. Бұл қажеттілік оның бүкіл әрекетімен еріп жүреді, белсенді сөйлеуінің пайда болуына жағдай жасайды. Мысалы, 1 жастан кейін балада сөйлеу тілі қарқынды дами бастайды, алғашқы сөздері пайда болады. Әрине олар әлі «автономиялық» түрде, тек балалардың өздеріне және олардың жақындарына түсінікті болады. Бала алғаш рет өзі үшін ашылып, одан қоршаған ортадағы заттардың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айқындайды, осыдан оның тілдік дамуында тілдің сапалы жағын таңдау басталады.

Бала бір жасында сөздік форманы қолдана жауап бере алмайды, бірақ жауап қандайда белгілі бір қимыл немесе әрекет ретінде көрінеді. Сөздердің мағынасын түсінуін дамыту үшін ересектер әртүрлі әрекеттер, әсерлер және дыбыстарды айтуын орындауға құлшындыру сияқты қарым-қатынас түрін дамыту қажет. Мұндай қатынас өзі игерген қозғалыстан құрылады: «*тұр*», «*отыр*», «*жат*» т.б. сөздер мен оларды қолдана отыра сөйлемді айта отырып әртүрлі жаңа қозғалыстарды балаларға үйрету қажет деп есептейміз.

Бала өмірінің бірінші жылында ересек адамдардың сөздерін белсенді түрде тыңдайды, ересек серіктестіктеріне жауап ретінде және айналасындағы адамдарды шақыру үшін сөйлеу тілінің грамматикалық бірліктерін біртіндеп пайдалана бастайды.

4.2. Екі-төрт жастағы баланың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасу ерекшеліктері

Бала өмірінің үшінші жылында ана тілін меңгерудің маңызды кезеңі – оның грамматикалық құрылымының қалыптасуы басталады. Бәрімізге белгілі болғандай грамматикалық жүйенің морфологиялық және синтаксистік деңгейі бар. Морфологиялық деңгей А.Н. Гвоздевтің пікірінше: «сөз өзгерту және сөзжасам тәсілдерін меңгеру; синтаксистік – сөйлем құрастыра білу, сөйлемдегі сөздерді грамматикалық дұрыс үйлестіре білу». Балада тілінің морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің дамуы тығыз байланыста болады. Сөздің жаңа формаларының пайда болуы сөйлемнің

құрылымын күрделендіруге ықпал етеді және, керісінше, ауызша сөйлеуде сөйлемнің белгілі бір құрылымын қолдану сөздердің грамматикалық нысандарын бекітеді. Ғалым-лингвист А.Н. Гвоздев бұл үдеріс үшінші жылдың екінші жартысында қарқынды өтетінін атап өтті [11].

Үшінші жылдың екінші жартыжылдығында балалар синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін қажетті қызметтік сөздерді (шылаулар мен қосымша сөздер) белсенді меңгереді. Баланың сөйлеу тілінде күрделі сөйлемдер пайда болады, олардың саны төртінші жыл бойы айтарлықтай өзгермейді. Грамматикалық тұрғыдан баланың сөзі әлі дұрыс қалыптаспаған. Бала сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырса да, олардың жекеше және көпше түрлерін дұрыс қолданады, бірақ септік жалғауларды қолдануда қателіктер жібереді. Ол етістіктің осы және өткен шағын ажыратады және дұрыс пайдаланады («*Мама кетіп қапты. Папа машина айдап кетіп қапты*» – 2 жас 10 ай. «*Мен қуыршақ ойнап отырмын. Кешке қонаққа барамыз*» – 3 жас 4 ай). Балалардың жауаптары негізінен қарапайым сөйлемдерден тұрады, бірақ оларда жиі толықтырулар пайда болады. Бұл кезеңде сөйлемнің құрылымын 3-4 сөзге дейін кеңейтуі байқалады: «*Қайтадан сесіп қояйн*» – «*Қайтадан шешіп қояйын*», «*Запырақта сарғайып тусту*» – «*Жапырақтар сарғайып түсті*», «*Бауын сесіп қапты*» – «*Бауым шешіліп қалыпты*», «*Аи ескім зок*» – «*Әлі ешкім жок*».

Үш жаста баланың сөздік қорында барлық сөз таптары бар (зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімшелер, етістіктер т.б.). Сын есімдердің көмегімен бала заттардың өлшемін ғана емес, олардың түсін, қасиеттерін, сапасын, пішінін атайды: «*ак саник*», «*кизил доп*» (ақ шарик, қызыл доп). Өмірінің үшінші жылында бала суретте бейнеленген әртүрлі әрекеттер мен таныс заттарды танып, атай алады («*ит жүгіреді*»), бірақ бұл жаста жайылған фразалар әлі құрылмайды.

Балалар алдымен жай сөйлемдерді, ал жылдың соңына қарай күрделі сөйлемдерді пайдалана бастайды, бірақ соңғылары өте сирек қолданылады. Жыл соңына қарай бала ересектерден не көріп, білгенін еркін айта алатындай дәрежеде сөйлейді, бірақ оның сөзі әлі де жағдаятқа байланысты. Өмірінің үшінші жылы бала мазмұны қарапайым және көлемі шағын ертегіні қабылдай алады, мазмұны бойынша кейбір сұрақтарға жауап бере алады. Алайда ертегінің мазмұны баланың өмірлік тәжірибесіне жақын болуы керек. Ертегіні мазмұндау кезінде бала ересек адамдардың артынан жеке сөздер мен сөз топтарын жалғастыруға қабілетті. Бірнеше рет оқылған шағын мәтіндерді ол толығымен есінде жатқа сақтайды; балалар өз бетімен мәтінді байланыстырып, мазмұндап бере алмайды (дегенмен кейбіреулері жыл соңында осы тапсырманы оңай орындайды). Егер мәтінде жауап бар болса, бұл жас кезеңінде балаға қарапайым жұмбақтарды шешу мүмкін болады: мысалы, балаға таныс дыбыстарға еліктейтін сөздер бар жағдайда («*Екі мүйізі бар. Сүт береді. Мууу деп шақырады. Бұл не?»*).

3 жаста бала: үй-тұрмыстық заттар мен жақын даму аясындағы заттардың атаулары, заттардың бөліктері, олардың сапасын (*көлемін, түсін, пішінін, материалын*) түсінеді. Сын есімдер негізгі түстерді (*қызыл, сары, ақ, жасыл*), заттардың көлемін (*үлкен-кіші*), кейбір заттардың сапасы мен тамақтың дәмін білдіретін (*таза, кір, ыстық, суық, тәтті, ащы*) сөздер ретінде қолданылады. Етістіктерді тамақ ішу мен киіну, басқа да күнделікті қажеттіліктер мен үдерістерге қатысты сөздерді дұрыс әрі орынды білдіру үшін пайдаланады. Үстеулер мезгіл (*қазір, бүгін, ертең, түн, кеш*), мекен (*анда, мұнда* т.б.), сын-сипат (*жақсы, ақырын, тез*), мөлшер (*аз, көп*) т.б. білдіру мақсатында кездеседі. Есімдіктердің жіктеу (*сен, мен, ол*), *сілтеу* (*анау, мынау, сол*), *сұраулы* (*кім?, не?, қашан?*) түрлері кең қолданыста.

4 жастағы баланың сөйлеу тілінде жинақтауыш зат есімдер (*ыдыс-аяқ, киім, жиһаз, көкөністер, жемістер, мамандықтар*), заттардың бөліктерін білдіретін зат есімдерді молынан кездестіруге болады. Сын есімдер қосымша түстерді (*көгілдір, қара, қызғылт*) білдіріп, қатыстық сын есімдер *үй-дей, сүзе-ген* т.с.с. белгілі бір қасиеттерді білдіретін анықтауыштар ретінде қолданылады. Еңбек және жұмыс жасауға байланысты іс-әрекеттерді білдіретін етістіктерді жиі пайдаланылады. Осы жаста үстеулер мен көмекші сөздерді кеңінен пайдалана бастайды. Сөйлеу барысында адамдардың жағдайы мен көңіл-күйін жиі сипаттайды.

Үш жастан кейін сөзжасамды меңгеру басталады. Бұл үдеріс мектепке дейінгі кезеңге дейін созылады. Алдымен балалар қандай да бір жұрнақтарды қолданған кезде қателіктер жібереді. Таңсық сөздер пайда болады. Мұндай сөз шығармашылығы мектепке дейінгі балаларға тән және 6-7 жаста морфемдік жүйені меңгеру аяқталған кезде жоғалуы мүмкін. Кейбір жұрнақтарды қате қолданған балалардың өз сөздері, балалар қолданатын морфемалардың мағынасын түсінетінін көрсетеді, алайда оларды сөйлеу тілінде қалай қолдануды әлі естерінде сақтамаған, яғни олар сөйлеу нормаларын игермеген. Мұндай қателердің байқалуы емес (бұл морфемдік жүйені меңгеру үдерісі жүріп жатқанын айтады), ал олардың сөздік қорының аздығынан болмауы аса назарды қажет етеді. Балалардың неологизмдерінің мысалдарын келтіре кетейік: ұқсастық бойынша *«жұр» – «секір»*: *«Бақа былай жүреді»*. Аналогия бойынша *«малшы» – «малғашы»*: *«Қой бағатын адам – малғашы»*. Бұл жастағы балалар жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді (*түйенің төлі – бота, ботақан; сиырдың төлі – бұзау, қойдың төлі – қозы, ешкінің төлі – лақ*), балалардың арасында сөздерді түрлі тәсілдермен жасай алатындары кездесті (*көрпе – көрпеше, таяқ – таяқша, су – сушы*), зат есімдерді жеке-ше және көпше түрде қолдану дағдылары дамыған (*кітап – кітаптар, көрпе – көрпелер, қарындаш – қарындаштар*); әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру дағдылары дамыған. Қалыпты жағдайда дамыған балалар арасында

«сөз жасамайтыны» болмайды. Мағыналық қате жоқ, арасындағы қателері әдеби тілде сөз түбірі қандай морфемамен қолданылатынын балалардың естеріне сақтамауында. Егер сөзжасамдық нормаларды бала меңгере бастаса, онда негізгі тіл бөліктерінің сөзжасамдарын меңгерді деуге болады.

Септеу мен жіктеулердің өнімді типтерін бақылап, грамматикалық формаларды дұрыс қолданады деп айтуға болады. Сонымен қатар осы жаста аграмматизмдер кездеседі, себебі балалар септелудің өнімді типтерін үш жасындағыдай өнімсізге көшіреді. Әрине бұл жаста мұндай қателер аз.

4.3. Төрт-алты жастағы баланың сөйлеу тіліндегі грамматикалық жүйе

А.Н. Гвоздевтің деректері бойынша төрт жасар баланың сөздігінде зат есімдер 50,2%, етістіктер 27,4%, сын есімдер 11,8%, үстеулер 5,8%, сан есімдер 1,9%, шылаулар 1,2%, көмекші сөздер 0,9%. Баланың сөздік қоры жаңа қызмет түрлерімен байланысты сөздермен (*бейнелеу, құрастыру, музыкалық, әдеби, театр және ойын*) толықтырылады.

Осы жаста сөздік қор уақыт пен кеңістікті білдіретін үстеулермен толықтырылады. «Сөз шығармашылығы» пайда болады, яғни сөзжасамдық модельдерді меңгерудің басталғандығы байқалады. Балалардың сөздерінде заттардың белгілері мен сапасын белгілеу (*үлкен, кішкентай, жалпақ, қызыл, жылтыр*), түстерді анықтау үшін қолданылатын сын есімдер жиі пайда болады, негізгілерден басқа қосымша түстердің (*көгілдір, қара, қызғылт сары*) атауларын біледі және атайды. Тәуелдік формалары пайда болады – түлкінің құйрығы, қоянның құлағы, заттардың қасиеттері мен сапасын көрсететін сөздер, жасалған материалдар (*темір кілт, ағаш орындық, шыны кесе*) қолданыста бар. Үстеу, есімдік, кеңістікке қатысты сөздерді білдіретін (*асты, үсті, жоғары жағы, жаны, жан-жағы* т.б.) сөздер кеңінен қолданылады.

Төрт жастағы баланың сөздік қорында мамандықтардың атаулары, заттардың бөліктері, заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін зат есімдер бар. Зат есімдер мен етістіктердің саны ғана емес, басқа да сөз таптары да артады. Әсіресе баланың сөздігі үстеу арқылы байытылады. Кеңістік пен уақыт ұғымдарымен танысқан балалар *алыс, ерте, кеш, артынан, жақында* және т.с.с. сөздерді меңгереді. Төрт жастың соңына қарай балалардың көпшілігі 1, 2, 3 сандарын қажетті заттардың санымен салыстыра алады, яғни осы сандарды саналы түрде пайдалана бастайды. Жіктеу есімдігінен басқа тәуелдік есімдігі қолданылады: *менің, сенің, оның, біздің*.

Төрт жастағы балалар белгілі бір затты сол затқа тән түспен жақсы байланыстырады. Сөздерді жақ, шақ, септіктерде қолдана біледі, заттың орнын

(жоғарыда, төменде, алыста, жақында) анықтау дағдылары жетіле бастайды. Зат есімдер мен көмекші есімдерді байланыстырып айтады (*үстелдің астында, талдың басында, есіктің артында* т.б.). Сөздерді көпше және жеке-ше түрде айтады.

5 жаста мамандықтарды білдіретін зат есімдерді; заттардың белгілерін білдіретін анықтауыштарды; адамдардың еңбекке деген қатысын білдіретін үстеулерді; адамдардың еңбек қызметтерін білдіретін етістіктерді; мағыналары ұқсас жалпылауыш сөздерді пайдаланады. Сын есімдер, зат есімдер, етістіктер мен көмекші сөздерді дұрыс және мағынасына қарай нақты қолданады.

Бұл жастағы балаларда сөйлеу тілі этикеті, түбірлес сөздерді жасау және қолдану, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдылары қалыптасады. Интонациясына байланысты (хабарлы, сұраулы, лепті) сөйлемдерді ажыратып, сөйлеуде қолдана білуі дамыған. Балалар сөзжасам формаларын үйренген, морфемдер өз орындарын алады, сөз шығармашылығы жағдайлары азая түседі. Көп жағдайда сөзжасау және сөзөзгертулері дамыған. Дыбыстардың кезектесуімен (қалаймын – қараймын), номинативті жағдайларда зат есімдердің көпше формаларын қолдануда қателер болуы мүмкін, мысалы, бала – *балдар*, кітап – *кітаптар*, қасық – *қасықтар*, дәптер – *дәптерлар*. Балалардың кейбіреуінің өзіндік сөйлеуінде етістіктердің саны көбейеді. Белгілі бір жағдайларда балалар құрдастары немесе ересектермен бірлесе отырып суреттер мен безендірулерді қарап отырып, әңгімелеп, тілін жетілдіре түседі. Етістіктерді қолдана отырып, басқа да сөз таптары арқылы тілдің грамматикалық құрылымы күрделене түседі.

Сөздердің кейбір күрделі түрлері, мысалы ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрі (*балалардың, ойыншықтардың*) айту кейбір балаларда қиындық туғызады. Зат есіммен сан есімді үйлестіруде қателер байқалады. Салалас құрмалас және сабақтас құрамалас сөздерді айтқанда қиналады (*Мама, ерте тұрғанда, балабақшаға кешігіп келмес едік*).

Алты жасар баланың қарапайым сөйлемдерден тұратын сөздері күрделі сөйлемдермен ауыстырылады. Мысалы, *«Біз кеше серуенге бардық және көлдің жағасында ойнадық»* немесе *«Маған мәшине бер, бірақ көк емес, қызылды, себебі ол тез жүреді»*. Алуан түрлі лексикалық және грамматикалық құралдарды (бір күні, бірде, келе жатып, естідік, қаштық, күлдік, үйге кеттік), көрнекіліктер, заттар, сұрақтар, жұмбақтар және т.б. қолданады.

Мәнерліліктің интонациялық құралдарын (*қарқын, ырғақ* және т.б.) қолдана алады. Сөйлегенде көп қолданылатын сын есімдер, етістіктер, үстеулер, жалғаулар, жалпы мағыналас зат есімдерді қолданады. Жіктік жалғауларды қолданып, сөз өзгертулері жақсы дамыған (*мен — дәрігермін, сен — дәрігерсің, ол — дәрігер, олар — дәрігер (олар — дәрігерлер)*). Алай-

да ішінара «*Сен дәрігерсіз, Сен ұстазсыз, олар дәрігер... (олар дәрігерлер)*» деп жауап бергендер байқалды. Зат есімдерді жіктік жалғауларды жалғау арқылы сөз өзгерту мысалдары мынадай болды: *Менің шыршам, сенің шыршаң, оның шыршасы, Сіздің шыршаңыз, Сіздердің шыршаңыз (шыршаларыңыз), біздің шырша (шыршаларымыз).*

Септік жалғауларды (*ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес*) жалғап, сөз өзгерту жақсы дамыған. Зат есімнің септіктерін қолдануын тексеру үшін балаға суреттер ұсынылып, сұрақтар қойылды: «*Тәрелкенің жанында не тұр?*», «*Қыз көжені немен жеп отыр?*», «*Қыз нені жуды?*» т.б. Бала сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрайды: «*Мысық орындықта жақта отыр*», «*Мысық орындықтың астында отыр*», «*Мысық орындықтың астынан шықты*», «*Доп орындықтың үстінен ұшып өтті*», «*Ит бұрыштан қарап тұр*» т. б.

Зат есімдерден етістік тұлғаларын жасау дағдылары қалыптасқан «*Кім не істеп жатыр?*» – «*Сапар орындықты шегелеп жатыр. Айсұлу гүлдерді суғарып тұр. Әжем княр тұздап жатыр*». Кішірейту мағынасындағы жұрнақтардың көмегімен жасалған зат есімдерді қолдану балалардың көпшілігінде қалыптасқан: «*Мен үлкен заттарды атаймын, ал сен оларды кішірейтіп айт: кітап – кітапша; кілем–кілемше, қап –қапша, үй – үйшік*». Жинақтық сан есімдерді жасауы жақсы дамыған: *бір – біреу, екі – екеу, төрт – төртеу, бес –бесеу; қатыстық сын есімдердің жасалуы: суы жоқ жер – су-сыз жер, үйі бар – гүлі көп – саябақ; қатыстық сын есімдердің жасалуы: мереке – мерекелік, мемлекет – мемлекеттік, жыл–жылдық; қатыстық сын есімдердің жасалуы: тоғайы көп жер – тоғайлы жер, күші көп бала – күшті бала.*

Ересектер және мектепалды даярлық топ (сыныптарында) балалардың ойын немесе басқа іс-әрекет барысындағы сөйлеу белсенділігі төмендейді, себебі бұл жаста сыртқы сөйлеу тілі ішкі сөйлеу тіліне айналады. Бұл жастағы балалардың тілі грамматикалық жағынан күрделі және лексикалық жағынан жетілгендіктен, ортаңғы топ балаларына қарағанда досына бір нәрсені түсіндіру жағдайлары азаяды. Ойын кезіндегі өздік сөйлеуі ретінде өтініштері мен тілектері басым болады. Балалар ойын әрекеті барысында грамматикалық жағынан қарапайым тілді қолданады.

Осы жаста кейбірде бір сөйлемде синтаксистік қатынастар грамматикалық жағынан дұрыс болса, басқалары қате болады, сол себептен сөйлем грамматикалық жағынан жартылай ғана дұрыс деп есептеледі. Балалармен жұмыс істейтін педагогтар және ата-аналар балалар жаңа сөздерді қолданғанда оларды меңгерілген нормалар мен ережелерге сәйкес өзгертіп, сөздің дыбысы мен формасына саналы түрде бағдарлай алады деп айта алады. Олар құрастырған сөздерінен рахат алады, сөздің орнына дыбысқа ұқсас басқа мағынаны пайдаланады. Бұл жаста бала тілінің

деңгейі ересек адамдардың тілдік мәдениетіне тікелей байланысты. Егер ересектердің тілі грамматикалық жағынан дұрыс, айқын, эпитеттер жиі кездесетін болса, әрі ол мазмұны бойынша бай болса, ересектер баланың сөзін уақытылы түзеп отырса, баланың тілі бай, анық және толыққанды дамыған болады деп сеніммен айтуға болады. Балалар осы жаста дыбыстық талдау мен грамматикалық ережелерді толығынан меңгерген. Сөздердегі буын, сөйлемдегі сөздердің санын анықтай алады.

Қазақ тілінің грамматикасы, лексикалық және грамматикалық мағынаны ажырата отыра белгілі отандық ғалым филолог Н. Оралбай «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты еңбегінде мынадай тұжырым жасайды: «Грамматикалық мағына сөздің лексикалық мағынасымен бірге, оған қосыла жүріп байланысты ойды білдіру қызмет атқарады. Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының мынандай ерекшеліктері бар. Сөздің лексикалық мағынасы түбір сөздер арқылы беріледі. Мысалы: *қағаз, күн, ай, көз, жүзік* т.б., ал грамматикалық мағына түрлері грамматикалық көрсеткіштер арқылы түбір сөзге үстеледі. Мысалы: қағаздар бұл сөздегі көптік мағына көптік жалғау арқылы берілген. Жалпы грамматикалық мағына сөйлемдегі сөз атаулының құрамында үнемі болатын басқа грамматикалық мағыналармен бірге жарыса, қабаттаса жүретін, қолданылу аясы кең мағына» [17].

5. ЕРТЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5.1. Екі жасқа дейінгі баланың байланыстырып сөйлеуінің алғышарттары

Бүгінгі таңда баланың сөйлеу тілі неден басталатынын, қарым-қатынас барысында тілдік белгілер қалай қолданылатынын, фонетикалық бірліктер, грамматикалық формалар мен лексикалық мағына бала тілінде қай кезде қалыптасатынын дәлелді түрде зерттеп, байқаған және баланың алғашқы сөйлеуіне тән басқа да заңдылықтардың қалыптасуына байланысты теориялық еңбектер ғылыми ортада жеткілікті. Дыбыстар жүйесінің меңгерілуіне қатысты Г.М. Лямина, М.М. Алексеева, А.И. Максаков т.б. зерттеулері бар [29, 30, 31]. Ана тілінің сөздік қорын балалардың меңгеру мәселелерін зерттеуде мол үлесін қосқан ресейлік ғалымдар В.И. Логинова, Ю.С. Ляховская, А.Н. Богатырева, В.В. Гербова, В.И. Яшина, Е.М. Струнина т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады [32, 33, 34, 35, 36,]. Сөйлеу тілінің морфологиялық және синтаксистік дамуын Ф.А. Сохин, А.А. Захарова, В.И. Ядэшко т.б., сөзжасам түрлерін А.Г. Арушанова, Г.И. Розенгард-Пупко зерттеген [21, 19, 37, 38, 39]. Балалардың сөйлеу тілі тұрғысынан даму үдерістерін сөйлеу онтогенезі бойынша жүргізілген М.И. Лисина, А.Г. Рузская, Е.О. Смирновалардың еңбектері аша түседі [40, 41, 42].

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын меңгеруіне қатысты А.Н. Гвоздев, Д.Б. Эльконин, А.М. Шахнарович, С.Н. Цейтлин т.б. ғалымдардың зерттеулерін атап өту қажет [9, 18, 27, 43].

Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин, А.В. Запорожец, А.А. Леонтьев сияқты ғалымдар бала тілінің, яғни сөйлеудің онтогенезде дамуы және қалыптасуы баланың адам және затпен қарым-қатысы арқылы таным деңгейінің өсуіне тығыз байланысты екендігін атап өткен еді [44, 45, 18, 46]. Бала тілінің дамуы және қалыптасуы баланың затпен қарым-қатынасының күрделенуіне де байланысты болады. Бала заттармен (ойыншықтары, киім-кешектері, үй заттары және басқа да заттармен) өзге тұлғаның көмегімен қарым-қатынас жасау арқылы ғана ересек адамдарда болатын қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгере алатындығын бүкіл педагогикалық, психологиялық ғылыми зерттеулерде айқындалған.

Жылдан жылға сөйлеу әрекетінің сөйлеу тілі онтогенезді барысында және даму ерекшелігі мен қалыптасуына лингвистердің ғылыми қызығушылығы өсіп, өздерінің ең маңызды зерттеу объектілерінің бірі етіп алғанын көптеген ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады: Е.С. Кубрякова, А.М. Шахнарович, Е.И. Исенина, И.А. Зимняя, В.К. Харченко, Н.И. Лепская, т.б.[47, 33, 27, 48, 49, 50, 51].

Бала тілін лингвистика мен психолингвистиканың үлкен бір тың саласы ретінде терең зерттеген А.М. Шахнарович бастап кеткен Ресей Тіл білімі институтының «Сөйлеу әрекетінің онтогенезі» бөлімінің ғалымдары бала тілінің дамуын үлкен күрделі үдеріс ретінде лингвистика мен психолингвистика салаларында көптеген ғылыми нәтижелерге жетіп, құнды ғылыми тұжырымдар қосуда.

Баланың сөйлеу әрекетін жалаң лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мүмкін емес, себебі бала тілінің шығуы мен дамуының себеп-салдарын психолингвистикалық арнайы зерттеулерден табуға болады. Сондықтан да біз осы зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында психолингвистикалық және лингвистикалық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерге жүгіндік.

Баланың ересек адамдармен қарым-қатынасы әлеуметтік сипатқа ене бастайды. Бала тілінің дамуын зерттеуде оның танымдық деңгейі мен зердесінің өсуі және қарым-қатынасының ұлғаюымен тығыз байланыстырып қарау керек екендігіне аса мән берілді. Баланың ересектер және өз ортасымен қарым-қатынасқа түсуге оның танымы өскен сайын құштар екенін ғалымдар ерекше атауда, осы мәселе бала тілінің дамуының басты қозғаушы күші екендігін де тәжірибе нәтижелері айқындап отыр.

Баланың дауыстауы арқылы берілетін белгілердің дамуының өзіне тән ерекшелігі бар. Баланың дауыстауынан туындаған төмендегідей белгілер баланың өз ортасымен қарым-қатынасқа түсуінің бірден бір құралы екенін байқатады: баланың дауыс ырғағының төмендеуі, яғни қасындағы адамға бірдене жасауды мақұлдатуы және талап қоюы; баланың дауыс ырғағының көтеріліп айтылуы – өтініші; баланың бетін тыржитып, басын шайқап айқайлауы – келіспеуі; баланың дауысының бәсеңдеп, мүлде үндемей қалуы – келісіп мақұлдауы/немесе келіспеуі де мүмкін деп жоғарыда айтылған ғалымдардың тұжырымы дәлелденеді.

А.Н. Гвоздевтің зерттеулерінде бала тілінің морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан безендірілу үдерісін бақылаған материалдар, аморфты сөздерден бастап толық құрамды сөйлемге дейінгі грамматикалық құрылымдар туралы деректер бар [9, 11]. Ғалымның пікірінше грамматикалық конструкцияларды игерудің маңызды факторы ретінде тіл элементтерінің сыртқы морфологиялық құрылысы емес, олардың семантикасымен байланысты тіл құрылымындағы қызметі саналады. А.Н.

Гвоздевтің пікірі бойынша мынандай заңдылық туындайды: грамматикалық құрылымды меңгеру барысында ең алдымен күнделікті қарым-қатынасқа қажетті жай түрдегі өнімді формалар мен құрылымдар пайда болады.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың аясында 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалардың сөйлеу тілін зерттеу барысында тілі қазақ тілінде шыққан балалардың сөйлеу тілі онтогенезіне байланысты мынандай жайттарды байқадық. Расында да, бала тілі үлкендермен (ата-анасы, аға-апалары, ата-әжелері т.б. туыстары) қарым-қатынас кезінде уілден бастап дамып, былдыр сөздер, аморфты түбірлер, ортақ сөздер мен жасына сай сөздік қор бірліктеріне дейін жететініне көзіміз жетті. Күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты лексикалық бірліктерді артикуляциялық базасының дамуына қарай толық немесе қысқарған не өзгеріске түскен түрде қолдана отыра бала қажеттіліктеріне сай сөздік қорын дамыта түседі. Ойын түрінде берген тапсырмаларды орындау барысында ойыншық, дене мүшелері, бет бөліктері мен жануарлар атауларын атай отыра жаңа бірліктерді меңгереді. Мәселен, бұған дейін мал төлдерінің барлығын «*бөле*» десе, тәрбиеші немесе тәжірибе жүргізуші тұлғаның көмегімен «*бұзау, лақ, қозы, бота, көжек*» т.б. осы сияқты жаңа сөздерді атайды.

Сөйлеудің фонетикалық құрылымына келетін болсақ, бала дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтып отырған буындар мен сөздердің құрамында атай алатынын немесе кейбір фонетикалық бірліктердің қалыптаспағанын байқай отыра тәжірибе өткізуші адам өзінен кейін жаңа мысалдарды қайталауды сұрайды. Бұндай жұмыстың барысында баланың фонематикалық естуі де бағаланады, сондай-ақ дыбысқа еліктеушілік қабілеті және дыбыс жинағы тексеріледі. Фонематикалық дамуы жаңа ғана басталу кезеңінде баланың сөзді қабылдауында және буынды айтуда қиындықтар туатынын ескеру қажет екендігін айтып кеткеніміз жөн.

Белгілі психолог ғалым Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілуі және даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалардың жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан пайда болып, неден жасалатындығын түсінуге тырысатындығын көрсетті [52, 53]. Бала алғашқы сөздерді түсіне бастағаннан-ақ оның ортамен тілдік қарым-қатынасы қалыптаса бастайды. Бала тілінің шығуы оның психикалық дамуына күшті ықпал етеді. Әрбір сөз баланың ақыл-ойының даму деңгейін байқатады.

Н.М. Щелованов, Н.М. Аксарина және басқа да ғалымдар сөйлеу тілінің алдындағы вокализацияны баланың әлеуметтік тәртібінің түрі болып табылатын «жандану кешенінің» құрамына ендіреді [54, 55]. Вокализацияның көмегімен өз ынтасымен ересек адамдардың зейінін өзіне аударады, дыбыстардың көмегімен ересек адамдарды жанында ұстап тұруға тырысады, олардың көмегімен өзіне жайлы екенін немесе жайсыздықты сезінуін хабарлайды.

Бала өмірінің бірінші жылында ересек адамдардың сөздерін белсенді түрде тыңдайды, ересек серіктестіктеріне жауап ретінде және айналасындағы адамдарды шақыру үшін сөйлеу тілінің алдындағы вокализацияны пайдаланады. Бала сөйлеу тілінің пайда болғанына дейін 50-ден 100-ге дейінгі сөздердің мағынасын түсінеді. Бала шамамен 8 айында өзі естіген дыбыстарға еліктей бастайды. Осыларға қарап сөйлеу тіліне дейінгі кезеңнің өзінде балада айналасындағы ересек адамдардың сөйлеу тілінің дыбыстарына деген ерекше қатынас қалыптаса бастайды. Ол сөйлеу тіліне жатпайтын басқа дыбыстардың ішінен сөйлеу тілі дыбыстарын ерекшелуден және сөйлеу тілін қабылдаудағы эмоциялық сезімнің жоғарылауымен сипатталады.

Балалар жағдаяттық-іскерлік қатынастың жоғарғы деңгейіне көшкеннен кейін де эмоциялық байланыстың маңызы кемімейді, керісінше, арта түседі, себебі бала және ересек адам бір-бірімен байланысын бағалауға, сондай-ақ бірлескен қызықты әрекетке қатысты практикалық икемділіктер және қабілеттер де енеді. Балалардың жанында өздері жақсы көріп, бауыр басқан адамдары болғанда, өздерін сенімді сезініп, қоршаған ортада еркін бағдарлай алады, өздерінің зейінін жағдаяттық бір элементтен басқаға дер кезінде аудара алады, сондықтан олар ересек адамның талабына қарай заттың түрі мен оның атауының арасындағы байланысты жылдам таба алады.

Бала өсе келе оның қарым-қатынасқа деген қажеттілігі туындайды. Ол бір нәрсені алғысы, сұрағысы, айтқысы келеді. Бұл қажеттілік оның бүкіл қызметіне ілеседі, белсенді сөйлеу тілінің пайда болуының алғышарты болады. Бала бір жасқа толғаннан кейін (қалыпты дамуы жағдайында) оның белсенді сөйлеу тілі дамып, бірінші сөздері пайда бола бастайды. Бірақ олар әлі «автономиялық», тек баланың өзіне және оның жақындарына ғана түсінікті болуы мүмкін. Бала бірінші рет жаңалық ашады, оның қоршаған заттардың барлығының атаулары бар екенін біледі, осыдан бастап оның сөйлеу тілі де қарқынды дами бастайды.

Бала өмірінің бірінші жылында жауапты сөзбен бере алмайды, дегенмен қандай да болмасын бір қимыл немесе әрекетпен жауап береді. Жыл соңында бала ересек адамның сөйлеу тіліндегі жалпылау мағынасындағы кейбір сөздерді қабылдай бастайды. Ол болып жатқан жағдайға сәйкес айтылған «болмайды» сөзін түсінеді. Оның тәртібін сөздің көмегімен реттеу мүмкін бола бастайды. Балалармен қарым-қатынаста ойыншықтар, киімдер, жиһаз атауларын тізіп айту үдерісіне байланысты іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді (*іш, жат, тамақ же* және т.б.), қимылдарды, ересек адамдар мен балалардың есімдерін, дене, бет мүшелерін атауларын білдіретін сөздердің санын біртіндеп арттыру керек. Баланың сөйлеу тілін түсінуі оның тәртібін өзгертіп қана қоймай, оның дамуына әсер етеді. Оның белсенді сөйлеу тілі қалыптаса бастайды.

Балалар біртіндеп сөздерге ғана емес, сөз тіркестеріне де еліктей бастайды. Баланың еліктеу қабілетіне байланысты оның сөздік қоры да молая береді. Балалардың сөйлеу тілін зерттеу жұмыстарының барысында баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына айналасындағылармен қарым-қатынастың маңыздылығы да есепке алынууда.

1 жастағы балаларда жүру дағдысы жетіліп, қалыптасады, ол өз бетімен жүре алатын болған соң өмірінің екінші жылының алғашқы 3-4 айында сергек кездерін қозғалыста өткізеді, қолдарына әлдебір заттарды ұстаған күйінде көп жүреді. Өртүрлі заттармен жасап үйренген әрекеттер енді үйлесімдірек бола түседі және сөйлеу тілі қарқынды түрде дами бастайды. Ол көрсетілген қимылдарға және айналада бар нәрсеге оңай еліктей алады. Заттармен іс-әрекет өмірінің бірінші жылында баланың айналысатын негізгі әрекеттеріне айналады. Үлкендердің көрсетіп, сөйлеп үйретуінің нәтижесінде оның әрекеттері күрделене түседі. Кез келген әрекет барысында ол заттардың қасиеті мен сөздердің мағынасымен таныса бастайды және оларды ұғына түседі. Қоршаған ортаға аса ықылас қоя қарап, адамдарға көңіл аударып, олардың сөздері және бет әлпетінің өзгерісіне сөйлеген кезде назар салып, еліктей бастайды.

Бірінші жылдың басында бала назары еріктен тыс болады, бір заттан басқа затқа ауа береді. Бірақ күн өткен сайын белгілі бір тәрбиелік шаралар арқылы оның назарын тұрақтандырып, ойын жинақтауға үйретуге болады. Іс-әрекет үдерісінде балалардың әр нәрсені және сөзді жадына сақтау қабілеті де дамиды. Ол заттарды танып қана қоймайды, сонымен бірге дәл сол мезетте жоқ заттар мен құбылыстарды, әсіресе бұрын өздерін қатты қызықтырған немесе қатты әсер еткен нәрселерді еске алады. Бұл еске алуларға алдымен әлдеқандай көрнекі жағдайлар себеп болады. Мысалы, балаға: *«Әжене барамыз»*, – десе ол әжесінің үйінде ойнаған ойыншық аюды немесе тағы басқа нәрселерді есіне алып, көңіл-күйін танытады. Бала өзінің қуыршағын қайда қойылатындығын, ыдысы қай жерде ұсталатынын, қалай аталатынын есінде ұстайды. Ғалымдардың пайымдауынша бір жастағы баланың сөздік қорында 10-12 сөз болады.

Баланың өмірінің екінші жылында, әсіресе сөйлеу қабілетінің дамуы барысында елеулі өзгерістер пайда болады. Бұл кез баланың сөйлеу тілінің қалыптасып, тез даму кезеңі болып табылады, мұның ой-өрісінің жетілуі үшін зор маңызы бар. Жас сәбидің ата-анасымен арасындағы қарым-қатынасы баланың жалпы психикалық дамуының маңызды факторларының бірі. Бала ересек адаммен қатынаста ғана адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгере алады. Бала дүниеге келген кезінен бастап-ақ дыбыстарға құлақ салады, анасы мен әкесінің еріндерінің қозғалысын бақылайды, таныс дауыстарды тани бастайды. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап сөйлеу тілінің дыбыстарын құлағына сіңіреді,

сөздерді қабылдайды және ақпарат жинақтайды. Өмірінің алғашқы үш жылы баланың сөйлеу тілінің дамуының шешуші кезеңі болып табылады деп ой түйіп, қорытындылауға болады.

5.2. Екі-төрт жастағы бала тілінің байланыстырып сөйлеуінің қалыптасуы

Баланың алғашқы жас кезеңдерінде байланыстырып сөйлеуінің дамуына назар аудару өте маңызды, себебі осы уақытта баланың миы қарқынды өсіп, оның қызметтері қалыптасады. Байланыстырып сөйлеу дегеніміз – айтылған сөздерді игеріп, оның компоненттері, яғни сөйлемдер мен сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып сөйлеуді айтамыз, демек, бұл қатесіз дұрыс сөйлей білу. Байланыстырып сөйлеу дегеніміз – толықтай ойластырылған, әлеуметтік тұрғыдан бекітілген грамматикалық формада көрініс табатын сөз. Баланың сөйлеуі оның сыртқы әлеммен байланысының үш қызметін атқарады: коммуникативтік, танымдық және реттеуші.

Байланыс сөйлеу тілінің негізгі қызметі – коммуникативтік. Коммуникативтік қызмет ең ерте қалыптасатын қызмет түрінің бірі. Қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі баланың тілін одан әрі жетілдіруді ынталандырады. Екінші жылдың соңында бала айналасындағылар үшін өз ниеттерін және бақылауларын сөзбен жеткізе алады, ересектердің оған айтқан сөздерін түсінеді: «*Киім шешпе – киім шешпе*», «*Өшіп қапты бата-ейка – өшіп қапты батарейка*».

Үш жастан кейін бала ішкі сөзді меңгере бастайды. Осы уақыттан соң ол үшін сөйлеу тек қарым-қатынас құралы бола алмайды, ол басқа да қызметтерді орындайды, ең алдымен таным қызметін атқарады: бала жаңа сөздер мен жаңа грамматикалық формаларды меңгере отырып, қоршаған әлем, шындық заттары мен құбылыстары мен олардың қатынастары туралы өзінің түсінігін кеңейтеді: «*Папада теефон ошп қапты – папада телефон өшіп қалыпты*», «*Күшк туа бесін – Күшік тұра берсін*», «*Далада тун боды – Далада түн болды*», «*Мен көп кодм – Мен көп көрдім*». Балада коммуникативтік қызмет екі негізгі түрде жүзеге асырылады – диалог және монолог. Осы нысандардың әрқайсысы оларды қалыптастыру әдістемесінің сипатын анықтайтын өз ерекшеліктері бар.

Диалог – бұл екі немесе бірнеше адамның сөйлейтін сөздерінің және жағдайлардың ауысуымен тікелей байланысын сипаттайтын сөйлеу түрі. Диалогтық бірліктердің түрлері (бастамашылық және жауапты репликалар):

- Сұрақ-жауап;
- Хабарлама мен хабарға реакциясы;
- Сөйлеу тіліне қызығушылығын ояту (ынталандыру) – сөйлеу тіліне қызығушылығын оятуға деген реакциясы.

Байланыстырып сөйлеудің екі түрі белгілі: жағдаяттық және контекстік. Жағдаяттық сөйлеу тілінің белгілері: сөйлеу түрінде ойдың мазмұны толық көрсетілмейді, ол жағдаят және бейвербальді құралдармен (ым-ишара, мимика) толықтырылады; толық емес (бір құрамдас) және аяқталмаған сөйлемдердің болуы; сөйлемде сөздердің кезектілігінің бұзылуы; бастауыш және пысықтауыш сияқты сөз таптарымен беріледі.

Контекстік сөйлеу тілінің белгілері: ой мазмұны сөйлеу контекстінде толық көрсетілген; сөйлеу тілі жеткілікті толық; сөздердің кезектілігі нормаға сай; есімдіктерді орынды пайдаланады; сөздері бір сарынды әрі ұстамды.

Байланыстырып сөйлеу тілінің екі түрінің дамуы баланың сөйлеу тілінің даму үдерісінде жетекші рөл атқарады. Бала өмірінің екінші жылының екі-нші жартыжылында бала сөйлеу тілінің диалог түрін қолданады, сұрақтарға жауап қайтарады, өзі сұрақ қояды:

«Апа, көке қайда?», «Апа, экскаватор қайда?»;

«– Папаң қайда? – Папа думысқа кетті». «– Мама да жұмысқа кетті»;

«– Қар қандай? – Ка аппа».

Байланыстырып сөйлеу маңызды әлеуметтік қызметтерді атқарады: балаға айналасындағы адамдармен байланыс орнатуға көмектеседі, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын анықтайды және реттейді, бұл оның жеке басын дамытудың шешуші шарты болып табылады.

Байланыстырып сөйлеу тілінің дамуы біртіндеп ойлаудың дамуымен бірге жүреді, балалар қызметінің күрделенуімен және қоршаған адамдармен орнататын қарым-қатынас формаларымен байланысты. Бұл кезеңде сөйлемнің құрылымын 3-4 сөзге дейін кеңейтуі байқалады: «Қайтадан сесіп қояйын» – «Қайтадан шешіп қояйын», «Запырақта сарғайып тусту» – «Жапырақтар сарғайып түсті», «Бауын сесіп қапты» – «Бауым шешіліп қалыпты», «Аи ескім зок» – «Әлі ешкім жоқ», «Каирлі тун, ботам» – «Қайырлы тун, ботам!».

Бала өз ойын жеткізе алады: «Апа, үйге бамайық – Апа, үйге бармайық», «Қаанғы түсті. Коп свит жанды. Биеуле уктап қапты. Апа, биеуле туыпты (терезелерінде шам жанып тұрған жағдайда)». Балабақшадан үйге қайтып бара жатып, айналасындағы көргенін әңгімелейді: «Апа, коп ка жауыпты. Кун суык. Менде коап ба. Ка устам. Апа, машинанын козы жабылып қапты. Машина тонып қапты (терезесін қар басып қалған жағдайда). Аға үйне баа жаты». Ойын алаңында: «Апа, тогай. Мұны ба, куйы ба екен. Аузы ба екен. Ол тамак ишед. Апа, ат. Алиаска отыад. Иго-го жугиип баад. Апа, ат-тын кози тусп қапты. Еки кози. Мамада коз ба. Еки коз. Папада да ба. Менде коз бар». Подъезге келген кезде, бірінші қабаттағы пәтердің терезенін көрсетіп: «Бу біздің үй емес. Апа, мен шашадым. Уф, уге кедік.»

Балалар алдымен жай сөйлемдерді, ал жылдың соңына қарай күрделі сөйлемдерді пайдалана бастайды, бірақ соңғылары өте сирек қолданылады.

Жыл соңына қарай бала ересектерден не көріп, білгенін еркін айта алатындай дәрежеде сөйлейді, бірақ оның сөзі әлі де жағдаятқа байланысты.

Бала өмірінің үшінші жылы мазмұны қарапайым және көлемі шағын ертегіні қабылдай алады, мазмұны бойынша кейбір сұрақтарға жауап бере алады. Алайда ертегінің мазмұны баланың өмірлік тәжірибесіне жақын болуы керек. Ертегіні мазмұндау кезінде бала ересек адамдардың артынан жеке сөздер мен сөз таптарын тек жалғастыруға қабілетті. Бірнеше рет оқылған шағын мәтіндерді ол толығымен есінде жатқа сақтайды; бірақ өз бетімен мәтінді байланыстырып, мазмұндап бере алмайды (дегенмен кейбіреулері жыл соңында осы тапсырманы оңай орындайды). Егер мәтінде жауап бар болса, бұл жас кезеңінде балаға қарапайым жұмбақтарды шешу мүмкін болады: мысалы, балаға таныс дыбыстарға еліктейтін сөздер бар жағдайда (*«Екі мүйізі бар. Сүт береді. Мууу деп шақырады. Бұл не?»*).

2 жас 6 ай- 3 жастағы балалар әңгіме құрастырмайды, үндемейді, бірақ үйде тағы қандай ойыншықтар бар деген сұраққа ойыншықтардың аттарын атайды *«Трактор, джип, машина, кубик», «Камаз, үй, машина, мусоровоз», Конструктор, домик, посуда, кукла, допне»*.

3 жас-3ж.6 айдағы балалар *«Сенің үйіңде қандай ойыншықтар бар, қалай, кіммен ойнайсың?»* сұрағына балалар бір ғана қарапайым сөйлем құрайды: *«Менде көп ойыншық бар», «Менде үйде қуыршақ, аю, ыдыс бар», «Ойыншықпен ойнаймын», «Кука менде бар»*.

Үйлесімді сөйлеу дағдыларын игере отырып, өз ойларын қарапайым сөйлемдермен білдіреді, алайда үйлесімді пікір білдіргенде қиындық туындайды.

Тек кейбір балалар сөйлемнің синтаксистік негізін, яғни етістік пен зат есімді сезінеді. Балаларда ол сөйлемдердің таралуы мен грамматикалық безендіруде қиындықтар туындайды, өз ойларын толықжәне грамматикалық тұрғыдан дұрыс жеткізе білу қабілеті дамымаған, балалар үйлесімді сөйлеуді менгерудің бастапқы кезеңінде.

Өмірінің төртінші жылында ағза нығайып, моторлы саласы жетіледі, бала көп уақыт қимыл-қозғалыс әрекеттерінде өткізеді. Бала тірі және жансыз тіршілік арасындағы айырмашылықты сезінеді, туған-туыстары, жақындары, таныстары және бейтаныс адамдарды саралайды, оларға басқаша қарайды. Қоршаған ортамен танысу танымдық сипатқа ие болады. Бала іс-әрекетті мақсаты бойынша қолданады: судың, құмның, саздың қасиеттерімен танысады және оларды тиісінше пайдаланады (араластырады, құяды, үйеді). Бала зат пен оның алмастырушысы арасында байланыс орнатады, ересек адам ертегілерді оқу және суреттерді қарау кезінде белгілі бір заттар, нысандар, құбылыстар мен әрекеттерді елестете бастайды. Бұл ретте бала нақты жағдай мен эмоцияларының әсерінен бұрын көргенін есіне түсіреді. Бала ересектер оқып немесе айтып берген ертегілер негізінде өзінің әңгімелері мен қысқа ертегілерін ойлап табуды бастайды.

Баланың жады толығымен еріксіз, негізінен эмоциялық, оның белсенді әрекеттерімен байланысқан, оны қызықтырған, бірнеше рет қайталанған нәрселерді есте сақтау оңай. Бала өте ұзын өлеңдер мен ертегілерді есте сақтауға қабілетті (таныс кітап беттерін саусақпен жүргізіп, өлеңін жатқа оқиды, қандай өлеңнің қай бетіне орналасқанын есте сақтайды); заттар мен олардың іс-әрекеттері арасындағы қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға тырысады; сөйлеу құрылымы ересек адамның сөйлеуіне жақындайды. Үш жарым жастан бастап балалардың сөйлеудің негізгі түрі – диалогтық; монологты сөйлеуде өзін сынап көреді; ересектерге көп сұрақ қояды; сөйлеуді жоспарлау қызметін орындайды.

Хабар тарату бала үшін басқалармен байланысқа түсу құралы және өмірлік әсерлерді білдіру, басқа да белгілі бір ақпаратты хабарлау тәсіліне айналады. Бала 4-5 сөйлемнен тұратын әңгімелер құрастырады.

3жас 6 ай-4 жастағы балалар екі қарапайым сөйлемнен әңгіме құрастырады: «Коробкада ойыншық бар. Кукла, машина, конструктор бар». «Ия, көп ойыншық бар ғой. Қуыршақ, коляска, кружка. Бар, сол жақта камаз бар. Арты сынып қалған». «Менде көп машина бар, мама сатып берді».

Оның хабар таратуы күрделене бастайды және сауатты болады. Бұл ақпараттық материалды күрделі логикалық қайта құрудың басталуының белгісі деп білеміз.

Дауыс, сөздер мен әңгімелерді эмоционалды тұрғыдан қабылдайды және тыңдайды, әдеби шығармалар және олардың кейіпкерлеріне өз көзқарасын білдіреді; қысқа өлеңдер, мақал-мәтелдер, тақпақтар мен жұмбақтарды жатқа айтады; безендірулерді мұқият қарайды, әдеби шығармалардың кейіпкерлерін біледі және салыстырады; суретті ұжыммен қарауға ұмтылады, оларды қоршаған адамдарға қуана көрсетеді; ересектердің сөздерін қайталайды; шығармалардағы оқиғаларды өз бетінше түсіндіреді, ертегілерді «оқиды»; әдеби шығарманың мазмұны туралы өз пікірін қарапайым деңгейде айтады.

Ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің қалыптасуында психофизиологиялық факторлардың рөлі маңызды:

а) көру сөйлеу мәнері және балалар қолданатын грамматикалық категориялардың қалыптастуында үлкен рөл атқарады;

б) тілдің нақты мазмұнын көру образдармен байыту қалыпты жағдайда баланың психикалық дамуы барысында тікелей сезімтал және сөздік-логикалық таным арасындағы дұрыс қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді;

в) биологиялық факторлар (тұқым қуалаушылық; орталық жүйке жүйесі, мидағы сөйлеу орталықтары, есту және сөйлеу мүшелерінің дұрыс құрылымы мен жұмыс істеуі; сау жүктілік және қолайлы босану; туғаннан кейін дене бітімі және психикалық дамуы);

г) әлеуметтік (баланың өмірінің алғашқы күнінен бастап толыққанды сөйлеу ортасы, қолайлы дамыту ортасы).

Балалардың сөйлеу тілін меңгеру қарқыны әртүрлі. Кейбір балалар ерте жастан сөйлей бастайды, басқалары айналасындағылардың сөзін жақсы түсінеді, бірақ сөйлемейді. Егер үшінші жылдың соңына қарай бала сөйлей алмаса, маманның кеңесі қажет. Балалық шақтың әрбір жас кезеңі өз басымдықтарына ие екендігі белгілі. 2-4 жастағы балалардың сөйлеуі толыққанды дамып келе жатқанын келесі көрсеткіштер дәлелдейді:

- 2 жас – 2 жас 6 ай балалар қарапайым сөздік тапсырмаларды орындауға, көрнекілік құралдарын (суреттер) пайдаланбай, қарапайым әңгімелерді қабылдауға қабілетті; өздерінің жеке тәжірибесінде орын алмаған оқиғалар туралы қысқа әңгімелерді түсіне бастайды;

- 2-4 жастағы балаларда ересек адамдардың қимылдары, әрекеттері, сөздер мен сөз тіркестерін еліктеу арқылы қайталау қабілеттері жақсы дамыған (қарапайым және одан да күрделі);

- 3 жас – 3 жас 6 айдағы балалар өздерінде бар және қарқынды толықтырылып жатқан сөздік қорының көмегімен өз әсерлері, ойлары мен ниеттерін білдіре отырып, ересектермен қарым-қатынас жасауға белсенді түрде ұмтыла бастайды;

- балалар ересектердің оларға ұсынылған ертегіні оқып беру, әңгіме мен ертегіні тыңдау, кітаптағы суреттерді бірге қарауға дайын.

Ерте жастағы балалардың сөйлеуін зерттеу кезінде тексеруге арналған дидактикалық материал елеулі әдістемелік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

а) сөйлеу тілін тексеруді ерте жастағы сөйлеу тілінің дыбыс айту жағының қалыптасуы мен даму заңдылықтарын ескере отырып жүргізу қажет және артикуляциясы ерте онтогенез кезеңінде қалыптасатын дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға міндетті түрде тапсырмалар қосу қажет. Бұл ретте қалыпты дамыған баланың сөйлеу тілінде дыбыстарды айтудың физиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет;

б) ерте жастағы баланың сөйлеу тілін зерттеу кезінде табысқа жету үшін ұсынылған материалдың безендірілуі (суреттің бояуы, үлкен өлшем, артық бөлшектердің болмауы) және оның қолжетімділігі негізгі рөл атқарады. Сюжеттік суреттер балаларға қарағанда әлдеқайда қызықты, олар суретті қуана біледі және қажетті сөзді «табады»;

в) тиімді әдістемелік тәсілдерді іздеу маңызды орын алады, мысалы, ересектерден кейін сөйлемді аяқтау тәсілі. Бұл әдістемелік тәсіл ерте жастағы балалардың тілін дамыту үшін жиі қолданылады, ол оңай және жұмыста қолжетімді, кішкентай балалар қуана қабылдайды.

Балалардың сөйлеу тілін диагностикалау үшін сөздерді іріктеу кезінде төмендегі ережелерді ескеру қажет:

- сөздің балаларға түсінікті болуы;

- сөз ішінде қатар келген дауыссыз дыбыстардың позициясы (дыбыстың сөздегі орны: сөздің басында, ортасында және соңында);

- дауыссыз дыбыстардың тоғысуын құраушы сапасы (дыбыстың әртүрлі жасалу орны мен жасалу тәсілін пайдалану);

Баланың тілін тексергенде оған қажетті ақпаратты тек оның сөйлеу тілінің дыбыс айту жағының дамуы туралы ғана емес, сонымен қатар оның сөздігінің қалыптасуы, фразалық сөйлеудің даму кезеңдері, оның негізгі бөліктерін меңгеру ерекшеліктері және кейбір грамматикалық формаларды қолдану ерекшеліктері туралы ақпарат алу керек. Тексеру барысында баланың сөздік қорының жағдайын, сөздегі буындардың немесе дыбыстардың дұрыс орналасуын (орнын алмастыру, тастап кету), көп буынды сөздердің буындық құрамының қалыптасу қиындықтарының сипатын ескеру қажет. Сурет материалын пайдалану кезінде зерттелетін баланың сөздің буындық құрылымының қалыптасуы туралы сенімді ақпарат алуға болады [44, 45, 46]. Сөздің буындық құрылымын тексерген кезде баланың сөздегі дыбыстарды ғана емес, олардың саны мен реттілігін дұрыс айту қабілетін анықтау қажет.

Зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес біз 2-4 жастағы балалардың сөйлеу тілін тексерудің диагностикалық картасын жасадық. Зерттеу карталарын әзірлеу кезінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-да анықталған 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың нормативтік көрсеткіштері; мектепке дейінгі білім беру деңгейін тәрбиелеу мен оқытудың типтік бағдарламасы талданды. Сонымен қатар ерте жастағы балалардың сөздерін тексеру карталары зерттелді (О. Е. Громова, Н. В. Нищева, О. В. Грибова) [58, 59, 60]. Қазақ тілінің ерекшелігін, типтік бағдарламаның талаптарын және осы жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеуді тексеру картасы жасалды. Сөйлеу тілін тексеруге ұсынылып отырған тапсырмалар балаға қандай ойыншықтар және күнделікті тұрмыста қолданатын заттардың атауларын білетінін, суреттер таныс заттарды атай ала ма, жоқ па, өзінің, жануарлардың және қуыршақтың дене мүшелерін атай ма, іс-әрекеттер мен қимыл-қозғалыстардың атауларын біле ме, жоқ па, сын есімдердің атауларын біле ме, жоқпа, сөздің грамматикалық формаларын түсіну белгіленіп, байланыстырып сөйлеуінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. 3-4 жастағы балалардың сөздік қорының түрлерін (еңзар, белсенді) даму деңгейі, жалпылама сөздерді түсініп, білуі, фонематикалық қабылдау қабілеті тексеріледі.

Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін түсінуінің дамуы белсенді сөйлеуінің пайда болуынан әлдеқайда озады және оның пайда болуының алғышарты болып табылады. Картада сөйлеу тілін түсінуін анықтауға ұсынылған тапсырмаларлардың орындалу күрделілігінің шамамен өсуі

бойынша орналасқан. Сөйлеу тілін түсінудің қалыптасуын бірнеше деңгейге бөліп, қарастыру ұсынылады (Н.С.Жукова бойынша) [60]:

Нөлдік деңгей: есту қабілеті сақталған бала айналасындағылардың сөзін қабылдамайды, кейбір жағдайда өзінің атына, тыйым салу немесе мадақтау интонациясына реакциясы бар.

Жағдаяттық деңгей: тұрмыстық және пәндік әлеммен байланысты өтініштерді түсінеді. Жақын адамдардың аты және өзінің ойыншықтарының атауын біледі, өзінің, ата-анасының, қуыршақтың дене мүшелерін көрсете алады, бірақ ауызша сұрау бойынша тұрмыста жақсы таныс заттар мен ойыншықтардың суреттерін ажыратпайды.

Номинативті деңгей: жеке суреттерде бейнеленген заттардың атауларын жақсы біледі, бірақ сюжеттік суреттерде бейнеленген іс-әрекеттердің атауларын әрең атайды (*оқып отыр, тұр, отыр* т.б.).

Предикативті деңгей: іс-әрекеттердің көптеген атауларын біледі, сюжеттік суреттерде бейнеленген әрекеттер объектілеріне қойылған септік мәселелерінде оңай бағдарланады; бірнеше алғашқы көмекші сөздердің мәнін ажыратады: *үстелдің үстіне (жанына, астына) қой*. Грамматикалық формаларды ажырата алмайды.

Бөлшектелген деңгей: сөздің жекелеген бөліктері – жалғау, жұрнақтар арқылы енгізілетін мәндердің өзгеруін ажыратады (*доп – доптар, үй – үйшік*).

Баланың сөйлеу тілін тексеру бойынша талдау кезінде баланың сөзді түсіну деңгейін экспрессивті сөйлеуі тілінің дамуының деңгейімен, импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілінің даму көрсеткіштерін және сөздің грамматикалық формаларды түсіну көрсеткіштері мен оларды қолдануымен салыстыру қажет. Төрт жасар балалар қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса біледі. Өзі, өзінің отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеп айтып береді. Өзінің сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап береді, сипаттап әңгіме құрастыра алады. Өзінің қалаулары, сезімдері және ойларын білдіретін сөздерді қолдана біледі. Ақпаратпен бөліседі, жайсыздықты білдіріп (*тондым, шөлдедім, шаршадым, ыстықтадым, қарным ашты*) және құрдастарының әрекетіне (*мені ренжітті, менімен ойнамайды, ойыншығын бермейді*) шағымданып, байланыстырып сөйлейді.

5.3. Төрт-алты жастағы баланың байланыстырып сөйлеу тілінің ерекшеліктері

Төрт жастағы бала грамматикалық дұрыс құралған сөйлемдерді қолдана сөйлейді. Сөйлемдерінде байланыстыру кезінде балаға алғаш қолданған немесе сирек қолданатын сөздерді үйлестіруде қателер байқалады. Жиі қолданыстағы сөздер – *қасында, арасында, бірге*. Сирек қолданатын сөздер – *үстінде, жоғарысында, арқылы, дейін*. Балалар *жан-жағында, оған дейін* деген сияқты сөздерді мүлде қолданбайды. Балалар мынадай сөздерді жиі қолданады – *а, ия, сол, солай ғой, анау, анау ше, енді*.

Төрт-бес жасар балалар жағдаятты сөйлеуден контекстілігі көшеді. Олар ересекпен әңгімеге ұялмай, қысылмай, еркін түсе алады. Қарым-қатынас белсенді өтеді, балалар әңгімеге қатысады, ертегіні айтып бере алады. Олар ойыншық пен суретті сипаттап әңгіме құрай алады. Алайда, сұрақты дұрыс құрастыра алмайтындары да кездеседі.

Сипаттама әңгіме құрауда: әңгімелеулерінің кезектілігі сақталмаған, балалар неден бастап, немен аяқтарын білмей қалуы мүмкін, ойыншықты сипаттап отырып, оның атын атамай кетіп, есімдіктерді (*оның, ол, онда*) ғана белгілеуі де кездеседі. Жәй сөйлемдерді қолданады, сипаттамасы небары 17-20 сөзден тұратын 5-8 сөйлемнен құрылуы мүмкін.

Бес-алты жасар (мектепке дейінгі ересектер тобындағылар) балалар әңгімеге белсенді қатысады. Қойылған сұрақтарға жауап береді, ынтасы болса сұрақтарды дұрыс құрастырып қоюға қабілетті. Көрнекілікке сүйеніп біртіндеп баяндауыш, сипаттама, талдап пікірін айтуды меңгереді. Салалас құрмалас, сабақтас құрмалас сөйлемдер саны артады. Ересектермен әңгімелесу кезінде өздерін еркін ұстап, инициатива білдіреді, әңгімелесудің тақырыбын өздері ұсынатындары да кездеседі.

Бұл жастағы балалар диалогының сипаты мынандай: сөйлемдерді дұрыс құра алмау, әңгімелесушінің сөзіне құлақ аспау, сұрақ қоя алмау, қойылған сұрақтан ауытқу, қаратпа, толықтауыш, келіспеу сөздерді дұрыс қолданбау.

Аталған жастағы балалар әңгіменің тақырыбын белгілей алмайды, ал «Әңгіме қай тақырыпта?» деген сұраққа бала жауап бере алмай, әңгімені басынан бастап айтады. Әңгімелерінде кезектілік жоқ, мазмұнды бөліктері тұтас жоғалып кетеді. Кейіпкерлер мен табиғатты сипаттаулар аз, тек жағдаяттарды ғана сипаттайды. Жай сөйлемдерді қолданады.

Егер ересек адам баланың құраған сөйлемінің нақтылығын тексеру мақсатында «Неге?» деген сұрақ қойып, дәлелін сұрайтын болса, баланың дәлелі қысқа, 1-2 аргумент қана және шынайы емес – логикалық емес, қате болып жатады. Балалар педагогпен бірге әңгімелегенді ұнатады. Ересек әңгімені (фразаны) бастайды, мысалы **«Қасқыр мен түлкі»** ертегісі: *«Бір күні бір...»*, ал бала сөйлемді аяқтайды: *«ата мен әже... болыпты»*; ересек

адам: «Ата балық аулауға кетеді...», бала: «...әже үйде қалады» т.с.с. Одан кейін сұрақтар бойынша әңгімелеуге көшуге болады: «Ата жолда нені кездестіреді?» – «түлкіні». – «Түлкі не істеп жағады?» т.с.с. балалар таныс мультфильм, қуыршақ театры, цирк қойылымдарының сюжетін белсенді әңгімелейді. Себебі олардың мазмұны өте қызықты және эмоциялық жағынан бай.

Байланыстырып сөйлеу онтогенезі мәселелерімен көптеген ғалымдар айналысқан, атап айтқанда Метербаева К.М. [5], Бакраденова А.Б. [4], Ханина Н.Н. [60], Леушина [61], Рузская А.М. [41].

Балалардың синтаксистің қателері сөйлемдегі сөздердің ретіндегі қателерде байқалады: бірінші орынға бала үшін маңызды сөз қойылады: «Қуыршақты анаң әперді ме?» сұраулы сөйлем де балаға маңызды сөзден басталады: «Ол (Айша) жылады?»; балалар көбінесе өздерінің жауаптарын сұрақтан бастайды, «Неге олай істеді?» Олай істеді..... деп жауап береді.

Үстеулерді қолдануда қателер жіберуі мүмкін: «Айшаның шары жарылды, қатты тарс (деді)»; «Үйге келдік, доп ойнадық»; «Мен жылы пәлте кидім, не үшін тонбау»; үстеуді орынсыз қолдану да кездеседі: «Біз келе жаттық, апамның үйі, қарадық дала қараңғы».

Ф.А. Сохин тілдік жалпылаудың қалыптасуы жөнінде айта отырып, балалардың тілі ересектердің сөзіне қарап, үлгі алып дамиды, ең алдымен еліктеу арқылы, ересектің сөздері мен сөйлеу үлгілерін алып, бала өз сөйлеу әрекетінде қолданады. Алайда сөйлеу тілін меңгеруде тілдің дамуы механизмінің психологиялық «еліктеу» элементтері емес, тілдік құбылыстар мен тілдік жалпыламалар аса маңызды рөлге ие болады [21].

Төрт жасар бала грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдермен байланыстырып сөйлейді, кейбір жағдайда ғана үйлестіруде қателер болуы мүмкін. Сөйлемдердің 8 %-ы күрделі. Бес жасар баланың сабақтас құрмалас сөйлемдерінің формасы мен мазмұны күрделенеді. Сөйлемдерінің мысалдары: Алыста анам еккен гүлдер көрінді (5 жас); Ойыншығын алып алсам, Айша жылайды ғой (4 жас 4 ай.); Қораға барып, жұмсақ болатындай, қозыға шөп әкеліндер (5 жас). Бұл жастағы балалар өз бетінше салалас құрмалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыра алады: Ол *инені шаншып қоймай, тастай салды ғой*.

Бес-алты жастағы балалардың әнімелеуі кең. Балалар грамматикалық дұрыс жайылмалы сөйлемдерді кеңінен қолданады. Бес жасар балаларда күрделі сөйлемдер 11 %; алты жасардағыларда 17 % .

Мектепке дейінгі жастың соңына келгенде балалар грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрылған фразалық сөйлеу тілін меңгеруі керек. Балаларға сурет бойынша әңгіме құру ұсынылды, оларға бұл тапсырма өте ұнайды. Алдымен ересек адамның сұрақтары бойынша, кейін өз бетінше суретке қарап, көріп тұрғанын сипаттап әңгіме құрастырды.

Зерттеуде балаларға қызықты ойыншықтар ұсынылды. Салыстыру үшін екі қуыршақ және екі мәшине берілді. Алдымен ойыншықтарды дұрыстап карап алу ұсынылады, кейін нелері ұқсас, неде айырмашылықтары бар екені туралы айту ұсынылады. Бұл тапсырманы балалардың көбі ешбір қиналмай орындады. сипаттау әңгіме құру үшін балаға шағын сюжетті әңгімелер құру ұсынылды. Ол үшін балаға бірнеше ойыншықтар беріп, сюжетті сызығы бар әңгіме құру ұсынылды (*мысалы қыз, - шырша, себет-саңырауқұлақ- кірпі...*). Орманда қыз не істеді, нені кездестірді, ол қандай жағдайға тап болады деп ойлайсын, деген сұрақтарға 4 жастағы бала жауап беруге қиналды. Көмек ретінде балаларға өзіміздің әңгіме нұсқасын ұсындық, сосын балаға тағы бір мүмкіндік бердік. Басында балалар біздің әңгімені жай ғана қайталады, сосын біз біртіндеп қайталаудан назарын аудардық.

Ересектеу 5-6 жасар балалар күнделікті өмірлері туралы және өз тәжірибелерін еркін әңгімелей алды. Төрт жасар балалар әңгімелеулерінде жай және жайылма сөйлемдерді қолданады.

Бес жаста балалар ересектерге көптеп сұрақтар қояды, «Негеш» кезені байқалады, олар өз әрекеттерін сөзбен айтқуға тырысады (*жем бердім, құстар жегісі келді т.с.с.*). Төрт жастан үлкен балалар таныс ертегіні айтып бере алады, тақпақты айтқанда белсенділік танытады, 5 жасқа таяғанда енді танысқан қысқа мәтіндердің мазмұнын екі рет тындаған соң айтып беруге дайын. Алты жастан үлкен балалар әңгіме, ертегі айтып бере алады, олардың айырмашылығын түсіндіре алады. Бала үлгіні қолдана отырып, басқа зат туралы әңгіме құрай алады, әңгімесі логикалық дұрыс, жайылма сөздерден құралған болады. 4 жастан 7 жасқа дейінгі кезең – ол байланыстырып сөйлеуді меңгеру кезеңі.

Баланың байланыстырып сөйлеуінде мыналары жетілген болады:

- сөйлемнің синтаксистік құрылымы;
- тілдің формасы мен ережелері;

- мектепке дейінгі жаста тілдің логикасы инициативалық өнімді сөйлеу тілінің және сөз шығармашылығы негізінде іске асырылады.

Төрт жасар балалар 4-5 және 5-6 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді пайдаланады. Бұл жаста бала көрген оқиғалар туралы өз бетінше айта алмайды. Оның сөздерінде байланыстырып сөйлеуге тән жан-жақты көрініс жоқ. Балалар оқиғаны баяндауда бірізділікті сақтай отырып, қысқа сөйлемдермен сөйлейді. Баланы қосымша сұрақтарсыз түсіну мүмкін емес. Әңгіме басында ол деген есімшелерді жиі пайдаланады, сондықтан бала кім туралы айтып тұрғаны түсініксіз. Балаларға сюжеттік суреттің мазмұнын сипаттау қиын. Көбінесе ол заттар, адамдар мен жануарларды атайды, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді көрсетеді. Шағын ертегіні әңгімелеп айтып беру мүмкін, бірақ ол жаттаған әңгіме болып табылады. Өйткені

бұл жастағы балалардың есте сақтау қабілеті өте жақсы, сол себепті тан-ыс ертегіні олар жатқа біледі. Осы жастағы көптеген балалар ұзын өлең ертегілерін есте сақтау қабілеттерімен ата-аналарын таң қалдырады.

Қолжетімді өлең мәтіндерін жаттауды мадақтау қажет, өйткені оларды дауыстап бірнеше рет айту (әсіресе көркем мәтіндер, акындардың өлеңдері) баланың тілдік сезімталдығын дамытуға көмектеседі, оның сөздік қорын байытады, дыбыс айтуды жақсартады. Бұл жастағы мұндай «ерекше есте сақтау» қарапайым құбылыс және балалардың бұл қабілетіне ерекше қарау керек. «Үйшік» немесе «Мақта қыз бен мысық» ертегілерін есте сақтай алмауы байқалса, мұқият назар аудару қажет. Егер бұған ата-аналар кінәлі болса (балаларға оқымаса), бұл қателікті шұғыл түрде түзету керек, ал егер бала бірнеше рет қайталанғаннан кейін балаларға арналған өлеңдер мен тақпақтарын жатқа айта алмайтын болса, онда бұл жайтқа ерекше назар аударып, есте сақтау қабілетін дамыту жұмыстарын жүргізу қажет.

Төрт жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуының сипаттамасын беруді қорытындылай келе мынандай ерекшеліктерін атауға болады: бұл жастағы балалар құрдастары және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін (*тұр, бер, ал, қуыршақты тамақтандыр, мәшинені сүйрет*) орындайды; сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді (жылы, суық, түстерді білдіретін сын есімдерді), етістіктерді (*тұрады, секіреді, отырады, жазады, сурет салады*), үстеулерді, қосымшаларды қолданады; мамандық иелерінің атауын (*мұғалім, тәрбиеші, етікші, шаштараз, биші, етікші*), олардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді біледі, тұрмыстық заттар (*шаңсорғыш, фен, үтік, тоңазытқыш*) және қоршаған табиғат заттары мен құбылыстарының атауын біледі және мәнін түсінеді; себеп-салдарлық байланыстарды орната біледі; жалпы мағыналас сөздерді (*көлік, өсімдіктер, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, азық-түлік, қыстық ойындар, жыл мезгілдері*) қолданады; сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырады; отбасы, отбасындағы тұрмыс, халықтық дәстүрлер, қаласы (ауылы) туралы айтып бере алады; үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды.

Байланыстырып сөйлеуінде жалпылама сөздерді, қорытындылайды. 5-6 сөйлемнен құралған заттарды сипаттайтын шағын әңгімелер, жеке тәжірибеден оқиғалар құрастыру; қысқа әңгімеден түсінгенін айту, суреттер бойынша әңгіме құрастыру. Өз бетінше шағын әңгіме құрай алады. Ойыншық немесе сурет мазмұны бойынша сөйлемдерден құрастырылған әңгімені менің айтуым бойынша қайталай біледі. Ойыншықтар бойынша қысқа әңгімелер құрастыра біледі.

Зат есіммен сан есімді үйлестіруде қателер байқалады. «*Мен жылы суды әжеме әкеліп бердім*» деген сөйлемде (*мен су әкеліп бердім*) деп қысқаша

айтты. «Гүлім мен Олжас биік қайың ағашын отырғызды» деген сөйлемді (Гүлім мен Олжас ағаш отырғызды) деп (*жылы, қайың ағашы, биік*) сын есімдер айтылмады.

Кейбір сөйлемдерді құрауда қиындықтар болады. Экспериментке қатысушы Б.Айзере заттың атын, түсін, тұлғасын, белгісін білдіретін сөзді орнымен дұрыс қолдануды әр уақытта толық біле бермейтіндігі көрініп тұрды. Қолданудағы қимыл-іс әрекеті әр түрлі, тұлға ұқсастығы жақын атау сөздерді шатастырып орын ауыстыруы жиі байқалды: *кесу - кертү, қашау-қажаяу*. Зат есімнің жекеше және көпше түрлерінің өзгеруі кезіндегі сөздердің (*сиыр-сиырлар қой-қойдар ит-иттер, қасық-қасықтар*) жалғауларында қателіктер кездесті.

Бала жеткілікті дамыған түрде белсенді сөйлейді, қарым-қатынас барысында ашық фразаларды пайдаланады, сұрақтарға нақты және түсінікті жауап береді, өзі куә болған оқиғалар туралы айтуға қабілетті. Тыңдау және тілді түсінуі, диалог түрінде сөйлеу дағдылары қалыптасқан. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құрай білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға қабілетті. Шығармашылық әңгімелеп беруі дамыған: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығарады, сипаттау және хабарлау әңгімелерін айта алу, бірізділікпен байланысқан сюжетті құрастыру, сөйлегенде бейнелеуіш сөздер, эпитеттер, салыстыруларды қолдануы дамыған. Бес жастағы бала тілі дамуының сипаттамасын қорытындылай келе мынандай ерекшеліктері анықталды: сөз тіркесі мен сөйлемді құрастырады; жай және жайылма сөйлемдермен ойын жеткізе алады; алуан түрлі заттарды жалпылайды және сипаттайды; қоршаған орта туралы түсінігі бар; негізгі ойды дұрыс жеткізе алады; балаларда түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктері, етістіктерді жалғаулармен (*өрмелегенде, жорғалағанда*), сөйлеу тілі этикет, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдылары қалыптасқан. Шығармашылық әңгімелеп беру кезінде эмоцияға бай реңк бар: әңгімелерді бірізді айтып береді; суреттерге сүйеніп немесе өз ойынша ертегі, әңгімелерді айтады; әңгіменің жалғасы мен сонын жалғастыруға қабілетті. Алуан түрлі оқиғаларды құрастырады және әңгімелеп бере алады, бақылағандары және суреттер бойынша әңгімелер құрастырады, ертегілер ойлап шығарады, түрлі сөз таптары мен салыстыруларды қолданып, монолог құра алады, құрдастары және ересектермен тілдік қарым-қатынаста еркін сұхбаттасады, өз сезімдері мен ойларын тілдік және тілдік емес құралдар арқылы жеткізеді, ізеттілік, сыпайылық ережелерін меңгерген. Балалар өз әңгімелеріне эмоциялық реңк беріп, өз хабарламаларын нақты етіп көрсету мақсатында интонацияны қолданады. Бұл өз кезегінде жаттаған тақпақтарын жатқа айтуға мүмкіндік береді. Бұл жастағы бала тілінің негізгі сапасы – оның байланыстылығы мен ойын жеткізу кезектілігін сақтауда.

Алты жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуі мыналармен сипатталады:

- мәтіннің заттық немесе нақты мазмұнын түсінуі;
- себеп-салдар байланыстарын түсінуі;
- сөздің астарын түсіну;
- тікелей айтылмаған ойды (жасырын мағынаны) түсінуі.

Байланыстыра сөйлеу тілінде мынандай көрсеткіштер болуы керек:

- мағыналық тұтастық;
- мағыналық буындардың барлығын қайталау;
- аз ғана қысқартулармен қайталау; біршама қысқартулары немесе мағынасының шұбалаңқылығы бар толыққанды емес мазмұнын айту, мазмұндық буындардың (қисынды бірізділігі, себеп-салдар байланыстарын ескеру);
- лексикалық-грамматикалық тұрғыдан безендіру: аграмматизмдерсіз; бірақ айтылған сөзді стереотипті түрде безендіру, сөздерді өзектендіруде қиындықтар, кейде лексикалық алмастырулар, аграмматизмдер көптеген лексикалық алмастырулар кездеседі;
- өздігінен орындау: өздігінен мазмұнын айту; көмектескеннен не қайтадан оқығаннан кейін мазмұнын айту; сұрақтар негізінде мазмұнын айту.

Бала тілінің бұл саласы мектепке дейінгі балалық шақтың соңында жақсы дамиды. Сұрақтарға толық жауап береді, күрделі және күрделі емес сөйлемдерді пайдаланады. Ол өз бетінше сурет бойынша әңгіме жасай алады, таныс ертегіні немесе әңгімені баяндай алады, қаралған мультфильм мен кітап туралы өз әсерлерімен бөлісе алады. Бала қиялдай және ертегілер құрай алады. Балалар үшін көркем шығарма мен фильмнің мазмұнын өз бетімен көрсету, зат пен ойыншықты сипаттау, ертегі ойлап табу, әртүрлі жағдайларда сезінетінін сипаттау қиын емес.

Бұл жаста пайда болатын өте пайдалы қасиет – ол алдын-ала болжамдау, яғни бала болмаған немесе енді міне болатын жағдай туралы айтып беру немесе ересектер бастаған жағдаятты жалғастыруды ойластыра алатын болжай білу сезімі. Тағы бір жетістік – түсіндірмелі сөз, мысалы, құрдастарына кимылды ойын ережелерін түсіндіру, сюжеттік ойындардағы немесе үстел театрының көріністеріндегі рөлдерді келісу. Бұл жерде сөздерінің орынды қолданылуы, ерекше дәлдігі, әрекеттердің логикалық дәйектілігін анықтау талабы қойылады. Мысалы, «Үшінші артық» ойын ережесін түсіндіре отырып, ойыншыларды орналастыру тәртібін ақылға салып, олар қандай жағдайда өзгереді, кім жеңімпаз болып саналатынын есінен шығармауы керек. Диалогтік сөйлеуді игерген, өзіне айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді, әңгімеге араласады, сұрақтарға жауап береді және сұрақ қояды, әңгіме барысында өзін мәдениетті ұстайды, сөйлегенде тілдік

этикетті қолданады: таныс және бейтаныс аудиторияның алдында, мерекеде, ересектердің алдында, басқа топта сөйлей алады. Берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды. Мазмұнды сурет, мазмұнды суреттер топтамалары сызба карталар бойынша әңгіме (5-6 сөйлемнен кем емес) құрастырады. Оқылғанды өз өмірінің деректерімен салыстырады және жеке тәжірибеге негізделген 4-5 сөйлеммен әңгіме құрайды. Алайда кейбір алты жасар балалар үшін ана тілін меңгерудің мынадай кемшіліктері кездесуі де мүмкін: кейбір дыбыстардың болмауы немесе бір дыбыстарды басқалармен ауыстыруы, мысалға бірнеше дыбыстық топтарды ысқырық, ызың, сонор (р, л); 4-6 буыннан тұратын сөздерді бұрмалап, қысқартып айту; буындарды ауыстырып айту; басқалармен алмастыру (*балға–бағла; қарлығаш–қалғаш, қалырғаш; құрылысшы–құлышы, құлырысшы*); сөздік қоры кедей, онда күрделі зат есімде жоқ, сын есімдер аз, көптеген ауыстырулар (*жейде–көйлек, жемпір, торғай–құс, дайындайды –пісіреді; токиды – тігеді; жамайды – тігеді; үлкен – жоғары, кең–ұзын, биік–үлкен; секіреді–жүреді; суды септі, шашты–суды құйды*). Алты-жеті жастағы балалардың кейбіреулерінде фонематикалық есту қабілеті жетіле қалыптаспаған, дыбыстық талдау жасағанда мынандай қателер жібергендері кездесті: сөздерден жекелеген дыбыстарды, ал сөйлемдерден сөздерді бөліп атау; сөздердегі дыбыстарды рет-ретімен атау; сөздегі дыбыстың орнын анықтау; сөздерді буынға бөлу. Бұл дағдылар сауатты оқытудың негізі болып табылады, сондықтан бұл білік пен дағдыларсыз баланың мектепте оқуы қиын болуы мүмкін. Сонымен, алты жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуын сипаттай келе мынандай ерекшеліктерін айтуға болады. Алты-жеті жастағы балалардың тілі дамыған. Мағынасына жақын және қарама-қарсы (*алыс–жақын, аласа–биік, ыстық–суық, үшкір–сүйір*) сөздерді оңай таңдай алады.

Дауыс мүмкіндіктерін өте жақсы пайдаланады, өз пікірлеріне интонацияның әр түрлі реңктерін беріп, сыбырлап, қатты және ақырын, жылдам және баяу сөйлей алады. Олар заттар, құбылыстары, өздерінің ересектер және құрдастарымен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін оңай сипаттайды. Бұл жастағы балалар ересектердің сұрақтарына толық және толық емес жауап бере алады, өз ойларын нақты және айқын түрде бере алады. Осы жастағы балалар әдеби шығармаларды жақсы айтып беріп қана қоймай, ертегі мен әңгімелерді өздері құрастыра алады, олар үшін басы мен соңын ойлап табады. Әңгіменің мазмұнын дәйекті және қисынды түрде айтады, негізгі сюжеттік шеңберден ауытқымайды. Әңгімелесу кезінде көптеген балалар осы үдеріске қызығушылық танытты, өздерін тыныш, қалыпты ұстады, тәжірибе жүргізушіге назар аударып әр қимылы мен сөздерін бақылап отырды. Дегенмен оларға қойылған сұрақтарға кең немесе толық жауап алынбады. Мысалы, «Сенің атың кім?» деген сұраққа балалардың басым бөлігі тек өз есімдерін ғана атады, мысалы: Сезім,

Медина т.б Менің есімім Сезім деген толық жауап болмады. Алты-жеті жастағы баланың сөйлеуінде грамматикалық қателер жоқ, барлық дыбыстарды дұрыс айтады, сөздері анық, сөздерде екпін дұрыс қойып сөйлейді. Сөздік қорында бейнелі және нақты сөздердің молдығы оның бай екен деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Алты жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуі қалыптасқан, монологтік сөйлеуі белсенді дамыған, диалогтік сөйлеуі жетілген. Балалар диалогтік және монологтік сөйлеу тілін меңгерген, қоршаған ортамен қуана тілдік қарым-қатынасқа түсе біледі. Топтық әңгімелесулерге қатысады әңгімелесушіні мұқият тыңдай біледі. Әңгімелесу барысында менің көмегімен қойылған сұрақтың сипатына қарай сөйлем түрлерін қолдана білді. Ересектер мен құрбыларына өтініш, алғыс, реніш, шағым түріндегі сыпайы қарым-қатынастық сөздерді ажырата біледі. Әңгімені құрастырумен қатар заттар мен суреттерді, бейнелеп және оның мазмұнын айтып береді. Күз мезгіліне қатысты суреттерді алдына бергенімізде толық ретімен әңгімелеп берді: *Жерде сары жапырақтар көп бұл күз мезгілі. Балалар сабаққа бара жатыр. Қолында апайға берітін гүл мен шары бар. Шар сары түсті, гүл қызыл түс.* Алты жасар балалардың байланыстырып сөйлеуі қалыптасқан, диалогтік сөйлеуі жетілген. Таныс ертегілер және қысқаша әңгімелерден үзінділер демонстрациясына қатыса алады. Сөйлеген адамды тыңдау және түсінуі жақсы дамыған, өзіне қойылған сұрақтарға дұрыс толдық байланыстырып жауап береді және өзі де әңгімелесушіге сұрақ қоя алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу онтогенезінде ана тілінің тілдік жүйесін қалыптастыру мәселесін зерттеу барысында зертхана ұжымы адамзат баласы өз ана тілінде сөйлеуді қалай үйренеді? Оның заңдылықтары қандай? Сөйлеу әрекетінің онтогенезі дегеніміз не? деген сұрақтарға жауап табуға тырыстық.

Тіл білімінде сөйлеу тілінің дамуы өзіне тән бірқатар ішкі заңдылықтарымен сондай-ақ тілдік эволюцияны тездететін немесе баяулататын әр түрлі сыртқы факторлардың әсерімен анықталатыны белгілі. Бірде-бір сөйлеу тілінің даму заңдылықтары тілдік өзгерістердің барлық түрлерін жан-жақты түсіндірмейтінін атап өткен жөн.

Балаға сөйлеу тілі және оның тілдік жүйесін қалыптастыру саналы түрде үйретілмейді, ал оны дамыту үшін ересектермен ана тілінде сөйлесу жеткілікті. Ересек адамның баламен қарым-қатынас жасау барысында коммуникативтік, танымдық және тілдік дағдылары да қалыптасады және жетілдіріледі. Бұл айтылғандардың басым көпшілігі баланың меңгерген дағдыларына байланысты, соның ішінде баланың тіл меңгеру үдерісінде анықталады.

Бала тек ересектердің сөздерін немесе сөз тіркестерін қайталайды, ал ересектер баланы қажетті жағдаяттарда ғана түзетеді, бұл түзетулері сөйлеу тілінің нормаларына сәйкес болу керек. Бала мен ересектердің диалогтік сөйлеу тілін талдауда ата-аналардың, ең алдымен баласының сөйлеу тілінің көркемдігіне емес, сөздердің мазмұнына ғана назар аударатындығы белгілі болды. Дегенмен 2-3 жас аралығында ешкім балаларға осы операциялардың барлығын саналы түрде үйретпесе де, бала зат есімдерді септеуді қолданады, етістіктің дұрыс түрін таңдайды (тілдік операциямен басқа тілді қолданушылар үшін өте қиын болады), сын есімнің түрлерін, сыны мен сапасын ажыратады.

Авторлар жүргізген зерттеу мен бақылау жұмыстары барысында ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі онтогенезінің төмендегідей ерекшеліктері анықталды:

1. Бала өмірінің алғашқы жылында айқай мен жылау, одан кейін былдыр (мысалға, «*ма-ма-а*», «*ға-ға-а-а*», «*бу-бу-у-у*», «*па-па-а*»), «*ап-ап*», «*би-би*», «*нә-нә*», «*піш-піш*», «*ұқы*», «*бе*», «*то*», «*опа*» сияқты дыбысқа еліктеу не дыбыстар тізбегі және екпін тұрғысынан түрлі аморфты сөздер мен сөзге ұқсас құрылымдар анықталды. Оның арасында іңгәләу, әгулеу мен үілдеу бар.

2. Фонематикалық қабылдауы жеткілікті дамыған балалар айтып отырған сөзін дыбыстың дұрыс нұсқасына ұқсастырып айтуға тырысады: «тоғай» – «торғай», «пойз» – «пойыз».

3. Мектепке дейінгі жаста ана тіліне тән мынадай дыбыстар *э, ү, у, ұ, ө, о, к, ғ, ң, і, һ* айтарлықтай қатесіз айтылады. Балалар әдеби сөйлеу нормаларына сәйкес барлық сөздерді меңгеріп, нақты айтады. Олар баяу және жылдам сөйлей алады, жаңылтпаштар айтады, дауыстап және баяу, сыбырлап сөйлеуді ажырата алады, интонацияны кеңінен қолданады. Кейбір жағдайларда фонетика тұрғысынан мынадай мәселелер болуы мүмкін:

- сөздер мен фразаларды бұрмалап айту, жалғауларды нақты айтпау, мұндай ақаулар жылдам сөйлейтін және барлық дыбыстарды енді дұрыс айтып үйренген балаларда жиі кездесуі мүмкін;

- дыбыстарды естіп қабылдауы нақты емес, яғни бала дыбыстардың жұптарының орнын ауыстырып алады: [с]-[ц], [л]-[р], [з]-[ж], [с]-[ш], [ц]-[ч], [н]-[һ], [ү]-[ү], [ы]-[і], [к]-[қ], [қ]-[ғ] және буындар қатарын айтуда қателеседі, мысалы, *са-за-са, ла-ра-ла, за-за-жа, са-ша-са, ча-ча-ца, қа-қа-қа, қа-ға-ға, аң-ан-аң* және т.б.

4. Буындық құрамы күрделі сөздерді айтуда қиналады: сөздің буындық құрылымын әрдайым дұрыс айта алмайды (сөздерді қысқартады), буындары мен жеке дыбыстарды ауыстырады немесе тастап кетеді: «*катуға*» – «*қайтуға*», «*уды*» – «*ұрды*», «*бемим*» – «*бермеймін*», «*мамақ*» – «*тамақ*», «*ескаато*», «*экскаато*» – «*эксковатор*», «*матис*» – «*мотоцикл*», «*бесет*» – «*велосипед*». Екі немесе үш дауыссыздар қатар келген жағдайда қарапайым бір-екі буынды сөздерде оңай айтылатын дыбыстар да жиі түсіп қалады: «шаап» – «шкаф», «такт» – «трактор». Дыбыстар және буындық құрамы күрделі сөздер, бірнеше дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді айтуда кейбір кемшіліктер сақталады.

5. Сөздік қорында жалпылауыш мағынадағы сөздер болғанымен, кейбір балаларда нақты заттың атауын білмеген жағдайда жалпылауыш сөзді орынсыз пайдалану жағдайлары болады: Өйткені жалпылаудың екінші дәрежесіндегі сөздерді балалар алдымен заттардың екінші атаулары ретінде меңгереді. Бала осындай сөздердің мағыналарын (ойыншықтар – бұл ойынға арналған заттар, ыдыс – бұл тамақ дайындайтын және тамақтануға қажет заттар) танып білуіне қарай, бұл сөздерді дұрыс қолдануы да оңай болады.

6. Үш жастан кейін сөзжасамды меңгеру басталады. Бұл үдеріс мектепке дейінгі кезеңге дейін созылады. Алдымен балалар қандай да бір жұрнақтарды қолданған кезде қателіктер жібереді. Таңсық сөздер пайда болады. Мұндай сөз шығармашылығы мектепке дейінгі балаларға тән және 6-7 жаста морфемдік жүйені меңгеру аяқталған кезде жоғалуы мүмкін.

7. Септеу мен жіктеулердің өнімді типтерін бақылап, грамматикалық

формаларды дұрыс қолданады деп айтуға болады. Сонымен қатар осы жаста аграмматизмдер кездеседі, себебі балалар септелудің өнімді типтерін үш жасындағыдай өнімсізге көшіреді. Әрине бұл жаста мұндай қателер аз.

8. Бала тілі үлкендермен (ата-анасы, аға-апалары, ата-әжелері т.б. туыстары) қарым-қатынас кезінде үлден бастап дамып, былдыр сөздер, аморфты түбірлер, ортақ сөздер мен жасына сай сөздік қор бірліктеріне дейін жететініне көзіміз жетті. Күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты лексикалық бірліктерді артикуляциялық базасының дамуына қарай толық немесе қысқарған не өзгеріске түскен түрде қолдана отыра бала қажеттіліктеріне сай сөздік қорын дамыта түседі. Ойын түрінде берген тапсырмаларды орындау барысында ойыншық, дене мүшелері, бет бөліктері мен жануарлар атауларын атай отыра жаңа бірліктерді меңгереді.

Баланың әр сөзі тілдік жүйеде қалыптасқан сөздік қорына енеді, ал саналы ойлау бала дамуының алғашқы кезеңдерінде бұл әрекетке араласпайды. Бала есейген сайын, саналы ойлап сөйлеу тілінің көркемдігіне көбірек көңіл бөле бастайды. Олар бұл кезеңдерде ана тілінде сөздерден тіркес құрастырумен қатар басқалардың сөйлеу тілін түсініп, әртүрлі типтегі нормадан ауытқуларға жол бермейді.

Зерттеулер нәтижесінде ана тілін меңгерудің келесі заңдылықтары анықталды:

Бірінші заңдылық. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілінің дамуы артикуляциялық мүшелерінің бұлшықеттерінің жетілуімен байланысты. Егер бала фонемаларды артикуляциялау және просодемаларды модуляциялау, сондай-ақ оларды дыбыстар кешенінде фонематикалық есту арқылы оқшаулау қабілетіне ие болса, ана тілі меңгеріледі. Сөйлеу тілін меңгеру үшін бала сөйлеу аппараттарының қимылдарын жасай білу керек, ал бұл қимылдар баланың есту қабілетімен үйлесімді болып, тілдегі әр фонеманы және олардың позициялық нұсқаларын (дауыс күшін модуляциялау, қарқынын жоғарлату, ырғағын, сөйлеу темпі, сөйлеу тембірі) жүзеге асырылу қажет.

Егер бала басқа біреудің сөзін тыңдап, сөйлеушінің артикуляциясы мен просодемасын қайталаса, оған еліктесе, яғни сөйлеу мүшелерімен жұмыс жасаса ана тілі меңгеріледі. Мәселен, ерте жаста сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезеңдегі артикуляциялық және модуляциялық дауыс әрекеттері үілдеу, былдырлау, модуляцияланған былдырлау. Егер ата-ана осы үдерісіне ерекше көңіл бөліп, белсенді қатысса, онда баланың ана тілі қалыпты дамиды.

Екінші маңызды заңдылық – баланың сөйлеу тілінде тілдік қалпына карағанда тілдік жүйені әлдеқайда ертерек меңгеруі. Тіл білімі мамандарының көзқарастары бойынша тілдік дағдылар тұрғысынан қарастырғанда сөйлеу тілінің жүйесі мен қалпын білу арасында үнемі

сәйкессіздіктер байқалады. Баланың тілдік жүйені меңгеруі сөйлеу тілінің қалпын білуден ерте басталады да нақты жағдайдың дәстүрлі іске асырылуын білмес бұрын, балалар "мүмкіндіктер" жүйесін қолданып, сөйлеу тілінің қалпын екінші орынға қалдырады.

Үшінші заңдылық: баланың сөйлеу тілінің мәнері, оның тіл білімінде фонетика, лексика және грамматикалық құрылымын игерумен байланысты дамуы .

Бала сөйлеу тілінде грамматикалық және лексикалық мағыналарды түсіне отырып, сырқы қоршаған әлемде сөйлеу тілінің маңыздылығын сезіне алады. Сондай-ақ сөйлеу тілінің мәнерлік тәсілдерін игере отырып, балалар адамның ішкі әлемінің көріністері мен сезімдерін жеткізе білу, шынайықты бағалауын сезінеді.

Балаларға сөйлеу тілінің мәнерлілігін түсінуге, сонымен қатар олардың семантикалық жағын қабылдауға үйрету керек. Оларға сөйлеу тіліндегі сезімдерін жеткізу үлгілерін ересектер көрсетіп және бұл сезімдер балаға жететініне көз жеткізу маңызды. Сондай-ақ баланың өзіндік сезімдерін оятуға ықпал ету керек.

Төртінші заңдылық: сөйлеу тілінің нормасын меңгеру баланың тілдік сезімдерін дамытумен тікелей байланысты. Балаларда сөйлеу тілінің тілдік белгілерді қолдану қалпын есте сақтауы пайда болса онда ана тілі меңгеріледі. Егер баланың сөйлеу тілінде тілдік белгілерін қолдануын есте сақтау қабілетінің үйлесімділігін (синтагматиканы), өзара тілдесу мүмкіндігін (парадигматиканы) және әртүрлі сөйлесу жағдайлары (стилистика) орындалу мүмкіндігі болса онда ол ана тілін меңгереді.

Балада лексиканың дамығанын түсіну үшін оның туынды сөздердің мағынасын қалай меңгередінін бақылау керек. Бұл заңдылықты балабақша тәрбиешілері үнемі қадағалап отырады: баланың сөйлеуі неғұрлым дамыған болса, өлендер мен ертегілер, әңгімелерді есте сақтауы оңайырақ болады, және оның мазмұнын жеткізе айтуда қиналмайды.

Сонымен, ана тілін меңгерудің табиғи процесінің келесі заңдылықтары бар:

1) сөйлеу тілі барысында баланың артикуляциялық аппаратының әрекетімен "тіл материясы" игерілсе, ана тілі меңгеріледі. Кенестикалық (тіл қозғалтқыштары) сезімінің дамуы;

2) егер баланың лексикалық және грамматикалық дағдылары синхронды болса, әр түрлі деңгейдегі жалпылама сөздерің мағынасын түсінуі қабілеттілігін дамытса, ана тілі меңгеріледі. Бұдан баланың ойлауы мен қиялы дамиды;

3) егер баланың сөйлеу тілінің экспрессивтілігін меңгерумен қатар лексикалық және грамматикалық бірліктерді түсінуін қоса дамытатын болса болса, ана тілі меңгеріледі. Бұдан баланың эмоционалды ерік жігер сферасы дамиды;

4) егер баланың сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дұрыс (нормаға сәйкес білу яғни тілдік сезімі дамитын болса, ана тілі меңгеріледі. Бұдан баланың есте сақтауы дамиды.

5) егер алдыңғы кезеңінде баланың сөйлеу тілін дамыту мүмкіндіктері толықтай жүзеге асырылса, келесі кезеңде баланың сөйлеу тілін байыту, меңгерту үдерісі тезірек және оңай жүреді.

Әрбір тілдік дағды белгілі бір танымдық қабілеттерді дамытып, (сезіну, есте сақтау, ойлау, бейнелеу) және эмоционалды ерік-жігер сферасын қалыптасатындықтан және ана тілін меңгерудің табиғи үдерісінің заңдылықтарын сөйлеу дағдыларының құрылымын жетілдірудің танымдық қабілеттерін эмоционалды және ерікті саласын дамытудың негізі ретінде қарастыруға болады.

Бала дамып келе жатқанда "тілдік ережелер" немесе "сөйлеу кезіндегі сезімі" ашылады. Осыдан кейін өзін-өзі түзету қабілеті лингвистер "грамматикалық сезім" деп атайтын нәрсенің жетілуінің тән көрінісі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аяпова Т.Т. Сөйлеу онтогенезі. – Алматы: Раритет, 2003. – 280 б.
- 2 Баймұратова Б.Б. Ерте мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту ерекшеліктері. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған дисс.– Алматы, 1970.
- 3 Аралбаева Р.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың (орыс және қазақ) ересектер еңбегі туралы білім меңгеруі барысында сөздігін қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – М., 1991.
- 4 Бақраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған дисс. –А., 1993.
- 5 Метербаева К.М. Қоршаған дүниемен таныстыру арқылы балалардың (5-7 жас) байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – А., 2005
- 6 Өмірбекова К.К., Оразаева Г.С., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Логопедия. Оқулық - Алматы, 2011. - 648 б.
- 7 Сейсенова А.Д. Қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің онтогенезі.– Специальное образование в Казахстане, 2012, №2–32-3766.
- 8 Сейсенова А.Д. Из опыта исследования онтогенеза речи казахоязычных детей. – материалы международной научной конференции «Проблемы онтолингвистики» – 20137 Санкт-Петербург, РГГУ имени А.И. Герцена, 26-29 июня 2013 года. –С7 417-420.
- 9 Есенжолова Г.Ж. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту: Ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар. - Алматы, 2014.
- 10 Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. – СПб., 2007.
- 11 Гвоздев А.Н. Развитие словарного запаса в первые годы жизни ребенка. – Саратов, 1990.
- 12 Гвоздев А.Н. От первых слов до первого класса. – Саратов, 1981.
- 13 Аяпова Т.Т. Сөйлеу тілінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы/Сборник рефератов С 1 НИР. – А., 2004.
- 14 Аяпова Т.Т. Семантика онтогенезі және тілдік белгілердің даму ерекшеліктері. – Алматы, 2001.
- 15 Якобсон Р. Звуковые законы детского языка и их место в общей фонологии// М., 1985. – С. 105-115.
- 16 Штерн В. Психология раннего детства до шестилетнего возраста. – СПб., 1915.

- 17 Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Освоение ребенком родного языка: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Изд-во ВЛАДОС, 2017. – 240 б.
- 18 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2002.
Эльконин Д.Б. К проблеме периодизации психического развития в детском возрасте//Вопросы психологии.– 1971.– № 4.
- 19 Захарова А.В. К вопросу о развитии грамматического строя речи детей дошкольного возраста. – М., 1955.
- 20 Леонтьев А.А. Исследование детской речи. – М.: Наука, 1974. – 333 б.
- 21 Сохин Ф.А. Психолого-педагогические основы развития речи дошкольников: учеб. – метод. пособие / под ред. Ф.А. Сохина. – М.:МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2002. – 221 б.
- 22 Цейтлин С.Н. Речь ребенка: стремление к идеалу//Проблемы онтолингвистики – 2018 : материалы ежегодной международной научной конференции / Российский государственный педагогический университет им. А. И. Герцена, лаборатория детской речи, кафедра языкового и литературного образования ребенка, Межвузовский центр билингвального и поликультурного образования – Иваново, 2018 – С. 11-15.
- 23 Лурия А.Р. Язык и сознание. – М., 1979.
- 24 Лурия А.Р. Развитие речи и формирование психических процессов. – Психологическая наука в СССР. – Т.1.– М. – 1959.– с.516-555.
- 25 Кубрякова Е.С. Аналогия и формирование правил в детской речи // Детская речь: Лингвистический аспект: Межвуз. сб. науч. тр. – СПб., 1992.
- 26 Кубрякова Е.С. Данные о детской речи с общелингвистической точки зрения // Детская речь как предмет лингвистического изучения: Межвуз. сб. науч. тр. – Л., 1987.
- 27 Шахнарович А.М. Проблемы формирования языковой способности//Вкн.: Человеческий фактор в языке: языки порождения речи.– М.:Наука, 1991.-с. 185-220.
- 28 Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6 т. Т. 1/Сост. С.Ф. Егоров. – М.: Педагогика, 1998.
- 29 Лямина Г.М. Развитие речи детей в раннем возрасте. – М., 1964.
- 30 Алексеева М.М., Яшина Б.И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников: Учеб. пособие для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. - 3-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 2000. - 400 с.
- 31 Максаков А.И. Воспитание звуковой культуры речи у дошкольников: пособие для педагогов дошкольных учреждений. – 2-е изд.-М.: Мозаика-синтез, 2005.-64 с.
- 32 Ляховская Ю.С. Особенности словаря старших дошкольников:

хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста. — М., 2000. — С. 223 — 226.

33 Богатырева А.Н. Понимание слов детьми 3—5 лет: хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста. — М., 2000 — С. 209 - 214.

34 Гербова В.В. Занятия по развитию речи во второй младшей группе детского сада: из опыта работы. — М.: Просвещение, 1978. - 128 с.

35 Яшина В. И. Теория и методика развития речи детей: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / В. И. Яшина, М. М. Алексеева; под общ. ред. В. И. Яшиной. — 4-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательский центр «Академия», 2013. — 448 б.

36 Струнина Е.М., Ушакова О.С. Семантический аспект в развитии речи старших дошкольников//Развитие речи и речевого общения дошкольников /Под ред. О.С.Ушаковой. — М., 1995. — С.21.

37 Ядэшко В.И. — Речи детей от трех до пяти лет.- М.,1966. — С. 89-95.

38 Арушанова А.Г. Речь и речевое общение детей: формирование грамматического строя речи: методическое пособие для воспитателей. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Мозаика-синтез, 2005.- 296 с.

39 Розенгард-Пупко С. Формирование речи у детей раннего возраста. — М.,1963.

40 Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. — М.: Педагогика, 1986. — 144

41 Рузская А.Г. Развитие общения дошкольников со сверстниками/ под ред. А.Г.Рузской. — М.: Педагогика, 2009. — 216б.

42 Смирнова Е.О. Особенности общения с дошкольниками: учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «академия», 2000. — 160 с.

43 Цейтлин С.Н. Онтолингвистика в пути//Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена. — Санкт-Петербург, 2018 — № 189. — С. 12-22.

44 Выготский Л. С. Мышление и речь//Собр. соч. — М., 1986. Т. 2.

45 Запорожец А. В., Эльконин Д. Б. Развитие речи//Психология детей дошкольного возраста. — М., 1964.

46 Кубрякова Е.С., Шахнарович А.М. Онтогенез речи и формирование языковой способности человека//Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи. — М., 1991.

47 Исенина Е.И. Дословесный период развития речи у детей. — Саратов, 1986.

48 Зимняя М.А. Речевая деятельность и психология речи//Основы речевой деятельности. — М., 1974.

- 49 Харченко В.К. Корпус детских высказываний. – М., 2012.
- 50 Лепская Н.И. Язык ребенка: онтогенез речевой коммуникации. – РГГУ, 2013. – 151 с.
- 51 Бакиянова Б. Мектепалды даярлық тобы баланың ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту//Наследие ученых Казахстана, глобализация современного образования. Международный опыт и перспективы развития. – А., 2007.
- 52 Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. – М., 1956. – 519 б.
- 53 Щелованов Н.М. Диагностика развития детей раннего возраста. – М.: Эксмо, 2005. – С.15-19.
- 54 Аксарина Н.М. Воспитание детей раннего возраста/Н.М. Аксарина. – М.: Медицина, 2007. – 304б.
- 55 Каверина Е.К. О развитии речи детей первых двух лет жизни.– М.: Гос. изд-во мед. литер., 1950. – 121 б.
- 56 Щелованов Н. М. Развитие и воспитание ребенка от рождения до трех лет. - Москва: Знание, 1969.
- 57 Громова О.Е. Логопедическое обследование детей 2 – 4 лет: методическое пособие. – М.: Сфера, 2014.
- 58 Нищева Н.В. Речевая карта ребенка младшего дошкольного возраста. – СПб.: Детство-Пресс, 2013.57
- 59 Жукова Н. С. Я говорю правильно. – ЭКСПО, 2011.
- 60 Ханина Н.Н. Роль речевого самоконтроля в формировании правильности речи у детей дошкольного возраста. Современная онтолингвистика: проблемы, методы, перспективы.– Санкт-Петербург, 2019, – С. 364-369.
- 61 Леушина А.М. Развитие связной речи у дошкольника // Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста / Сост. М.М. Алексеева, В.И. Яшина. – М.: Академия, 1999. – С. 358 – 369.
- 62 Сейсенова А.Д. Актуальные вопросы онтогенеза речи казахскоязычных детей / Современная онтолингвистика: проблемы, методы, открытия. Материалы ежегодной международной научной конференции. 24-26 июня 2019г. Санкт-Петербург, РГПУ им.А.И. Герцена. Иваново: ЛИСТОС, 2019. – С. 230-233.
- 63 <http://www.ontolingva.ru/sotr.htm>.
- 64 <http://www.ontolingva.ru/publ.htm>.
- 65 <https://www.dissercat.com/content/rechevoi-ontogenez-v-teorii-i-eksperimente>.
- 66 <http://www.cdi-clex.org>.
- 67 <http://wordbank.stanford.edu>.

Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С.

Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің
калыптасу ерекшеліктері

Әдістемелік нұсқаулық

Редактор *А.Д. Сейсенова.*

Технический редактор *Д. Токтарбекова.*

Компьютерная верстка *А. Кабанбаев.*

Формат 60x84\16. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 4,75.

ННПЦ КП 050008, г. Алматы, ул. Байзакова 273 А,
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.